# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

6.12.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№47 (8161)



KÚN TÁRTIBI — САНҒА ЕМЕС, САПАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ — 3-бет

AINA — ТҮТІНІ ТҮЗУ ҰШҚАН МАЛШЫБАЙ — 4-бет

RÝHANIAT — ҚАСҚЫРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ — 7-бет

IMAN — ҚАЙЫРШЫНЫҢ ҚОРЖЫНЫ НЕГЕ ТОЛМАДЫ? — 14-бет


ЖАҺАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ

## «БІЗ БІЛІМ мен МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІНЕ ӨТТІК»

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырыла бастағанына 3 жылға жуықтады. Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының жетекшісі Аида БАЛАЕВА «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беріп, аталған бағдарлама жөнінде кеңінен тарқатып айтты.**

***– Елбасының бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жұмыс істеп тұрғанына үш жылға таяды. Қоғам бағдарламаның мақсаты мен міндетін толық түсіне алды ма? Қоғамдық сананы өзгерту бағытында қандай шаруалар жүзеге асырылды?***

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы мен оның заңды жалғасы іспетті «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегі қоғамдық сананы серпілтуге, ұлттық рухымызды жаңғыртуға зор ықпал етті. Біз бүгін халқымыздың әдебиеті мен өнері, ғылымы мен білімі, мәдениеті мен тарихы, отаншылдық рухы жаңа сипатқа ие болып, осы арқылы жас ұрпақ жаңа даму жолына түсуде деп толық сеніммен айта аламыз.

Бағдарламаның мақсаты – тарихқа тамыр бекіте отырып, жастардың бойына ең бір ізгі қасиеттерді сіңіру, ұрпақтың отаншыл, ұлттық құндылықтарды ұлықтай білетін, білімді, прагматик және ашық саналы болып қалыптасуына ықпал ету. Әрбір азамат бәсекеге қабілетті болса, тиісінше қоғам да бәсекеге қабілетті болады.

Рухани өзгерістерді экономикадағыдай цифрлармен өлшеу мүмкін емес, ол адамдардың ақыл-ойы мен көзқарасындағы, біліміндегі, бір-біріне, қоғамға және өмірге қатынасындағы өзгерістерден көрінеді. Сондықтан кеше мынадай едік, бүгін мынадай болдық деп қорытынды жасауға әлі ертерек. Дегенмен, өз басым бағдарламаның маңызы мен жемісін әлі талай буын ұрпақ зор ризашылықпен айтарына кәміл сенімдімін.

Бұл орайда біз ұрпаққа айқын бағдар сілтей отырып, оған жетудің нақты жолдарын белгілеп берген Елбасы идеясының тереңдігін айрықша атап өтуге тиіспіз. Елбасы әрбір қазақстандықтың ішкі жан дүниесі түбегейлі өзгеріп, заманауи қасиеттерге ие болмаса экономикалық, саяси және басқа да жаңғырулардың бәрі бекер екенін ашық айтты.

Рухани жаңғыру нақты бір мекеменің, я мемлекеттік органдардың ғана жұмысы емес, оны әрбір отандасымыз алдымен өзінен бастауы қажет. Ал бағдарлама аясындағы жұмыстар – осы өзгерістерге ықпал етіп, жол ашатын, адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдыратын әрекеттер ғана. Халықтың өз ынта-жігерімен жасалып жатқан жұмыстар – қоғам бағдарламаның мақсаты мен міндетін түсінеді деуімізге толық негіз бола алады.

«Рухани жаңғыру» аясында атқарылған жұмыстардың бәрін санамалап жату артық болар, ол ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жүр. Сондықтан оның ең сүбелі деген бірқатар тұстарына ғана тоқталып өтейін.

Бір ғана «Туған жер» жобасын алып қарасақ, соңғы екі жарым жылда жалпы сомасы 160 миллиард теңге болатын 2 мыңнан астам жоба жүзеге асырылды. 27 мектеп, 115 балабақша, 154 мәдениет, 41 денсаулық сақтау, 284 спорт нысаны тыңнан салынса, 201 мектеп, 207 балабақша мен 167 мәдениет, 22 денсаулық сақтау, 68 спорт нысаны күрделі жөндеуден өтті. Мұның бәрі бюджет қаражатынан тыс, туған өлкесінің көркеюіне үлес қосуға ынталы меценаттардың қаржысына жасалды.

***– Ал басқа бағыттар бойынша қандай жетістіктер бар?***

– «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында экономика, әлеуметтану, саясаттану, психология және басқа да салалар бойынша ең таңдаулы 48 оқулық қазақ тіліне аударылып, жоғары оқу орындарына таратылды. Бұл оқулықтар OpenU.kz ашық университетінің аясында жалпы оқырманға да қолжетімді. Тағы 30 кітап аударылып, баспаға дайындалып жатыр, көп ұзамай жарыққа шығады.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының аясында «Киелі Қазақстан» виртуалды картасы жасалып, оған жалпыұлттық маңызы бар 185 нысан мен өңірлік маңыздағы 456 нысан енгізілді. «Бозоқ», «Ботай» және «Сарайшық» қорық музейлері салынды, «Ұлытау», «Отырар» және «Тамғалы» визит орталықтарының құрылысы жүріп жатыр. 28 киелі нысанға реставрация жасалды, киелі нысандар инфрақұрылымын жақсарту қолға алынып, 10 мың шақырымнан астам жол салынды.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының аясында өзінің еңбегімен, білімімен табысқа жеткен көптеген жас қазақстандықтар көпшілік үшін шынайы үлгіге айналды. Олардың әлеуметтік маңызға ие жобалары мемлекет тарапынан қолдау тауып, іске асырылуда.

***– «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» – бағдарламаның басты жобаларының бірі. Біз әлемге Қазақстан мәдениетінің қандай үлгілерін ұсына аламыз? Бізде жаңа мәдени тенденциялар қалыптасты ма?***

– Ағылшын қаламгері Сэмюэл Батлер «Әдебиетте, музыкада, көркемсурет пен сәулет өнерінде болсын, кез келген адамның туындысы – оның өзінің портреті» деген екен. Яғни, ұлттық мәдениет – ұлттың келбеті.

Осы тұрғыдан алғанда, төл мәдениетімізді дүниежүзілік өркениет қазынасына қосу – Қазақ елін әлемге таныта түсудің бірегей әрі төте жолы.

Жоба негізгі 4 бағыттан тұратынын білесіздер. «Әдебиет» бағытында үлкен шаруа тындырылды, біз алғаш рет тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиетімізді түгендеп шықтық. Ел тарихында тұңғыш рет қазақ әдебиеті БҰҰ-ның алты тілінде сөйлеп, дүние жүзіне жол тартты. «Әдеби өлкетану» жобасы арқылы төл әдебиетімізге тәуелсіз елдің жаңа келбетіне арналған 50-ден астам тың шығарма қосылмақшы. Басқа бағыттарға келсек, әртүрлі жанрдағы 60 суретшінің



180 жұмысынан арнайы антология құрастырылды. Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Оңтүстік Корея және басқа да елдерде отандық суретшілердің көрмелері өтті.

«Театр және кино» бағыты бойынша 38 отандық фильм 50 кинофестиваль мен 3 кинопремияға қатысып, 28 жүлдеге ие болды.

Астана Опера, Астана Балет сияқты ірі ұжымдармен бірге өңірлік шығармашылық ұжымдар да Франция, Швейцария, Италия, Үндістан, Түркия, Ресей және басқа көптеген мемлекеттерге барып, әлемдік сахналарда өнер көрсетуге мүмкіндік алды.

***– Бағдарлама аясында қазақстандық авторлардың шығармалары БҰҰ-ның негізгі алты тіліне аударылды дедік. Антологияларды шетелдік оқырман қалай қабылдады? Тәржіма сапасы қалай? Авторлар қалай іріктелді?***

– Кез келген елдің шынайы сипаты оның мәдени құндылықтарынан көрініс табады. Оның ішінде, әдебиетті – барлық өнердің шыңы, бүкіл мәдениеттің қазығы деп айтуға болады. Қай дәуірде де халықтың жан дүниесін, болмысын әдебиеті арқылы таныған. Себебі көркемсөз адамдардың ойы мен арманын тереңнен түсінуге мүмкіндік береді, халықтың жан дүниесін айқара ашып көрсетеді.

Біз қазақтың әдебиеті арқылы мәдениетін, мәдениеті арқылы бүкіл болмысын жер жүзіне танытамыз. Осы орайда Елбасының тапсырмасымен поэзия және проза жанрлары бойынша 60 автордың әрқайсысы 600 беттен тұратын екі антологиясы ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріне аударылып шықты. Қазақ әдебиеті жер жүзінің 93 мемлекетінде тұратын 2,5 миллиард оқырманға тек кітап түрінде ғана емес, электронды және аудио нұсқада қолжетімді болады.

►►*6-бетте*

## БАР ҚОЛДАУ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА



**Газетіміздің алдыңғы сандарында жақында ғана қаламызда Балалар мен жасөспірімдер сарайы жанынан ашылған шығармашылық даму орталығы туралы жазған болатынбыз. Аталмыш орталық жұмысымен тәжірибе барысында кеңінен таныспақ мақсатында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов орталық базасында болды. Дина Отарбаева жетекшілік ететін шығармашылық даму орталығында «Туризм және өлкетану», «Жасыл технологиялар», «Stem-зертхана» бөлімдері бойынша жиырма алты үйірме жұмыс істейді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске қосылған орталық ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, заманауи оқу құралдарымен жабдықталды.**

– Біздің орталықта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жеріміздің табиғатын, киелі орындарын кеңінен зерттеу мақсатында өлкетану үйірмесі жұмыс істейді. Бұл үйірме негізінде оқушылар жаз бойы тек Жезқазған-Ұлытау аймағына ғана емес, еліміздің өзге де өңірлеріне саяхат жасайды. Мысалы, биыл ежелгі көшпенділер мәдениетінен сыр шерткен Сауран, Түркістан қалаларына барып, ежелгі тарихи ескерткіштермен танысты. Сол зерттеу жұмыстары негізінде оқушылар қыс бойы ғылыми жобалар дайындап, түрлі байқаулар мен конференцияларға қатысатын болады. Сондай-ақ, біз оқушыларға туризмнің қыр-сырларын тереңінен үйретеміз. Оқушылар тек саяхат жасап қана қоймай, табиғат аясында қалай алау жағу керек, қалай арқан байлау керек, бағытты қалай анықтау керек, ауа райын қалай болжау керек және қалай картамен жұмыс істеу керек деген сауалдарға жауап табатын болады, – деді өз сөзінде Дина Отарбаева.

Кездесу барысында қонақтарға химия үйірмесіне қатысушы оқушылар химиялық қосылғыштар арқылы кемпірқосақтың жеті түсін шығарып көрсетті. Орталықтағы гидропоника кабинетінің жұмысы да жиналған қауымды таңқалдырмай қоймады. Смартфон арқылы өсімдіктерді суару жүйесін басқара алатын жаңа жүйемен таныстырған оқушылар топырақсыз өсімдік егу әдіс-тәсілдерінің қыр-сырын баяндап берді. Гидропоника кабинеті ұжымы жұмысымен танысқан қала әкімі орталықта өсіріліп жатқан өсімдіктерді қала көшелері мен саябақтарын безендіруге қолдануға тапсырма беріп, әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетіндігін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Суретті түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## МАРАФОНШЫЛАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

**Ел Тәуелсіздігінің 28 жылдығына арналған «Нұр-Сұлтан – Түркістан» бағытындағы ультрамарафон қатысушылары біздің қаламызға келіп жетті.**

28 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласынан басталған марафон бір апта ішінде Бетпақдаланы кезіп өтіп, Жезқазған арқылы Қызылорда қаласына жетіп, Түркістан қаласында қорытындыланды. Он адамнан құралған марафоншылар қатарында спортшылар, ультрамарафоншылар, әуеской желаяқтар, елорданың кәсіпкерлері мен құрылысшылары бар.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі V шақырылымының депутаты, Қазақстан Құрылысшылар одағының төрағасы, кәсіпкер Талғат Ерғалиев жетекшілік еткен марафоншыларды қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова және Жезқазған қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Дидар Мүтәліпов бастаған спорт жанашырлары мен бұқаралық ақпарат құралдары қарсы алды. «Астана желаяғы» марафоншылар клубының демеушілігімен ұйымдастырылған «Нұр-Сұлтан – Түркістан» бағытындағы марафон қатысушылары 1400 шақырымды бағындыруы керек.

– Салауатты өмір салтын ұстану – тек жастарға ғана емес, барша адамзатқа ортақ іс деп білемін. Биылғы марафон құрамына нағыз мықты деген жүгіру шеберлері қатысып отыр. Олардың қатарында әлемдік жүгіру марафоны рекордымен бірдей уақыт бірлігін көрсеткен спорт шеберлері де бар. Осынау ағаларыңыздан үлгі алыңыздар. Келесі жылғы марафонымызды Алматы – Нұр-Сұлтан бағытында ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Қатысуға ниеттілер болса, біз қабылдауға әзірміз. Қайда барсақ та бізді үлкен қуанышпен, жылы шыраймен қарсы алуда. Жезқазған – өндірісті қала




екен. Қаланың тұрмыс-тіршілігі бізге қатты ұнады, – деген Талғат Ерғалиев жезқазғандық жастарды спортпен шұғылдануға шақырды.

Кездесу соңында Зина Ақылбекова марафоншыларға Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арнап шығарылған энциклопедияны сыйға тартып, естелік суреттерге түсті.

**Әрдайым полиция формасында көзіміз үйренген тәртіп сақшыларын кавалер формасында, ақ қардай әсем көйлек киген ханымдармен би кешінде көре бермейтініміз анық. Осындай тарихи сәтке біз де куә болдық. Мысты шаһар төсінде алғаш рет полиция офицерлерінің балы өтті. Қарағанды облысы бойынша ұйымдастырылған іс-шараға жиырма төрт жұп қатысты.**

## ЖЕЗҚАЗҒАНДА АЛҒАШ РЕТ

***офицерлер балы өтті***



– Ішкі істер министрлігінің имидждік жоспарына сәйкес жастар жылын қорытындылау мақсатында ұйымдастырылып отырған полиция офицерлерінің балы – облыстың жас тәртіп сақшыларының биік парасаттылығы мен шынайы патриотизмдігін көрсететін маңызы ерекше салтанатты шара. Бүгінгі шараның негізгі мақсаты – ішкі істер органдарының өзіндік дәстүрлерін насихаттай отырып, қазақстандық полицияның беделін көтеру, – деген Қарағанды облысы полиция департаменті кадр саясаты басқармасы бастығының орынбасары Ринат Сүттібаев департамент басшылығы атынан шараны ұйымдастырған Жезқазған полиция басқармасына алғысын білдірді.

Классикалық музыканың негізін салушы әйгілі композиторлар Фридерих Францишек Шопен, Иоганн Себастьян Бах, Вольфганг Амадей Моцарттың шығармаларына вальс биін билеген жұптар одан әрі поляк халқының ұлттық билері полонез бен мазуркада да мың бұрала билеп, көрермендер қошеметіне ие болды.

– Бұл шараға бір ай дайындалдық. Жастарға бір сәт жұмыстан сергіп, өзге де қоғамдық іс-шараларға араласып тұру керек деп ойлаймыз. Облыстың әр аймағынан жалынды, жігерлі жастар келді. Жаңа таныстар, жаңа достар таптық. Жезқазғанға келіп, осындай айтулы шараның бізде бір бөлшегі болғанымызға шын жүректен қуаныштымыз, – деді Теміртау қаласы шығыс полиция бөлімшесінің жұбы Асқар Ахметов пен Дариға Рымбаева.

Бал соңында сахна төріне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Құрметті ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Аманбек Мұқатаев шақырылып, барлық жұптарға және шара барысында өз өнерлерін көрсетіп, ерекше қолдау білдірген жезқазғандық өнерпаздарға Қарағанды облысы полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ерлан Файзуллиннің Алғыс хаттарын табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**


## «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**

**Газетке бір жылға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***

***8 7102 71 00 55, 77 50 25***



SARYARQA-АҚПАРАТ

## МӘЖІЛІС «ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

**Сәрсенбі күні Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды.**

– Заң жобасы педагог қызметінің өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін шешуге, педагогтерге жүктемені азайтуға, оларды көптеген тексерулерден, сондай-ақ, оларға тән емес функциялардан қорғауға, жұмыс істеп жүрген педагогтер үшін ынталандыру шараларын белгілеуге, жастарды мамандыққа тартуға бағытталған, – деді депутат Әбдіманап Бектұрғанов.

Осы орайда ол депутаттық корпус енгізген басты түзетулерге тоқталды. – 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап орта білім беру ұйымдары педагогтері үшін нормативтік оқу жүктемесін 18-ден 16 сағатқа төмендету жөніндегі норма бекітіліп отыр. Білім беру саласындағы өкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беруінің қызметі тұрғысында үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлық ақы мөлшерінде бір жолғы сыйақының төленуін көздейтін норма енгізіледі, – деді Ә. Бектұрғанов.

Оның сөзіне қарағанда, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен марапатталған педагогке 1 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы төлем белгіленеді.

Мәдениет және спорт саласындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының және әскери оқу орындарының мұғалімдеріне магистр дәрежесі үшін 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы енгізіледі.

– Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін басым тәртіппен беруге кепілдік белгіленеді, – деді депутат.

Сонымен қатар, жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы да екінші оқылымда мақұлданды. Құжат Парламент Сенатының қарауына жіберіледі.

Заң жобасын қарау барысында депутаттық корпус бірқатар түзетулер енгізді.

– Мектеп және колледж педагогтері толтыруға міндетті қағаздардың тізбесін әзірлеу мен бекіту жөніндегі білім беру саласындағы өкілетті органның құзыреті белгіленеді. Жоғары оқу орындарының педагогтерінен басқа барлық педагогтерге әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру жөнінде норма қарастырылды. Бұрын кейінге қалдыру тек ауылдық жерде жұмыс істейтін педагогтерге көзделген еді, – деді Әбдіманап Бектұрғанов.

## ЖЕМҚОР ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҮШІН БАСШЫЛАР ЖАУАП БЕРЕДІ

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы Ернар Баянғазин «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның жаңа редакциясына түсінік берді.**



– Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет басшылардың қол астындағы қызметкерлері үшін жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітілуі – жемқорлыққа қарсы күресте жаңа кезеңнің басталуы, – деді Ернар Баянғазин.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұдан былай мемлекеттік саяси қызметшілер, яғни министрлер мен олардың орынбасарлары, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері мен әкімдерінің орынбасарлары, аудандардың әкімдері тікелей бағынышты қызметкерлері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда отставкаға кетуге міндетті.

– Заңның жаңа редакциясына сәйкес, бірінші басшы тікелей бағынышты қызметкеріне қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен соң күнтізбелік 10 күн ішінде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін отставкаға кетуге міндетті, – деп хабарлады аумақтық Департамент басшысы.

Ернар Баянғазин нақты кімдердің жауапкершілікке тартылатынын түсіндіріп өтті:

– орталық мемлекеттік органның басшысы (министр) – оның орынбасарлары, жауапты хатшы немесе аппарат басшысы, аймақтық бөлімшелердің басшылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған кезде қызметінен кетеді;

– облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімі – оның орынбасарлары, аппарат басшысы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі үшін жауап береді;

– орталық мемлекеттік орган басшысының орынбасары (вице-министр) қарамағындағы бөлімше немесе тәуелсіз құрылымдық бөлімше басшысы қылмысқа барса;

– облыс әкімінің орынбасары жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары үшін жауап береді;

– аудан әкімі өзінің орынбасарларына, аппарат басшысына, жетекшілік ететін аудандық атқарушы органдардың басшыларына, ауыл, кент, ауылдық округтердің әкімдері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда орнынан кетеді.

Айта кету керек, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік қызметші лауазымға тағайындаған тұлғаға орнынан кету туралы өтініш береді. Отставканы қабылдау немесе қабылдамау – бұл саяси қызметкерді қызметке тағайындаған адамның құзыреті.

– Егер саяси емес, бірақ «А» және «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісі болса, оған тікелей бағынышты қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартылады, – деді Ернар Баянғазин.

Бұған қоса, аталған норма құқық қорғау органдарында да таратылмақ.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойған еді.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

*Асқар МАМИН:*

# 7 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АУЫЛ ТҰРҒЫНЫНЫҢ ӨМІР САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

**Елбасының тапсырмасы бойынша алдағы жеті жылда «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға назар аударамыз. Соның арқасында 7 млн-ға жуық ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы жақсарады. Бұл ауыл тұрғындарының 90 пайызын құрайды. Бұл туралы ҚР премьер-министрі Асқар Мамин Үкімет отырысында айтты.**

Оның айтуынша, адамдардың табысы мен тұрмыс сапасын өсіру үшін урбанизацияның маңызы өте зор.

– ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында және жақында өткен «Nur Otan» партиясының филиалдарымен кеңейтілген кеңесте 2050 жылға қарай қала тұрғындарының үлесін 70 процентке дейін жеткізу міндетін белгілеп берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің Жолдауында елді урбанизациялау маңыздылығын атап өтті және көші-қон процестерін басқару бойынша пәрмен, шаралар қабылдауды тапсырды. Соңғы бес жылда Қазақстанның ірі қалалары халқының саны 15%-ға артты. Қазіргі уақытта Қазақстандағы қала тұрғындарының үлесі 58,2%-ды құрап отыр. Біз урбанизация процесін нақты басқарылатындай болуына ұмтыламыз, сондықтан қалаларды дамытудың тиісті саясатын одан әрі жүргізу қажет, – деді ол.

Сонымен қатар, ол басты міндет ауылдағы халықтың тұрмыс сапасын арттыру, қаладағыдай инфрақұрылым құру екенін де айтып өтті.

– Сондықтан Елбасының тапсырмасы бойынша алдағы жеті жылда «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға назар аударамыз. Соның арқасында 7 млн-ға жуық ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы жақсарады. Бұл ауыл тұрғындарының 90 пайызын құрайды, – деді Үкімет басшысы.

Премьер-министрдің орынбасары Роман Склярдың айтуынша, ҚР-ның 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары Қуатты аймақтар және урбанизацияның бес реформасына сәйкес келеді.

– Экономикалық өсу нүктелерін анықтау және қолдау қарастырылған. Ол үшін барлық мемлекеттік бағдарламалар мен аймақтық даму бағдарламалары үндесіп, оларды дамытуға бағытталады. Іс-шараларды жүзеге асыру мақсатты трансферлер мен бюджеттік несиелерді бөлу тетіктері арқылы жүзеге асырылды. Барлық шараларға қалалар мен ауылдардың өнімділігін қамтамасыз етеді. «Ауыл – ел бесігі» ірі қалалардың шет аймақтарын дамыту, аймақтық стандарттың жаңа жүйесі және бағдарламада қарастырылған басқа шаралар негізінен біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасын және олардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталып отыр, – деді ол.

# СЕРВИСТІК ПОЛИЦИЯ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Қарағанды облысында сервистік полиция пайда болады. Бұл – өңірдегі полицияның жұмыс принципін өзгертетін пилоттық жоба. Ол құқық қорғау жүйесін адамдарға жақындату және полиция қызметкерлеріне деген сенімді көтеруге септігін тигізеді деп жоспарлануда. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.**



Сервистік полицияға тек құқық-қорғаушылар ғана емес, дәрігерлер, педагогтер мен әлеу-меттік қорғау қызметкерлері кіретін болады. Олар қаланың криминогендік жағдайын зерттейді. Сондай-ақ, жергілікті тұрғындарды толғандырған мәселелер туралы біліп, әрі қарай мәселелерді шешу үшін іс-шаралар жоспарын анықтайды.

Ұлыбританияда және басқа еуропалық елдерде полиция жұмысының моделі негізге алынды. Онда қызметкерлер қоғам-дық пікірге сүйеніп, жергілікті қоғамдастықтармен, құқық қорғау-шылармен, БАҚ-пен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Жаңа форматтағы полиция жұмысы сервистік функцияларды көздейді. Басты міндет – қайғыға тап болған адамға көмектесу.

Жоба аясында әкімдік жанынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық топ құрылады. Оның негізгі мақсаты – проблемаларды тез шешу болып табылады. Бұл топ билік пен полиция өкілдеріне талдау деректерін ұсынуы тиіс. Олар негізгі проблемаларды анықтап, қорытынды шешімдерді анықтайтын болады.

Облыс әкімдігінде өткен жиында өңірдегі пилоттық жобаның жүзеге асырылуы талқыланды. Оған Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, ҚР ІІМ Министрінің орынбасары Алексей Калайчиди, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ бағдарламалар Кеңсесінің басшысы – елші Дьердь Сабо және ЕҚЫҰ трансұлттық қауіп-қатерлер департаментінің полицей қызметінің стратегиялық мәселелері жөніндегі бөлімінің басшысы Ги Вине қатысты.

Жеңіс Қасымбек Қарағанды облысы – сервистік полицияның пилоттық жобасы іске қосылатын Қазақстандағы алғашқы облыс екенін атап өтті.

– Бұл іс-шара Елбасы мен Мемлекет басшысының полиция мен қоғам арасында әріптестік қарым-қатынас құру жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылады. Әкімдік тарапынан жобаға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Біз үшін бұл ЕҚЫҰ тарапынан үлкен сенім білдірілуінің белгісі. Біз қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық тәжірибені енгізуге мүмкіндік алдық, – деді облыс әкімі Жеңіс Қасымбек.

– Біздің пилоттық жоба Қарағанды облысында бірінші болып енгізілгеніне қуаныштымын. Бұл жерде Қазақстанның зияткерлік, еңбек және экономикалық тірегі тарихи қалыптасқан. ЕҚЫҰ тарапынан біз саяси жұмысқа қоғамдық-бағдарлы көзқарасты енгізуге ықпал етеміз. Стандарттар мен әдістерді әзірлейміз. Біз айтып отырған қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сервистік көзқарас тұжырымдамасы жергілікті қоғамдастық проблемаларын шешуге жәрдемдесуі тиіс, – дейді ЕҚЫҰ елшісі Дьердь Сабо.

Ол қылмыс – ең алдымен әлеуметтік құбылыс екенін атап өтті. Халықтың қолдауынсыз бірде-бір салада, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтауда да жетістікке жету мүмкін емес.

– Жүргізіліп жатқан реформа аясында біз ең үздік шетелдік тәжірибені барынша зерттеуге тырыстық. Біздің бірлескен күш-жігерімізді қарағандылықтар дұрыс қабылдайды деп үміттенемін. Жақын арада сіздердің тәжірибелеріңізді еліміздің басқа өңірлеріне жеткізе аламыз, – деп атап өтті ҚР ІІМ Министрінің орынбасары Алексей Калайчиди.

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУГЕ БӨЛІНЕТІН ҚАРЖЫ БІР ЖАРЫМ ЕСЕГЕ АРТАДЫ

**Қарағанды облысында шағын және моноқалалардың жолдарын жөндеуге 2020 жылға 6 миллиард теңгеден астам қаржы бөлу жоспарлануда.**



Осы жылмен салыстырғанда қаржыландыру бір жарым есеге артады. Жол инфрақұрылымын жөндеу жұмыстары қалалар мен ауылдарда «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өткізеді.

Облыстық жолау-шылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бас-шысы Әскербек Халтоновтың айтуынша, биыл облыстық және жергілікті бюджеттен бағдарлама бойынша автожолдарды дамытуға 4,1 млрд теңге бөлінген. 100 шақырымнан астам жол ретке келтірілді. Келесі жылы 120 шақырым кенттер ішіндегі және қала көшелерінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жол сапасын жақсартуға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы да көмектеседі. Биылғы жылы Жаңаарқа, Ақтоғай және Ұлытау ауданында төрт жоба жүзеге асырылды. Қосымша қаражат есебінен 25 шақырым жол жөнделді.

– 2020 жылы Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров және Шет ау-дандарында 15 жобаны іске асыру қарастырылған. Ауылдық елді-мекендерде 150 шақырым автожол ретке келтірілетін болады, – деді Әскербек Халтонов аппараттық кеңесте.

Елбасының тапсырмасын орындау үшін республикалық бюджеттен жергілікті маңызы бар автожолдарды жөндеуді қаржыландыру жалғасады. Алға қойылып отырған міндет – 2025 жылға қарай жергілікті маңызы бар жағ,дайы жақсы автожолдардың үлесін 95%-ға жеткізу. Өңірлерді дамыту Бағдарламасын іске асыру облыстың моно және шағын қалаларының инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек алдағы жобалар үшін құжаттарды уақытылы дайындауды тапсырды.

– Келесі жылы республикалық бюджеттен жолдарды жөндеуге көп қаржы бөлінеді. Облыстық бюджеттен қаржыландыру да ұлғаюда. Біз өз тарапымыздан бәрін нақты пысықтауымыз керек. Жолдардың сапасын жақсарту басым бағыттардың бірі болып табылады, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Облыстың моно және шағын қалаларындағы автожолдардың жалпы ұзындығы 1427 шақырымды құрайды.

# ЖАППАЙ ОҚЫТУ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

**Жалпы білім беру қоры көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан, сондай-ақ, өмірде қиын жағдайға тап болған оқушыларды қолдауға арналған. Әлеуметтік көмекке қаражат жергілікті бюджеттерден бөлінеді.**

Қор әр мектепте қалыптастырылады. Қаражатты қалай жұм-сау жөніндегі шешімді ата-аналар комитетінің мүшелері кіретін алқалық кеңестер қабылдайды.

Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында 2019 жылы жаппай оқыту қорына 1,5 млрд теңге бөлінді. Өткен жылмен салыстырғанда, шығындар 500 млн теңгеге артты.

Заң бойынша жалпыға міндетті білім беру қорына жергілікті бюджеттен аударымдардың мөлшері жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға жұмсалатын шығыстардың жалпы сомасының кемінде бір пайызын құрауы тиіс. Өңірде бұл үлес 2,5%-ды құрады.

1 қазандағы мәліметтерге сүйенсек, бөлінген қаражаттың жартысынан көбі (58,2%) пайдаланылды.

Шығындардың негізгі бөлігі тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жұмсалады. Бұл мемлекеттік қызмет міндетті болып табылады (ҚР БҒМ 13.04.2015 ж. №198 «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы).

Бұл мақсатқа 556,8 млн теңге жұмсалды. Мектеп асханаларында 20 297 бала тегін тамақтанады. Аталмыш көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда мың адамға артық.

7 661 оқушы үшін мектеп формасы сатып алынды. Киім сатып алуға 184,4 млн теңге жұмсалды.

Жазғы демалыс кезінде ба-лаларды сауықтыру үшін 120,7 млн теңге жұмсалды. Бұл көмек түрін 9 847 оқушы алды.

704 оқушыға 10 млн теңгеге қаржылай көмек көрсетілді.



Жалпы оқыту қорынан көмек кімге тиесілі?

– мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

– жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік АӘК алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;

– отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

– Төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті қажет ететін от-басылардан шыққан балаларға;

– білім беру ұйымының алқалы басқару органының шешімі бойынша өзге санаттағы оқушылар.

*Бет материалдарын әзірлеген* **Дархан МҰХАН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# САНҒА ЕМЕС, САПАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

**Ел ордасы Нұр-сұлтан қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясы аймақтық филиалдары басшыларымен кездесті. Жиынға қаламыздан «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов және Жезқазған қалалық мәслихатындағы депутаттық фракция жетекшісі Светлана Жумкина қатысып қайтты.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Осыған орай, аталған жиынға өзек болған мәселелерді тұрғындар арасында кеңінен түсіндіріп, насихаттау мақсатында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Бегімов және Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, депутаттық фракция мүшелері, партиялық бақылау комиссиясы және сыбайлас жемқорлыққа карсы комиссияның мүшелері, партиялық кадр резервінің мүшелері, қаламыздағы мемлекеттік және өндірістік мекеме басшылары, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен жиын өтті.

– Еліміздің әрбір аймағы, ең шалғай аудандары мен ауылдарын дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін «Nur Otan» партиясының бас штабы Елордада барлық аймақтық филиал өкілдерін жинады. Елбасы Президент әкімшілігі, Үкімет пен «Nur Otan» партиясы басшылықтарына мемлекеттік саясатты дамытудың негізгі бағыттары, сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және елдің жетекші саяси күшінің жұмысын қайта жаңғырту бойынша қабылданған шаралар туралы кеңінен баяндады. Партиялықтар үшін алғаш рет арнайы оқу-жаттығу тобының отырысы ұйымдастырылды. Аталмыш жиында Елбасы мол міндеттер жүктей отырып, нақты тапсырмалар берді. Аталмыш жиында Елбасы бірінші кезекте, ел ауызбіршілігін нығайту жолында партия жұмысын да қатаң қолға алуды тапсырды. Сондай-ақ, тек партия құрамын сан жағынан емес, сапа жағынан өсіруге тапсырма берді, – деді жиын басында сөз алған қала әкімі Қайрат Бегімов.

Жиын барысында алғашқы болып мінберге көтерілген Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова партия жиынында айтылған тың жаңалықтарымен бөлісті.

– Нұр-Сұлтан қаласында 24-25 қараша күндері өткен «Nur Otan» партиясы аймақтық филиалдары өкілдерімен басқосудағы алған мәлімет, пікірталаста айтылған ойлар біз үшін болашақта атқарылатын жұмыстардың негізін қалыптастырды. Келер жылға арналған идеологиялық міндеттердің негізгі бөлігі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қызметі, адам құқықтары саласында реформалар мен іс-шаралар әзірлеу, сонымен қатар 2025 жылға дейінгі азаматтық қоғамды дамытудың орта мерзімді тұжырымдамасын қабылдау. Осы аталғандардың барлығы партияішілік алаңдарда толыққанды талқыланып, олар бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар дайындау керек деп есептеймін», Қазақстан премьер-министрі кеңсесінің басшысы Дархан Қалетаев. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов өз сөзін Елбасының стратегиялық бастамаларын іске асыру мен Мемлекет басшысының қазақстандықтардың тұрмысы мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталған тапсырмаларына арнады. Үкімет қалалардың шет аймақтарын мен инженерлік инфрақұрылымды дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге бөлінетін қаржыны көбейтуді көздеп отыр. 2024 жылға қарай аймақтарды дамытудың жаңа стандартына сәйкес, 3477 ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету, жолдарын жөндеу, әлеуметтік нысандар салу арқылы жаңарту жоспарланған. Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, қала мен ауылдың білім берудегі, спорттық құрылыстардың қол жетімділігіндегі алшақтықты жою бойынша жұмыстар жалғасуда. Денсаулық сақтау мекемелерін медициналық техникамен жабдықтау деңгейін 70%-ға және одан да жоғары деңгейге жеткізу жоспарланған. 2020 жылы мұғалімдердің жалақысы 25%-ға, мәдениет, өнер және мұрағат қызметкерлерінікі орташа есеппен 30%-ға көтеру көзделуде. Ал дәрігерлердің еңбекақысын 30%, медбикелерге 20%-ға көбейтіледі деп күтіліп отыр, – деді өз баяндамасында Гүлмира Қаженова.




– Біз басқосуда осы бағытта жүргізілген жүйелі жұмыстармен, іс тәжірибелермен таныстық. Соның ішінде бірнеше облыста праймериз өткізудің негізінде жүргізілген эксперименттік жұмыстардың нәтижесі талқыланды. Нәтижесінде праймериздердің тиімділігі анықталды: біріншіден, праймеризге барлық мүдделі азаматтар қатыса алады; екіншіден, үгіт-насихат жұмыстары ашық, демократиялық жолмен өтеді; үшіншіден, дебат арқылы кандидаттың шешендігі, өңір проблемасын қаншалықты білетіндігі, шешу жолдарын ұсынудағы тапқырлығы, сайлаушыларын сендіру шеберлігі анықталады. Демек, өз ішінде осындай іріктеу, сұрыптау, сапалық сүзгіден өткізу әлдеқайда тиімді әрі бұл бастама саяси жаңғыртулар жолындағы жаңа қадамдардың бірі болмақ. Жалпы праймериздердің ұйымдастырылуы және өткізілу барысы еліміздің саяси жүйесінде жыл өткен сайын байсалды сапалық өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығын көрсетеді. Бұл – ең алдымен демократияландыру үдерісін дамытудың, саяси модернизациялау мәселелерін шешудің жемісі деп бағалауға болады. Елбасымыздың партияны қайта жүктеу туралы ұсыныстары биліктің барлық деңгейлерінде партиялық жауапкершілікті арттыру қажеттігін алға тартады. Бастауыш партия ұйымын кеңейту мәселелері төңірегінде де бірнеше ұсыныс, пікірлер айтылды. «Nur Otan» партиясының негізгі тірегі, оның «ядролық электораты» екені анық. 14 аймақта партия мүшелерін біріктіру және жаңа адамдарды тарту мақсатында партияның кадрлық резервіне пилоттық іріктеу жүргізілген болатын. Соның ішінде бірнеше облыста праймериз өткізудің негізінде жүргізілген эксперименттік жұмыстардың нәтижесі талқыланды. Нәтижесінде праймериздердің тиімділігі анықталды: біріншіден, праймеризге барлық мүдделі азаматтар қатыса алады; екіншіден, үгіт-насихат жұмыстары ашық, демократиялық жолмен өтеді; үшіншіден, дебат арқылы кандидаттың шешендігі, өңір проблемасын қаншалықты білетіндігі, шешу жолдарын ұсынудағы тапқырлығы, сайлаушыларын сендіру шеберлігі анықталады. Демек, өз ішінде осындай іріктеу, сұрыптау, сапалық сүзгіден өткізу әлдеқайда тиімді әрі бұл бастама саяси жаңғыртулар жолындағы жаңа қадамдардың бірі болмақ, деген Светлана Жумкина бастауыш партия ұйымдары хатшыларының жұмысын жандандыру және хатшылардың жылына бір рет ауыстырылуын қамтамасыз ету және олардың төрағаларының сапалық құрамын қарап, оларды оқыту, ұйымдар құрамына толық аудит жүргізуді тапсырды.



Сондай-ақ, жиын барысында баса назар аударылған мәселе – партия құрамын тазарту жайы. 2019 жылдың 1 шілде мен 15 қараша айлары аралығында өткен аудиттың қортындысы бойынша 108290 адам партия қатарынан шығарылған. Бірақ, бір қуантарлығы – Қарағанды облысы бойынша партия құрамынан шығарылғандардың жоқтығы.

Фракция жетекшісінен соң мінберге «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы «Сарыарқа» бастауыш партия ұйымының төрағасы, Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан көтерілді.

– Елбасы, Партия Төрағасы біздің алдымызға жаңа заманның сын-қатерлеріне сай жұмыс атқару міндеттерін қойып отыр. Заңнамаға енген соңғы өзгерістерге сай, алдағы уақытта жергілікті мәслихаттардың да жұмысында жаңа серпін байқалуы тиіс. Бұл өз кезегінде партиялардың жергілікті жерде, ел арасында белсенді жұмыс істеуіне жол ашады. Қыруар бюджет қаражаты жұмсалып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуы ғана емес, олардың әу бастан дұрыс жоспарлануы партияның, оның депутаттық фракцияларының қырағы назарында болуы қажет. Бүгінде Үкімет өңірлерді дамытуға, әсіресе ауылдық жерлерде инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған оң бастамаларды жоспарлауда. Мысалы, 2026 жылға дейін ауылдарды қолдау үшін ел бойынша 2 триллион теңгеге жуық қаражат жұмсалмақ. Алдағы 3 жылда халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 560 миллиард теңге бөлінеді. Бұл бағдарламалардың бір бөлігі біздің аймақта да жүзеге асатыны сөзсіз. Қазірдің өзінде қалаішілік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша аз жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Бұл қаражат тиімді жұмсалуы, жұмыс сапалы атқарылуы үшін, әрине, қоғамдық, оның ішінде партиялық бақылаудың қажеттігі айтпаса да түсінікті, – деген ол барша активке қатысушыларды Елбасы мен Президентіміз жүктеген мақсат-міндеттерді белсенді жүзеге асыруға шақырды.

Шара соңында қала әкімі партия құрамына жаңадан қосылған жастарға партия билетін табыстап, құттықтау лебізін білдірді және алдағы уақытта барша партия мүшелерінің еңбектеріне сәттілік тіледі.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Еліміздің көшбасшы партиясының төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған «Nur Otan» партиясы аймақтық филиалдары өкілдері Елордаға жиналып, «нұротандықтардың» алдына нақты мақсат-міндеттер қойылғаны белгілі. Осы ретте «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалында кеңейтілген отырыс өтіп, межеленген жоспарларды жүзеге асыру барысы талқыланды.**



# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Кеңейтілген отырысқа шақыртылған филиалдың саяси кеңес мүшелері, партактив мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары мен бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, сондай-ақ, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен кәсіпорын басшылары толығымен қатысты.

Жиынға төрағалық еткен «Қазақмыс» корпорация» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бауыржан Шыңғысов:

– Президент Әкімшілігі, Үкімет және «Nur Otan» партиясының басшылығы қатысқан жиында Нұрсұлтан Әбішұлы партия мүшелеріне мемлекеттік саясатты дамытудың негізгі бағыттары, сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және елдің жетекші саяси күшінің жұмысын қайта жаңғырту бойынша нақты тапсырмалар берді, – деп кеңейтілген отырыс жұмысын бастап, оның жұмысына сәттілік тіледі.

Алғаш болып мінберге шыққан партия филиалының партиялық-ұйымдастыру жұмысы секторының меңгерушісі Сәкен Смағұлов Елбасы жүктеген негізгі басымдықтарды негізге ала отырып, баяндама жасады.

– «Nur Otan» қоғамымыздың бүкіл әралуандығын паш етеді. Біз – барша Қазақстан халқының партиясымыз. Біз – ел болашағына жауапты нақты істер партиясымыз. Қазақстанның өркендеуіне қатысты нық көзқарасымыз бар. Нақты стратегия және жұмыс жоспарлары бекітілді. Қажетті ресурстар қарастырылған» деген Қазақстанның Тұңғыш Президенті бізге зор жауапкершілік жүктеді. Артылған осынау сенім мен міндеттерді өміршең ету арқылы біз елімізді өркендеудің белесіне шығаратын боламыз, – деген Сәкен Жақияұлы партия халықтың мүддесін қорғауды бәрінен жоғары қоятынын тілге тиек етті.

Нұрсұлтан Әбішұлы партияластары алдыңдағы өз сөзінде аймақтарда мән беретін мәселелердің көптігін жеткізіп, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асуды және жергілікті жұртқа жиі есеп беруді тапсырған-ды. Сонымен қатар, өңірлердің өмірін жақсартудың бірден-бір жолы ауылдың жағдайын оңалтуда екеніне де назар аудартты. Шынында, «Ауыл – ел бесігі» демей ме?! Ауылдағы ағайынның ахуалы жақсарса, халықтың әл-ауқаты да арта түспек. Сондықтан, партия төрағасы ауылдардың инфрақұрылымын дамытып, әлеуметтік нысандарды көбейтуді күн тәртібінен түсірмеу қажеттігін айтты. Үкімет қабылдаған өңірлерді дамыту бағдарламалары ауылдарды қолдауды, жаңа жұмыс орындарын құруды және әлеуметтік мәселелерді шешуге арналғандығын атап өтті. Аталмыш бағдарламалар шеңберінде 2026 жылға дейін ауылдарды гүлдендіруге шамамен 2 триллион теңге бөлу қарастырылуда. Сонымен бірге үш жыл ішінде халықты таза ауызсумен қамту үшін 560 миллиард теңге жұмсау қарастырылған. Бұл жоспар сәтте орындалса 2023 жыл соңына қарай барлық ауыл сапалы ауызсуға қол жеткізетін болады. Жұртшылықты алаңдатқан тұрғын-үй мәселесі де қаузалмай қалмады. 2020-2025 жылдары шамамен 1 миллион пәтер тұрғызылады деп жоспарланған. Осы бес жылдықта қолжетімді тұрғын-үйдің несиелік пакеттері ұсынылмақ. Шағын және орта бизнесті қолдаудың шараларын күшейтіп, жас қазақстандықтарға мол мүмкіндіктерге

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

жол ашу, жер-жерде еліміздің бас партиясының рөлін арттыру, халықпен жұмыстың тиімділігін көтеру мақсатында партияның қоғамдық қабылдауының белсенділігін арттыру сынды өзекті тақырыптар да кеңінен тарқатылды.

Келесі сөз кезегін алған медициналық орталыққа қарасты бастауыш партия ұйымының төрайымы Гүлдана Аханова Елбасының тікелей бастамасымен қабылданған ұлт жоспары – 100 нақты қадам, Президенттің бес әлеуметтік бастамасы мен «Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» бағдарламаларына екпін түсіріп, Қазақстан әлемге ұлтаралық келісімнің үлгісін паш еткенін баяндамасына арқау етті. Ал, Ғ.Омаров атындағы шахтапроходкалау тресінің бастауыш партия ұйымы төрайымы Әлия Сәкенова еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты «Nur Otan» партиясының бағдарламалық ұстанымдарын іске асыру кезіндегі бастауыш ұйымдардың рөліне тоқталды.

– Елбасының «Nur Otan» партиясын жаңғырту тапсырмасына сәйкес бастауыш партия ұйымдарының қызметін жандандыру тұжырымдамасының жобасы даярланды. Біз де осы ретте партиялық кадрлармен жұмысты күшейтіп, жергілікті өкілдік органдарында партияның рөлін арттыру, оның жалпыұлттық күн тәртібін құруда белсенді түрде араласуын қамту, партиялық технологияларды жетілдіру, жастармен белсенді жұмыс жүргізу және партиялық білім сапасын арттыру мәселесімен қарқынды айналысудамыз. Бүгінде бастауыш партия ұйымдары партияның іргетасына, басты күшіне айналды. Қазіргі күні партия қолға алған IT сыныптар мен IT орталықтар ашу, кітапханаларды, мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жаңғырту бойынша жобаларды халық арасында насихаттау, түсіндіру жұмысына бастауыш партия ұйымдары белсенді атсалысуда, – деді.

Барлық баяндамашыларды тыңдаған президиум мүшелері өз ойларын ортаға салды. Қалалық мәслихаттың депутаты Станислав Филипович мысты қаладағы педагог мамандарының тапшылығына алаңдаушылық білдіріп, мәселені шешудің нақты жолдарын нұсқады. Ал, Бауыржан Қабденұлы партияның алдындағы беделін түсіріп алмай, қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайларына уақытылы үн қатып, араласу қажеттігін айтты.

Кеңейтілген отырыс әдеттегідей белсенді партия мүшелерін марапаттаумен жалғасты. Бұл жолы «Қазақмыс Корпорация» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының бастауыш партия ұйымдары төрағалары құрметтелді. Олардың қатарында Силар Қияқбаев, Айгүл Жүнісова, Мұрат Бөрібаев пен Гүлдана Аханова, Сандуғаш Құдасбаева, Сержан Жақсыбеков, Рая Әбсалықова, Ақгүл Искакова, Асылхан Сәдуақасов пен Светлана Мухамеджанова бар. Еңбек жолын енді бастаған жастар жағы да елеусіз қалмады. Жезқазған мыс қорыту зауытына, байыту фабрикасы мен қалалық сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнына жұмысқа алынған бір топ жасқа салтанатты түрде партиялық билеттер тапсырылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# ЕСІМІ ЕГЕМЕНДІКПЕН ҚАТАР АТАЛАДЫ

**Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі қазақ халқының тарихында алтын әріптермен жазылды. Себебі, ол Тәуелсіз Қазақстанды құру ісінің тізгінін қолына алып, ең қилы тар жол, тайғақ кешу кезеңдерден халқымен бірге сүрінбей өтіп, бүгінде әлем мойындаған жаңа мемлекеттің іргесін қалады. Жаңа қала тұрғызып, оны ел жүрегіне айналдыра білген ұлт көшбасшысы небәрі ширек ғасырдың ішінде барша қазақ халқын болашаққа бағдарлап, төрт құбыласын түгендеп берді. Кемеңгер ата-бабаларымыздың жолын жалғаған, есімі егемендікпен қатар аталатын Елбасыға қандай құрмет көрсетсе де көптік етпейді. Сондықтан, өзін егеменді ел ретінде жариялап, алғашқы Президентін сайлаған тарихи күн 1 желтоқсан мемлекеттік мерекеге айналды. Мерейлі мереке Тұңғыш Президент күнін мысты қала жұртшылығы да шат-шадыман көңіл-күймен қарсы алды.**

Қала тұрғындары мен қонақтарын Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне жинаған салтанатты іс-шара апта бойы Елбасы күніне арналып өткен айшықты шаралардың нүктесін қойды. Жиынның шымылдығын түрген Жезқазған музыкалық колледжінің халық аспаптар ансамблі Құрманғазының «Балбырауын», Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйлерін орындап, мерекенің сәнін еселей түсті.

– 1991 жылдың 1 желтоқсанында ел Президентінің алғашқы жалпыхалықтық сайлауы өтті. Бұл күні Қазақстанда Президенттің конституциялық мәртебесі бекітілді. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы оның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру, ұйымдармен халықаралық келісімдер және көп векторлы саясатының арқасында Қазақстан өзін дамуы тұрақты, демократиялы ел ретінде танытты. Біз, қазақстандықтар, өз еліміздің жеткен зор жетістіктеріне қуанамыз және мақтанамыз. Тұңғыш Президент күнін мерекелеу арқылы біз Елбасының мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуына сіңірген еңбегіне құрмет көрсетеміз, – деген қала басшысы Қайрат Бегімов барша жезқазғандықтарды құттықтап, ақ жарма ақ тілегін ақтарды. Және қоғамның дамуы мен қаламыздың өсіп-өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін «Айыртауагро» ЖШС директор Еділ Әбдрахмановты Қарағанды облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттаса, «Қосай KZ» басшысы Марғұлан Утешовке, Қабден Шыңғысов атындағы № 5 орта мектептің қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі Күлзира Куланбаеваға, Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің бас есепшісі Ақнұр Елеубаеваға, қалалық әкім аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманы Жанбота Игенов пен Бизнес және көлік колледжінің әлеуметтік педагогы Салтанат Оразбековаға, кеңгірлік медбибі Мереке Есмағанбетоваға Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын тапсырды.

Ел Тәуелсіздігін тұғырлы ету жолындағы Тұңғыш Президентіміздің еселі еңбегі мен көреген жасампаздығын тілге тиек еткен қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев та марапаттау легін жалғастырып, «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігі Шығыс-Жезқазған кенішінің бөлім диспетчері Светлана Хван бастаған байыту фабрикасының слесарь-жөндеушісі Михаил Козаковке, қалалық емхананың медбибісі Сандуғаш Ақбергеноваға Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын, ал Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті Жанар Арыстанова мен «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы Абай Бағчайдың қоғам дамуы мен қаламыздың өсіп-өркендеуіне қосқан елеулі үлесі қала басшысының Алғыс хатымен еленді.

Киелі Үшқоңырдың топырағында туып, Теміртаудың өндірісінен түлеген Елбасының өмір жолын баян еткен бейнефильммен жалғасқан салтанатты шарада ел басқару ісінен бөлек қолынды серік етіп, жырдан маржан терген Нұрсұлтан Әбішұлының сөзіне жазылған «Үш қоңыр», «Елім менің» әндерін нақышына келтіре орындаған филармонияның жас әншілері көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Өнер мектебінің ұстазы Айнұр Ақтайбекованың жетекшілігімен жетігеншілер ансамблі мен «Шашу», «Нұрсәулемай» би




топтары өнерлерімен көпті сүйсінтті. Күні кеше ғана мысты өлкенің «65 жылдық мерейтойы аясында Ж.Сейілов атындағы «Өнер өлкесінің Жезкиігі» республикалық әншілер конкурсының бас жүлдегері алматылық Азамат Бақбергенов жезқазғандықтарды құттықтай келіпті. Руслан Исмайыл мен Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің оқушыларының орындауындағы «Атамекен» әнімен түйінделген мерекелік шара елдің ынтымағы мен бірлігін сақтаудан айнымаған еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігімен қатар даналығын, қаһармандығы мен кемеңгерлігін паш етті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

▌«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес. Біз Елбасының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Біз шағын елді-мекендерді дамытуға қатысты өте күрделі мәселені шешуіміз қажет. Өңірлік стандарттар әзірленді. Енді оларды үш мыңнан астам негізгі және қанаттас ауылдық елді-мекендерге енгізу қажет» деп, ауылды дамытуға қатысты негізгі міндеттерді сараптап берген болатын. Осыған орай, ауылдық деңгейдегі биліктің жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан мейлінше дербес болуы көзделуде. Алдағы жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері жергілікті өңірдің өз құзыретіне берілетін болады. Осындай ортақ іске серпін беретін оң өзгерістер қарсаңында біз Малшыбай ауылдық округінің әкімі Қайрат БАПАНОВПЕН кездесіп, қалаға қарасты елді-мекеннің қазіргі тыныс-тіршілігі жайлы әңгімелескен едік.**



# ТҮТІНІ ТҮЗУ ҰШҚАН МАЛШЫБАЙ

Малшыбай ауылы – бұрынғы Сарыкеңгір кеңшарының орталығы. Жезқазған қаласынан солтүстікке қарай 90 шақырым жерде, Қаракеңгір өзенінің бойында орналасқан. Сарыкеңгір кеңшары Қаз.КСР Министрлер Кеңесінің 1957 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен бұрынғы Сталин колхозының негізінде құрылған еді. Кеңшар алғашқыда асыл тұқымды жылқы өсірумен, кейінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және мал шаруашылығымен айналысты. Жекешелендіру науқанына дейін 1989-1995 жылдары Жезқазған кен-металлургия комбинатының қосалқы шаруашылығы ретінде жұмыс істеп тұрды. Селолық округ 1997 жылдан бері әкімшілік бағыныштылығы жағынан Жезқазған қаласына қарайды. Қазіргі таңда ауылдық округтегі 83 отбасында 414 адам тұрып жатыр.

Үстіміздегі жылдың басында еңбек биржасына 6 адам жұмыссыз ретінде тіркелген екен. Оның ішінде 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, 1 адам 500 мың теңге грантқа ие болып, екі сиыр сатып алыпты. Ауыл аймағында алтын шаюмен айналысатын Жалтырбұлақ өндірісінің ашылуы да тұрғындарға жаман болмайтын сияқты. Олар осы ауылдың 5 адамын жұмысқа қабылдапты.

«Ауыл тозып барады, халқы қалаға босып жатыр» дегенді кейде естіп жүреміз ғой. Малшыбай ауылы туралы олай айтуға негіз жоқ. Өтпелі кезеңнің талай дауылы мен қиындығынан ел іргесі сөгілмей, аман өтті. Ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөлуде. Бүгінгі күні селолық округте 83 шаруа қожалығы тіркеліп, оның 61-і нақты жұмыс жасауда. Бүгінде 2500 ірі қара, 7650 бас қой-ешкі, 3347 жылқы және 16 түйе өсірілуде. Жалпы округке қарасты жер көлемі 331 128 гектарды құраса, оның ішінде 169592 гектары ауыл шаруашылығына пайдалануға жататын жер. Шабындық жерлердің көлемі 2405 гектардай болады. Мал шаруашылығын одан әрі дамытуға мүмкіндіктер бар. Жеке кәсіп ашып, оны дамытуға байланысты жобаларды жүзеге асыру мақсатында 9 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде 6 шаруа қожалығы ірі қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алуда, 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша қаржы алып, шетелден 71 бас сиыр малын әкелді. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы арқылы өз кәсібін іске қосу үшін 2 шаруа қожалығы 6 млн. 500 мың теңге қаржылай көмек алды.

«Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, елді-мекенді абаттандыру, мәдени бұқаралық жұмыстарды жандандыру бағытында ауыл әкімі ізгі істерге ұйтқы бола білуде. Қайрат Бапанов мәслихат депутаттарының таңдауымен 2018 жылдың мамыр айында сайланып қойылған әкім. Бұған дейін Жезқазған қаласының жұмыспен қамту саласын басқарған. Ауылды көркейту, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға байланысты ойлары мен межелеп отырған жақсы жобалары бар.

– Біздің өңірімізде тұрған Алашахан, Жошыхан, Домбауыл кесенелерінің «Қасиетті Қазақстан» картасына енгізіліп, туризмді дамытуға байланысты тарихи орындарға жол салынатыны ауыл тынысына да соны леп әкеледі ғой деп ойлаймыз. Болашақта ауыл іргесінен тау шаңғысы алаңын, демалыс жағажайын, ипподром салу жобалары бар. Мәселен, қазірдің өзінде жазда біздегі өзен жағасына сырттан қаншама адамдар келіп демалады. Мәдениетті жағажай жабдықталса осыны ауыл тұрғындарының кәсібін кеңейтуге бағыттап, нәсібіне айналдыруға болады. Тұрғындардың демалып, серуендеуіне қолайлы жағдай туғызу мақсатында ауылда ауқымды саябақ салуды қолға алдық. Оған қала бюджетінен 41,5 млн. теңге қаржы қаралып отыр. Саябақ құрылысын «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі арқылы 2019-2020 жылдары жүргізу жоспарланған болатын. Биыл қаралған қаржының 5 млн. теңгесі игеріліп, саябақ қоршауы жасалды. Оның ішінде жазғы кинотеатр, балалар алаңы сияқты игіліктер болады. Қазірде конкурстық рәсімдер өткізіліп, алдағы көктемде ағаш егу және суару жүйелерін жабдықтау сияқты негізгі жұмыстарға маманданған тиісті мекемені тарту көзделуде. Қала бюджетінен ауыл ішін жарықтандыруға қаржы бөлініп, 21 бағана орнатылып қазір көшелерде шам жарқырап тұр. Малшыбай селосындағы көшелерді бір реттілікке келтіріп, көше атаулары мен нөмірлерін беру жұмыстары жүргізілді. Бүгінге дейін 5 көшеге Ұлытау, Сарыарқа, Алаш, Достық, Сарыжайлау атаулары берілді. Бөлінген қаржының 106 мың теңгесіне көше атаулары мен үйлердің нөмірлері жазылған тақташалар жасатып, үйді-үйге ілінді. Көшелерді көркейту мақсатында 100 мың теңгеге билбордтар орнатылып, ауыл ішіне әсерлі көрік беріп тұр, Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша 328 мың теңгеге көше тренажері орнатылып, қаржы толығымен игерілді, – дейді ауыл әкімі Қайрат Мұратбекұлы.

Үстіміздегі жылы «Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ-іне қала бюджетінен 27 млн. 098 мың теңге қаржы бөлініпті. Ауыл әкімінің айтуынша, қаржы бірінші кезектегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Мәселен, әкімдік ғимаратына 26,4 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланыпты. Биыл жылу қазандығын орнатып, терезе айырбастау, батарея тарту жұмыстары атқарылған. Қалған жұмыстар келесі жылдың еншісінде көрінеді. Автомобиль жолдарын күтіп ұстауға 500 мың теңге бөлініп, қыс айларында қар тазалау жұмыстары ойдағыдай жүргізіліпті. Қысқы жылу маусымына да дайындық тыңғылықты жасалғанын атап айтты. Қысқа 704 мың теңгеге 54 тонна көмір алынған. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ауылдың Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу үшін 18,5 млн. теңге қаржы бөліп, қазірде бұл жұмыс сәтімен аяқталыпты. Жаңарған мәдениет үйі Тәуелсіздік мерекесінде есігін айқара ашпақшы. Жалпы ауылдың мәдени өміріне тұрғындардың белсене атсалысып отыруы қуантады. «Туған жер» бағдарламасы аясында



және Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай биылғы сәуір айында шаруа қожалығы иелері мен ауыл тұрғындарының бірлесе ұйымдастыруымен өткен «Сарыкеңгір самалы» атты көктем мерекесі көпшілік көңілінен шыққан шараларға толы болыпты. Оған Жезқазған-Сәтбаев қалаларынан және Ұлытау ауданынан келген қонақтар да қызыға қатысқан. Жыл ішіндегі мерейлі істердің бір парасы осындай көрінеді.

Ауыл әкімі бастаған малшыбайлықтар алдағы жылға да үлкен үмітпен қарауда. Елімізде қолға алынған көп балалы аналарға жасалып жатқан қамқорлық, мұғалімдер мен мәдениет саласы қызметкерлері жалақысының өсетіндігі сияқты оң қадамдар көпшіліктің көңілін марқайтуда. Осы орайда жергілікті биліктің дербес қаржы көзін қалыптастыруға мүмкіндік алуы да ауыл тіршілігін жандандыруға соны серпін береді деген үлкен үміт бар. Ел бесігі – ауыл түтінінің түзу ұшқанына не жетсін, шіркін!

**Амандық РАХҰЛЫ**

# КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

**Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың төрағалығымен Жезқазған қаласы әкімдігі жанындағы кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі комиссия отырысы өтті.**



Комиссия отырысының күн тәртібіне түрлі құқықбұзушылық жасаған жасөспірімдерге қатысты екі мәселе шығарылды. Сонымен бірге, кәмелеттік жасқа толмағандарды қорғау бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру жайы талқыланды.

Комиссия отырысына комис-сия мүшелері Жезқазған қала-сы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлі-мі басшысының орынбасары С.Тұтқышева, М.Құлышева атындағы балалар үйінің директоры Ғ.Жетібаев, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық наркологиялық диспансері» КМК Жезқазған бөлімшесінің меңгерушісі Ж.Әбілхамитов, әділет басқармасының бас маманы Ж.Жолдасова, Жезқазған қаласы ПБ ЖПҚ ювеналды полиция тобының аға учаскелік инспекторы Ж. Құрманбаева, Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ бас маманы І. Түсіпов, білім бөлімінің бас маманы Қ. Мүшенова, прокуратура, БАҚ өкілдері, ата-аналар қатысты.

Отырыста әр мәселе жеке-жеке талқыланып, кәмелеттік жасқа толмағандардың тәртібі мен ата-аналардың жауапкершілігі, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қатысты нақты нұсқаулықтар берілді. Сонымен бірге, жыл басынан бері комиссия жұмысы жоспарының орындалысына қатысты мәліметтер тыңдалды.

Жыл басынан бері комиссия кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты 29 баяндама тыңдаған. Қаладағы жоғары, орта, арнаулы орта оқу орындарында кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар ұйымдастырылып, әдістемелік ұсыныстар әзірленген. Сонымен қатар, қала әкімінің өкімімен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу, суицид себептерін зерделейтін, құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған мобильді топтар құрылған. Ювеналды полиция, оқу орындары, басқа да мүдделі мекемелер арасында жасөспірімдердің қатысуымен болатын құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған нақты байланыс бар.

**Өз тілшіміз**

▌ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# ӘНШІНІҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КОНЦЕРТІ

**Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі Береке Көшенов биыл 70 жасқа толып отыр. Жетпістің желкенін керген әнші мерейтойлық концерттік бағдарламасымен жыл басынан бері облыстың бүкіл аудандары мен қалаларын аралап, халықпен жүздескен болатын. Жезқазған қаласындағы Халықтар достығы мен мәдениеті үйіндегі әншінің мерейтойына арналған «Ән-ғұмыр» атты концерттік кеш осы шаралардың қорытындысына айналды.**




Кәсіби сахнадағы еңбек жолын 1975 жылы Жезқазған облыстық филармониясында бастаған Береке Көшенов 44 жыл бойы халықты әнмен сусындатып, «Жезкиік» ансамблінің құрамында қазақ эстрадасының қайраткері болып келеді. Ол 1977 жылы Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атанған. Еліміздің барлық облыстарында болумен қатар, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Литва, Германия, Исландия елдерінде өнер көрсеткен. Берекенің орындауындағы біраз әндер Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылған. 1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағына ие болса, 2004 жылы Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалінің, облыс әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығының иегері. Концерттік кешті Береке Көшенов Е.Хасанғалиевтың «Жанарым» әнімен ашты. Бұл әнді ол осыдан 43 жыл бұрын 27 жасында Германия көрермендерінің алдында шырқап, зор қошеметке бөленген еді. «Жанарым» әнші шығармашылығының шырқау биігіне айналған сүйікті туындысы. Бекең 70 жаста да жанына жақын әнді сахнада ойнақтап жүріп, ойдағыдай орындап берді.

Одан әрі талай жыл өнер айдынында қатар жүрген тума талант, сыршыл сазгер Жақсыкелді Сейіловтің «Кездесу», «Жезкиік» әндерін шырқаған әнші арасында халық әндері мен өз туындыларын да әуелете орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Бекеңнің өлең жазып, ән шығаратын өнері бар екенін жұртшылық жақсы біледі. «Көңілімнен ұшады кептер өлең», «Жырлайды жүрек» және басқа да жыр жинақтары жарық көрген. Әдемі кеште әсерлі өлеңдерін оқуға да кезек тиді. Сонымен қатар, Б.Көшеновтің соңынан ерген шәкірттері, бүгінгі танымал әншілер Зәуреш Омарова, Руслан Исмаилов және Әміре Қашаубаев атындағы конкурстың лауреаты Қайрат Әбеуов мерейтой иесінің әндерін орындап, мерейін көтеріп тастады. Кеш барысында әріптестері мен мәдениет саласының өкілдері әншіні мерейтойымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

**Амандық РАХҰЛЫ**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

**2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 340 мыңнан астам көпбалалы отбасы жаңа мемлекеттік жәрдемақы алатын болады.**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мамандарының болжамы бойынша 4 немесе одан көп баласы бар 346 мың отбасы көпбалалы болуына байланысты мемлекеттік жәрдемақыға үміткер бола алады. Айта кетерлігі, аталған жәрдемақы енгізілгеннен бастап Қазақстандағы көпбалалы отбасылар санының артуына байланысты алушылар саны да артуы мүмкін.

Аталған мемлекеттік жәрдемақыны енгізу Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша ҚР Еңбек министрлігі әзірлеген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде (бұдан әрі – АӘК) көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың негізгі үш бағытының бірі болып табылады. Таяуда ҚР Еңбек министрлігі тиісті заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізуді жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталған мемлекеттік жәрдемақы 4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан төленеді деп жоспарлануда. Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері бала санына қарай сараланады. Яғни, 4 баласы бар отбасыларға 42 496 теңге, 5 балаға – 53 127 теңге, 6 балаға – 63 757 теңге, 7 және одан да көп балаларға 74 388 теңге төленеді.

Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгені құрайды, бұл 2018 жылдан бастап тағайындалмайтын осыған ұқсас жәрдемақыдан 4-7 есеге көп.

Бұдан бұрын хабарланғандай, ағымдағы жылғы 7 қазанда ҚР Үкіметі отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Қазақстанда 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу жоспарланып отырған АӘК көрсетудің жаңа тетіктерін таныстырған болатын.

«Ең басты принцип – мемлекет көмекке мұқтаж адамдарға, әсіресе балалар мен көпбалалы отбасыларға көмектеседі. Еңбекке қабілетті азаматтар жұмыс істеуі керек. Мемлекет жұмысқа орналасуға немесе шағын бизнеспен айналысуға көмектеседі. Мемлекеттік көмекке – көп балалы отбасыларды қолдау, табысы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету, табысы аз отбасылардағы балаларға берілетін кепілдендірілген әлеуметтік пакет кіреді», – деді Біржан Нұрымбетов.

Министрдің айтуынша, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету республикалық бюджеттен мемлекеттік жәрдемақылар енгізу арқылы қамтамасыз етілетін болады. Бұл мемлекеттік жәрдемақы барлық көпбалалы отбасыларға (4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған баласы бар) табысына қарамастан төленеді.

АӘК табысы аз отбасыларға, соның ішінде көпбалалы отбасыларға төленетін болады. Ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ы тағайындаудың шекті критерийі болып қала береді. Егер еңбекке қабілетті отбасы мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда АӘК төлемі тек оған ғана емес, бүкіл отбасына да тоқтатылады

Табысы аз отбасылардан шыққан балалар үшін кепілдендірілген әлеуметтік пакетті енгізу ұсынылады. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, 6 жастан 18 жасқа дейінгі




балаларды мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп киімімен қамтамасыз етеді, сондай-ақ, оларға мектепке дейінгі жол жүру шығындары өтеледі. Медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетілетін болады.

**Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ТІГІН ӨНДІРІСІНІҢ ӨРКЕНДІ ЖОЛЫ

**«Ютария Ltd» компаниялар Тобының негізі шағын тігін кәсіпорны ретінде 2002 жылы Жезқазғанда қаланғаны белгілі. Осы жылдар ішінде мемлекеттің және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің қолдауымен шағын бизнестен бастаған олар бүгінде жеңіл өнеркәсіп саласындағы танымал өндірістік-инновациялық компанияға айналды. Компания Топтарының құрылтайшысы және бас директоры – Сәуле Шауенова. Ол – Қазақстан Республикасы Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер одағының президенті, Жезқазған аймағы кәсіпкерлері мен өнеркәсіпшілері қауымдастығы басқармасының төрайымы, елімізге танымал бизнес иесі. Өндірістік-инновациялық компанияның Жезқазған өңірінің экономикасын дамытудағы орыны айтарлықтай зор. Елбасы 2014 жылы келгенде ұжымның жұмысымен таныса келіп, жаңа заманға лайық кәсіпорын деп баға берген болатын.**



Компания негізінен экономика мен бизнес салалары үшін арнайы кәсіби жұмыс киімдерін тігеді. Тұрмыстық бұйымдарын да шығарады. Өндіріс жаңа заманға сай жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен



жарақтандырылған. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 2 миллионнан аса тігін бұйымдарын шығаруға негізделген. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында 7 мың шаршы метр, Нұр-Сұлтан қаласында 10 мың шаршы метр тігін өндірісі алаңдары бар. Компанияда 1800 адам еңбек етеді. Осы жылдар ішінде кәсіпорын «Қазақмыс» корпорациясының тапсырысын орындап, әуелдегі шағын тігін өндірісінен үлкен компанияға айналды. Өндіріс аумағы кеңейіп, Шығыс Қазақстан облысы өңірін де қамтуда. Кәсіпорын тынысы туралы айтқанда өндіріс орындарына аса қажетті жұмыс киімдерімен қатар оның аса маңызды бағыттағы арнайы және жеке қорғаныс жабдықтарына арналған киімдерді дайындап, жасап, жүзеге асыру қызметін атап өткен жөн. Аталған өнімдер металлургиялық өндіріске, мұнай өндіру секторына, кеншілерге, энергетиктерге және теміржолшыларға қажет. Бүгінде тігін цехы 150-ден аса киім түрлерін шығарып отыр: шахтер, құрылысшы, кенші, дәнекерлеуші костюмдері, мұнда арнайы комбинизондар, халаттар, өндірістік қолғап, және жылы курткалар дайындалады. Маманның қызметіне қарай әрбір костюм белгілі түсте тігіледі. Жұмыс киімдерін тазартып, жуып беруді де өз қолдарына алған кәсіпорын индустриалдық кір жуу кешенін іске қосты. «Ютария Ltd» бүгінде жалпы 500 түрлі тігін және тоқыма бұйымдарын шығарады.

Топтың өндірістік желілерінде өнеркәсіптік және арнайы тігін машиналары қойылған. Жабдықтардың барлығы автоматты бағдарлама бойынша басқарылады. Тігін өндірісіне қажетті суретші-модельер, тігін өндірісінің инженер-конструкторы, тігін өндірісінің инженер-технологы, пішуші, лекальшы, дизайнер, тігін өндірісінің тігінші-операторы сияқты мамандармен жеткілікті қамтамасыз етілген. Мамандардың білімі тұрақты түрде жетілдіріліп отырылады. Олардың қолдарынан шыққан киімдер мен бұйымдар қазақстандық ең озық үлгі ретінде шетелдік өнімдермен бәсекеге түсе алады. Бүгінде Utari тауарлық белгісі бар өнімдердің сапасына еліміздің алдыңғы қатарлы тау-кен, металлургия және басқа да салалары үлкен сеніммен қарайды. Өнімдерінің басым бөлігі өздерінің басты стратегиялық серіктесі – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мен оның құрылымдарына жіберіледі. Қорғаныс министрлігінің тапсырысын да орындап жүр. Компания 2017 жылы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде жұмыс істейтіндерге арналған имидждік өнімдер мен волонтерларға арналған киім үлгісін де дайындады.

«Ютарияның» өркенді жолы туралы айтқан кезде оның мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік тетіктерін тиімді пайдалана білгенін атап өткен жөн. Компания жұмысын бастаған алғашқы он жылында «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржы институттарының қолдауымен 3 инвестициялық жобаны жүзеге асырды. Оның ішіндегі 2 жоба моноқалаларда жүзеге асырылса, екі жобасы еліміздің «Индустриаландыру картасы» мемлекеттік бағдарламасына енген болатын. Бірінші жоба – «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясындағы 2012 жылы Жезқазған қаласындағы тігін өндірісін кеңейтіп, жаңартудың жүзеге асуы болды. Екінші жоба бойынша басты әріптес «Қазақмыс» корпорациясының құрылымдық бөлімшелері орын тепкен Жезқазған, Қарағанды, Балқаш, Өскемен өңірлерінде индустриалдық қызмет комбинаттары құрылды. Бұл комбинаттарда арнаулы жұмыс киімдерін күтіп ұстау мен кешенді қызмет көрсетудің түрлері жолға қойылды. Үшінші инвестициялық жоба 2013 жылы жүзеге асырылды. Бұл – компания тарихындағы аса маңызды өрлеу кезеңі деп бағалауға болады. Жоба барысында «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағының №1 Индустриалдық паркі аумағында KazTexExpo автоматтандырылған өндірістік кешен салынды. Бұл жоба да «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы қаржылай қолдау арқасында атқарылды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының кепіл болуымен қаржымен қамтамасыз етілді. Өндірістік, қойма, қызметтік және әкімшілік алаңдары екі гектар жерді алып жатыр. Қазір мұндағы өндірісте



тігін және тоқыма бұйымдарының мол ассортименті шығарылуда. Оның ішінде арнаулы киімдермен қатар, ерлердің, әйелдердің және балалардың күнделікті киетін киімдері, орамал, дастархан, төсек жабдықтары сияқты текстиль бұйымдары бар.

Өткен айда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы «Astana Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясына барып, аралап көрді. Жаңашыл өндірістің өнімдерінің сапасы мен сұранысқа сай екеніне көз жеткізіп, болашақта экспортқа шығару мүмкіндіктеріне назар аударды. «Ютария Ltd» әлеуметтік жауапкершілікті жете сезінетін бизнес құрылымы болып табылады. Жаңа жұмыс орындарын құрумен қатар еңбеккерлердің әлеуметтік жағдайларын шешуге де атсалысып отырады. 2015 жылы Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында өз еңбеккерлеріне 2 екі бөлмелік, 2 бір бөлмелік пәтер алып берсе, үстіміздегі жылы 3 отбасына пәтер кілтін тапсырды. Көпбалалы аналарға қамқорлық жасау басты орында. Компания қаладағы барлық қайырымдылық акциялар мен іс-шаралардан шет қалған емес. «Біздің үй» қызметтік жатақханасын күрделі жөндеуден өткізіп, қайырымдылық жобасын іске асырды. Өткен жылы «Жарқын ақыл. Яркие умы» білім және даму орталығын ашып, 16 жасқа дейінгі балалар IT-класс бағдарламасы негіздерін, роботтық техниканы тегін үйреніп, даму студиясымен айналысады. Биылғы Арыстағы төтенше жағдай кезінде де елдік істен шет қалмай, 576 мың теңгенің азық-түлік пен киім-кешегін жіберсе, тағы 1 млн. теңге материалдық көмегін көрсетті.

Компанияның лайықты еңбегіне орай қол жеткізген марапаттары да аз емес. Алғашқы жылдардың өзінде Қарағанды қаласында өткен аймақтық «Алтын сапа» байқауына қатысып, «Тұрғындарға ең жақсы тауар» номинациясы бойынша дипломат болды, республикалық конкурсқа қатысуға мүмкіндік алды. 2009 жылғы желтоқсанда компания «Парыз» әлеуметтік-жауапкершілік бизнесі конкурсының жеңімпазы атанды. Компанияға сенімнің артқандығы сондай, оған әлеуметтік саладағы жобалармен қатар өндірістік бағыттағы кең көлемдегі жауапты істер де сеніммен тапсырылады. Өткен жылғы жұмысының қорытындысы бойынша өндірістік-инновациялық компания 2018 жылы «Атамекен» кәсіпкерлер Ұлттық палатасының «Ұлы Дала Елі» номинациясы сыйлығының жеңімпазы болса, биыл Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығының «Сапа көшбасшысы – 2019» жүлдесін еншілеп отыр. Өңір дамуына өз үлесін қосуды мұрат тұтқан компания заман талабына сай әлі де жұмыстарын жетілдіре отырып, жаңа биіктерден көріне бермекші.

**Амандық РАХҰЛЫ**

**Қала тыныштығы мен тұрғындар қауіпсіздігін нығайту мақсатында жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Кәрімов бастаған полиция қызметкерлері қаламыздағы жеке кәсіпкерлермен кездесті.**



# МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ

– Сөз басын әуелі қаламыздағы түнгі клубтардан бастағым келеді. Себебі, тәртіп бұзушылық ең жиі орын алатын орындар – осы жерлер. Қазіргі таңда Жезқазғанда алты түнгі клуб бар. Олардың ішінде басты төбелес аймағына айналған «Бумеранг» клубы күн сайын тәртіп сақшыларының қатаң бақылауында. Сол себепті, тек түнгі клуб иелері ғана емес, барлық кәсіпкерлер өз мекемелерін қорғайтын күзет қызметін нығайтулары керек. Өйткені, қандай жағдай болмасын басты куә – күзетші, – деді өз сөзінде Аманжол Кәрімов.

Жаңа жыл қарсаңында тойханаларда корпоративтердің жиі ұйымдастырылатынын тілге тиек еткен жергілікті полиция қызметі басшысының орынбасары, полиция подполковнигі Мұқағали Аманбаев былтыр болған сейф ұрлау істерінің биылда орын алмауы үшін үлкен сомадағы қаржыны сейфтерде және кассада қалдырмауды ескертті. Жиынға қатысқан күзет фирмаларының басшыларымен сөйлесе келе, полиция басқармасы басшылары барлық кәсіпкерлерге өз мекемелеріне міндетті түрде күзет сигнализациясын, бейнебақылау камерасын және ғимарат сыртына темір торларды орнатуды тапсырды.

– «Қала – біздің екінші үйіміз» деп жиі айтамыз. Бірақ іске келгенде ақсап жатамыз. Қаламызда түн ішінде белгіленген уақыттан кейін алкогольді ішімдік сататын дүкендер өте көп. Және дүкен иелері бұған тыйым салынғандығын біле тұра осындай заң бұзушылыққа барады. Одан қалса түн ішінде жөн-жосықсыз спирт сататын дәріханаларда жетіп артылады. Ішімдікке тойып алған адам өзге тұрғындардың мазасын алады, қала мүлкіне зардабын тигізеді. Ең қорқыныштысы, қыз зорлау, кісі өлтіруге дейін барады. Сіз спиртті ішімдік сатып пайда тапқаныңызға мәз боласыз. Бірақ сіз сол арқылы өзге қаншама жазықсыз жанның обалына қалатыныңызды, сан түрлі жан түршігерлік қылмыстардың себепкері болатыныңызды ойландыңыз ба?! Бұдан былай қала дүкендері мен дәріханаларына қатаң бақылау орнатылады. Жоғарыда аталған жайттарға сай заң бұзушылық орын алған жағдайда бірінші жолы дүкен иесіне айыппұл салынады, екіншісінде рұхсат қағазынан айрылады, – деді Мұқағали Аманбаев.

Еліміз бойынша тек Шучинск және Қапшағай қалаларында ғана рұқсат етілген ойын автоматтарының әр түрлі жолдармен Жезқазған дүкендерінде де тұратындығы жасырын емес. Соған орай заңсыз түрде қойылған ойын автоматтарын тәркілеу және дүкен иелеріне айыппұл салу мәселелері де кеңінен талқыланып, кәсіпкерлерге ескерту жасалды. Және қазіргі маусымда мал ұрлығының өршіп тұрғандығын айтқан полиция қызметкерлері фермерлерге де қауіпсіздік шараларын нығайтуды тапсырды. Жиында айтылған барлық ескертулер бойынша желтоқсан айының ортасында барлау рейдтері жүргізілетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

СЕССИЯ

# МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

**Депутат Сергей Сурнин төрағалық еткен VI шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті XXVIII сессиясына қалалық мәслихат депутатының 11-і қатысты. Күн тәртібінде шығарылған 14 мәселе қаралмай тұрып, қала басшысы Қайрат Бегімов мәслихаттың қос депутаты Дәулет Тәжібаев пен Сұлтанбек Серікбаевқа салтанатты түрде Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған мерейтойлық медаль тапсырды.**



Алғашқы болып мінберден көрінген қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая баяндама жасап, 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджетке енген өзгерістермен таныстырып, Жезқазған қаласының даму бағдарламасына енген толықтыруларды көптің талқысына салды.

– 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің жобасы келесідей көрсеткіштерді көрсетті. Кірістер 17 млрд 772 млн 810 мың теңге болса, шығындар 18 млрд 876 млн 621 мың теңген құрап отыр. Ресми түрде берілген трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемі 9 млрд 793 млн 691 мың теңгеге жетті, – деген Виктория Александровна мемлекеттік сатып алулардың нәтижесінде үнемделген қаржының мақсатты жұмсалғанын жеткізді. Сонымен қатар, қаланы дамытуды көздейтін бағдарлама жоспарымен егжей-тегжейлі таныстырды. Жалпы аталмыш бағдарламаға мысты өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуды мақсат еткен 18 міндет енген. Олардың төртеуі экономикаға, жетеуі әлеуметтік қамсыздандыру саласына, тағы екеуі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, төртеуі қаланың инфрақұрылымына, біреуі экология мен жер ресурстарына тиесілі.

– Даму бағдарламасы шеңберінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізу жоспарланған. 2020 жылы өнеркәсіптік өндіріс индексін 101,4 %-ға, тау-кен өндірісінің физикалық көлем индексін 101 %-ға, өңдеу кәсіпорындарына құйылатын инвестиция көлемін 106,3 %-ға, негізгі капиталдың инвестициясын 285,9 %-ға, ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемін 112,9 %-ға, сондай-ақ шағын және орта бизнес шығарған өнімнің көлемін 108,7 %-ға жеткізу көзделген. Бұл көрсеткіштерді биылмен салыстырған болсақ, өнеркәсіптік өнім көлемі 18,5 %-ға, негізгі капитал инвестициясы 36,6 %-ға және орта бизнес көрсеткен қызметтер мен шығарған өнімнің көлемі 1,2 есеге артпақ, – деген экономика және қаржы бөлімінің басшысы әлеуметтік қамсыздандыру саласы қамтыған негізгі көрсеткіштерге тоқталды.

Үш ауысымдық оқуды жою мақсатында 2019 жылы 900 орындық жаңа мектептің құрылысы үшін республикалық бюджеттен 1 млрд 246 млн теңге бөлінсе, бүгінде оның 1 млрд 010 млн теңгесі игерілген. Келер жылы жұмыссыздықты жою, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қолжетімді ету, мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындарын жұмысқа тарту, олардың кедергісіз жүріп-тұруы үшін әлеуметтік нысандар мен көліктік инфрақұрылымды дамыту, қала тұрғындарын бұқаралық спортпен қамту, мәдениет нысандарына барушылардың санын көбейту мен жұмыспен қамту бағдарламаларының белсенді шараларын қолдану міндеті қойылған. Сонымен қатар, қаладағы қылмыстық ахуалды оңалту мақсатында да нақты шаралар қолданылмақ. 2020 жылы пайдалануға берілген тұрғын-үй қоры 20 000 шаршы метрді құрамақ. Биылғы көлем 17 393 шаршы метрді құрағанын еске сала кетсек, күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминиум нысандары мен қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық маңызы бар көлік жолдарының үлесін арттыру да көздеген қаланың даму жоспарын мәслихат депутаттары бір ауыздан қолдады.

Шағын және орта бизнестің қарыштап дамуы, жұмыспен қамтылған тұрғындардың көбеюі, әрине, қала экономикасының дамуына септігін тигізбей қоймайды. Сондықтан, мәслихат депутаттары қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов пен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйля Әлкебаеваның баяндамаларын тыңдады.

– 2019 жылдың 1 қазаны жағдайында Жезқазған қаласында шағын және орта бизнес нысандарының саны 5727-ге жетті. Олардың 1027-і – заңды тұлғалар, 4450-і – жеке кәсіпкерлер мен 250-і – шаруа қожалықтары. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында шағын және орта бизнес нысандары өндірген өнімдердің көлемі 10 млрд 608 млн теңгеге жетті. Бұл былтырғы жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда 8,4 %-ға артқан, – деп өз есебін бастаған Кеңгірбай Қоңырұлы биыл өз ісін ашуға бет бұрғандардың саны да еселеп артқанын, соның нәтижесінде шағын және орта бизнес саласында еңбек етіп жүрген қала тұрғындарының саны 13 309 адамға жеткенін айтты. 2019 жылы 44 жаңа жұмыс орнын ашып, 522 млн теңге инвестициясы бар 14 шағын және орта бизнес нысандары қолданысқа берілді. Жыл соңына дейін тағы жеті нысанды іске қосу жоспарланған. 2020 жылы жаңғыртудан өткен «Шаруа» базары, «Самади» гипермаркеті, қонақүй кешені мен сауда-саттық пен ойын-сауық орталығы сынды ірі нысандар қолдануға берілмек. Кәсіпкерліктің аясын кеңейтуде мемлекеттік бағдарламалардың үлесі мол. Кәсіпкерлік саласына көрсетілген қолдаулар саны бойынша облыста Жезқазған Қарағанды қаласынан кейін екінші орында. Жыл басынан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 30 жезқазғандықтың жобасы қолдау тапқан. Осылайша, 205 жұмыс орны сақталып,тағы 107 жаңа жұмыс орны ашылған. Биылғы жылдың ең ірі жобасы ретінде Кеңгір селосы маңында салынып жатқан күн электр станциясын атауға болады. Оған 3,8 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. Мемлекеттік қолдау тапқан «КазХимСинтез» химиялық зауыты мен «СиЖест» құрылыс материалдар зауытын іске қосу келер жылдың еншісінде. «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында төменгі мөлшерлемемен несие алып, жеке ісін дамытқан кәсіпкерлер де баршылық. Ауыл шаруашылығын кәсіп еткендер де мемлекеттік қолдаулардан құр алақан емес. Біздегі шаруа қожалықтары «Сыбаға», «Құлан» бағдарламаларына қатысып, асыл тұқымды мал басын көбейтуді қолға алуда.Осылайша, ірі қара малдың саны 17,9 пайызға, жылқы 5,7 пайызға артып отыр.

Жұмыссыздарды жұмыспен қамту мәселесі де күн тәртібінен түспей келеді. Биыл 3196 жұмыссыз екі қолға бір күрек таба білген. Жастар практикасы мен әлеуметтік жұмыс орындарына тартылғандардың саны өткен жылмен салыстырғанда еселеп артқан. Жұмыссыздық деңгейін төмендетуде «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының рөлі зор. Аталған бағдарламаның бірінші бағыты бойынша 341 жезқазғандық қысқа мерзімдік оқу курсына жолдама алса, 27 қала тұрғынына жеке ісін ашу қаржылай қолдау тапқан.

Сессия барысында Теректі стансасындағы идеологиялық тұрғыдан ескірген көше атауларын өзгеру мәселесі қаралап, бірқатар қалалық комиссиялардың құрамына өзгертулер енгізілді. Сессияның соңғы отырысына төрағалық ету Дәулет Тәжібаевқа жүктелді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖАҺАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ

# «БІЗ БІЛІМ мен МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҢА ДӘУІРІНЕ ӨТТІК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күзден бері біз Лондонда, Париж бен Мадридте, Каир мен Мәскеуде антологиялардың тұсаукесерін жасадық, алда Бейжіңде арнайы таныстырылым жасаймыз. Бұл кітаптар 50 мыңнан астам адресатқа, әлемдік деңгейдегі кітапханалар мен университеттерге, ғылыми және мәдени орталықтарға таратылады.

Антологияларға кірген шығармалар белді, беделді қаламгерлер, сыншылар мен әдебиет саласының мамандары қатысқан отырыстарда талқыланып, іріктелді.

Ұлыбритания, Испания, Франция, Ресей, Қытай және Мысыр елдерінің аударма саласындағы ірі баспа ұйымдарымен, мәдениет орталықтары басшыларымен кездесулер өткізіп, келісімге келдік. Бүгінде біздің жобамызға Ұлыбританияның «Кембридж» университетінің баспасы мен Британ кеңесі, Испанияның Visor баспасы мен Сервантес институты, Ресейдің Жазушылар одағы мен Мәскеу мемлекеттік университетінің баспа үйі, Францияның Мишель де Моль баспасы мен Париж мәдениет бірлестігі, Қытайдың Ұлттар баспасы, Мысыр елінің мәдениет пен білім орталығы секілді ұйымдар атсалысуда.

Жобаны жүзеге асыруда аударманың сапалы болуына ерекше мән берілді. Жолма-жол аударма жасалған соң шетелдік әріптестеріміз Қазақстанға келіп, еліміздің тарихымен, мәдениетімен танысты. Аудармашылар авторлармен сұхбаттасып, аударма кезінде туындаған сұрақтарды талқылады. Бұл аударманы түпнұсқаға мейлінше жақындатып, оның көркемдік сапасына зор ықпал етті. Осылайша ел тарихында тұңғыш рет қазақ әдебиеті әлем тілдерінде сөйледі. Антологиялар қалың оқырманға енді ғана таратылып жатыр. Дегенмен, жобаға қатысқан шетелдік мамандар «Рухани жаңғыру» бағдарламасына, оның ішінде қазақ әдебиетінің антологияларына жоғары баға беріп, жылы лебіздерін білдіруде.

Қазір төл әдебиетімізді дамыту үшін жасалып жатқан қадамдар Қазақ әдебиетінің ренессанс дәуірінің басталуына негіз болады деп ойлаймын.

***– Сіз айтып отырған «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы – әлемнің озық оқу орындары кітапханаларының оқырман билетін қазақстандық студенттердің қолына тапсырумен пара-пар бірегей жоба болды. Бұл оқулықтар біздің білім беру жүйемізді қалай өзгертеді? Гуманитарлық білімнің ең үздік нұсқаларын аудару қазақ тілі лексикасының, пәндік, ғылыми мазмұнының дамуына қандай ықпал жасайды?***

– Әлемдегі гуманитарлық ғылым-білімнің ең озық үлгілерін қазақ тіліне аудару – мыңдаған оқырманның тың идеяларды, бұған дейін біздің ғылыми ортаға сіңіспеген ұғым, түсініктерді ана тілінде түсініп, білуіне жәрдемдеседі. Бұл, әсіресе, ұрпақтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқан сананың ашықтығы бағытында ілгері қадам жасауына мүмкіндік береді. Әлемдік ғылым сыни ойлау, өз бетінше ой қорытып, тұжырым жасау қағидасын ұстанатындықтан, бұл оқулықтар жастарға ой салатын теориялар мен кейстерді ұсынады, қандай да бір идеяны таңдайды.

Екіншіден, жаңа буынның бойында «қазақ тілі басқа тілдерден кем емес» деген сенім қалыптасады. Шынын айтқанда, осы күнге дейін көпшілік сапалы, құнды дүниелер ағылшын, орыс не әлдебір басқа тілдерде шығады деп ойлайтыны жасырын емес. Бұл – объективті жағдай, тиісті оқулықтар мен әдебиеттердің аздығынан көпшілік қоғамдағы құбылыстарға басқа тілдің көмегімен, өзге мәдениеттің тұрғысынан қарауға дағдыланған. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы осы кемшілікті жояды.

Кітаптардың көбі төңіректегі ТМД елдерінде басқа тілдерде жарық көріп үлгермеген. Ф.Котлер, Г.Мэнкью, К.Шваб, С.Пинкер, Э.Гомбрих сияқты ғалымдардың шедевр еңбектерін қазақ тілінде оқу алдыңғы буынның түсіне де кірмегені анық.

Бұл оқулықтардың Қазақстандағы білім беру жүйесіне әсері сырттай қарағанда көп біліне қоймауы мүмкін. Себебі, бұл – ұзақ мерзімді инвестиция, оның қайтарымы келешекте көзі ашық, көкірегі ояу, рухы биік, өзіне, ұлтының болашағына сенімді, білімді азаматтардың жаңа буыны қалыптасқанда айқын көрінеді. Ал таза қолданбалық тұрғыдан қарасақ, оқулықтар әлемнің ең озық оқу орындарының білім жүйелерінің талаптарына лайықталып жазылған. Онда студенттердің коллаборация, коммуникация дағдыларын жаңа деңгейде қалыптастырып, жан-жақты дамуына көбірек көңіл бөлінген. Тіпті мәселенің қойылуынан бастап, кітаптардың құрылымы, безендірілуі, форматы да білім жүйесіне тың серпін әкеледі деп үміттенеміз.

Қазақ тілінің лексикасы туралы да орынды айттыңыз. Меніңше, бұл оқулықтардың ең басты құндылықтарының бірі – қазақ академиялық тілінің дамуына үлес қосуында. Әрине, ғылыми тілдің бұған дейінгі даму үрдісін, алдыңғы буын ғалымдардың еңбегін жоққа шығаруға болмайды.

Дегенмен, түрлі ғылымның салаларын тереңнен қозғайтын бұл оқулықтар әлі де қайраңдап тұрған терминжасам ісіне зор серпін беретіні сөзсіз. Оқулықтардың




әрқайсысы ғылыми айналымға ондаған, тіпті жүздеген жаңа термин әкеліп жатыр. Оның үстіне бұл терминдердің жасалуына сол саланың ғалымдарымен бірге лингвистер мен редакторлар бірдей үлес қосып отыр. Ойлап қарасаңыз, Қазақстанның 130 университетінің студенттері терең талданып, мұқият екшеуден өткен жаңа терминдерді қолданып, білім ала бастайды. Бұл қазір қазақша сөйлемейтін HR-менеджмент, цифрлы педагогика, стратегиялық менеджмент сынды ғылым тілдерін дамытуға, сөйтіп ғылыми жаңалықтарды қазақ тілінде жариялап, қазақ тіліндегі сапалы дүниелердің көбеюіне ықпал етеді. Осы кітаптардың арқасында қазірдің өзінде 10 мыңға жуық жаңа термин мен ұғымды қамтыған тізім қалыптасты. Бұл қазақ тілінің одан сайын қанат жаюына мүмкіндік береді. Біз білім беру мен мәдени қатынастардың жаңа дәуіріне өттік.

***– Уақыт тауып сұхбат бергеніңізге рахмет. Аса жауапты қызметіңізге табыс тілейміз!***

*Әңгімелескен* **Ерлан ЖҮНІС,**
*«Egemen Qazaqstan»*

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ

# «ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ»: ота үстіндегі арудың жүрегі

**«Ұлттық аударма бюросы» биыл «Әдебиет теориясы» атты 5 томдық кітапты аударған болатын. Әлем әдебиетін жаңаша талдау мен оқытуды мақсат еткен авторлардың бұл кітабы қазір әлемде ерекше сұранысқа ие оқулықтар санатында. Кітапты толықтай оқысаңыз, әдебиетті талдау мен түсінудің, оқу мен оқытудың жаңа методикасына жолығасыз. Авторлар әлемдегі үздік әдеби мақалаларды жинақтап, оны арнайы тақырыптық бөлімдерге бөле отырып, мақалалар жүйесіне сай келетін танымал шығармаларды бірге талдайды. Авторлар мен оқырман дискурсқа, ой таласына жүгінеді. Біз бүгін осы кітаптардың жауапты шығарушысы, белгілі ғалым К.Матыжановтың «Әдебиет теориясы» туралы мақаласын ықшамдап ұсынып отырмыз.**

***«Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек».***

**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың**
**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан**

***Әдебиет – «Өмір оқулығы»***

Әдебиеттің теориямен жазылмайтыны, көркемөнердің ешқандай дайын қалыпқа сыймайтын құпия құбылыс екендігі бесенеден белгілі. Дегенмен, ғылым қашанда осы бір тылсым әлемнің сырын ашуға толассыз әрекет жасап келеді. Салыстырмалы түрде айтқанда, бұл – адам өмірінің құпиясын ашуға талпынған ғылыми-тәжірибелік ізденіс тәрізді, ешқашан нақты жауабы табылмайтын, қалыптанған ережесі жасалмайтын, өнердің даму өрісіне ілесіп отыратын ұшы-қиыры жоқ үздіксіз үрдіс. Оқулық авторлары американдық ғалымдар Майкл Райан мен Джули Ривкин бұл құбылысты кітаптың мұқабасындағы сурет арқылы бейнелеп көрсеткен.

Ота үстелінің үстінде жатқан арудың жүрегін қолына алып үңіле зерттеп тұрған дәрігер адам ағзасының құпиясын түсінгісі келетін тәрізді. Осы оғаш әрекеттің өзі адамды алуан түрлі әсерге бөлеп, сансыз сауалдарға жетелемей ме? Сондықтан да кітап авторлары өз ойларын: «Біздің кітапқа енгізген кейбір теориялық толғамдар мұқабадағы… қолына әйелдің жүрегін алып, алаңсыз мұқият үңіліп тұрған ер адамға ұқсауы да мүмкін. Дегенмен бұл еңбектен ота үстеліндегі әйелдің ахуалына алаңдайтын, оның сауығып кетуіне жәрдемші болатын ойларды да табасыз деген пікірдеміз», – деп қайырады.

Демек, әдебиет теориясы – шығарманы қалай жазудың құпиясына баулитын теориялық толғамдар емес, оның ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтап, саралап, қорытынды байламдар жасап отыратын тәжірибелік негіздегі ғылым саласы. Оқулық авторлары да мәселеге осы тұрғыдан келген. Тіпті, олардың көркем әдебиетке деген көзқарасының өзі біздегі кеңестік кезеңде қалыптасқан ұғымнан әлдеқайда кең. «Әдебиет – ауызша баяндаудан бастап (кино, театр және телевизия да соның ішінде), бейнелеу һәм метафора сияқты көркемдік құралдармен түрлендіру тәсілдерін талап ететін барлық шығармашылық саланы қамтиды. Ол – адамның жеке қарым-қатынасынан саясатқа дейінгі адамзат өмірінің барлық өлшемдегі көрінісін қиял көгінде қайта түрлендіру дегенді де білдіреді. Әдебиет өміріміздің барлық арнасын құшағына сыйғызып, оны тұтастай пайымдауға мүмкіндік туғызады. Сондықтан бұл саланы қарапайым тілмен «өмір оқулығы» деп атасақ та жарасады», – деп пайымдайды олар. Авторлар – жиырма жылдан астам уақыт бойына колледжерде қазіргі әдебиет теориясынан сабақ беріп келе жатқан ұстаздар. Осы уақыт ұзақ жылдар бойына жинақтаған тәжірибелерін қорытып, үнемі жетілдірумен болған. Оларды жүйелеу мен ғылыми тұрғыдағы негіздеу бағытында күрделі зерттеу жұмыстарын да жүргізген. Соның нәтижесінде бұрынғы оқу құралдарының ешқайсысына ұқсамайтын құрылымдық тұрғыдан мүлде жаңа сипатта жасалған оқулықтар кешенін жасап шыққан. «Бұл кітаптың тұсауы дәрісханада кесілгенімен, алдағы уақытта қолданылу өрісі өзінің кең шалқарын табатынына, біздің оқыту әдістеріміз мүлде бөлек курстар мен үлкен аудиториялардың да қажетіне жарайтынына шүбә келтірмейміз», – дегенді олар нық сеніммен айтады. Осыншама тыңғылықты ізденістер мен жинақталған материалдар негізінде жалпы көлемі 5 кітаптан тұратын оқулықтар кешенін құрастырған.

Олар әдебиет теориясының ауқымын тек Америка әдебиетінде кең өріс алған «Жаңа критицизмнен кейінгі» (After the New Criticism) кезеңді сипаттайтын толғамдармен ғана шектеп қоймай, әлемде қазіргі әдебиет теориясы деп қабылдап жүрген ұғым-түсініктердің барлығын түгелге жуық қамтыған. Соның нәтижесінде орыс формализмі, жаңа критицизм, структурализм, постструктурализм, постотарлық, психоанализ сияқты аса ауқымды мәселелер аталмыш антологияның мән-мазмұнын күшейтіп, әрқилы теориялық ұстанымдарды жан-жақты жинақтаған, түрлі әдеби курстарда еркін қолдануға болатын мазмұнды оқулық дәрежесіне көтерген. Аталған бес томдық оқулық әдебиет теориясына арналған кіріспеден және төрт томдық антологиядан тұрады.




***«Кіріспедегі» кеңістік***

Кіріспе бүкіл әлемдік әдебиет теориясына қатысты пікірлерді кеңінен қамтыған аңдатпа мен жаттығулар кешенінен тұрады. Оны Майкл Райан жеке өзі жазған. Аталмыш кітап «Орыс формализмі. Жаңа критицизм. Поэтика» деп аталатын тараудан басталып, «Структурализм. Лингвистика. Нарратология», «Феноменология. Қабылдау. Этика», «Постструктурализм», «Психоанализ бен психология», «Марксизм және критицизм теориясы», «Тарихи таным», «Этностық таным», «Байырғы халықтық, постотарлық және трансұлттық таным», «Таным. Эмоция. Эволюция. Ғылым», «Жануарлар. Адамдар. Орындар. Заттар» атты тарауларға жүйеленіп баяндалады. Әрбір тараудың шағын теориялық аңдатпасы бар, одан әрі соған сәйкес таңдаулы классикалық шығармалар талданған жаттығулар беріледі. Бұл – оқулықтың осы уақытқа дейін біз қолданып келген оқу құралдарынан алабөтен айырмашылығын көрсетеді. Еңбекте, әсіресе, кіріспе кітапта жалаң идеологияға негізделген құрғақ теория жоқтың қасы, әрбір ой нақты мағлұматтармен дәйектеліп, тиісті көркем шығарма мысалында талданып отырады. Авторлар жаттығулар барысында да кесіп-пішкен қасаң теориялық қалыпты ұстанбайды, негізгі салмақты әдеби материалдарға, студенттердің өзінің пайым-таразысына салады. Көп жағдайда бұл төңіректе «Сіз не ойлайсыз?» деген сауал жиі қойылады. Былайша айтқанда, теория мен тәжірибе жымдаса өріліп, бірінбірі толықтырып отыратын бірлікте берілген. Тиісті қорытынды шығару айналып келгенде оқырманның өз үлесіне қалады. Оқулықтың алғашқы бетінде «Бұл оқулық төмендегі әдеби шығармалар мысалында оқытылады: Елизабет Бишоп «Толық өлеңдер жинағы» (The Complete Poems); Елизабет Бишоп «Ауылда» (In the Village) әңгімесі; Джозеф Конрад «Түнекке түскен сәуле» (Heart of Darkness); Киран Десай «Тоналғандар мұрасы» (The Inheritance of Loss); Луиза Эрдрих «Дәрігерлікке құштарлық» (Love Medicine); Ф.Скотт Фицджеральд «Керемет Гэтсби» (The Great Gatsby); Тони Моррисон «Нағыз көккөздің өзі» (The Bluest Eye); Элис Манро «Таңдамалы әңгімелер» (Selected Stories); Элис Манро «Отбасы ахуалы: 1995–2014 жылдардың таңдамалы оқиғалары» (Family Furnishings: Selected Stories, 1995–2014); Мэри Шелли «Франкенштейн» (Frankenstein), Уилиям Шекспир «Король Лир» (King Lear). 1997 жылы Ұлттық театр сахнасында режиссер Ричард Эйр қойған, басты рөлді Ян Холм сомдаған «Король Лир» пьесасы студенттерді қызықтырады деп үміттенеміз. Оны DVD жазбасында (ағылшын тілінде) тамашалауға болады» – деген аңдатпа берілген.

Бұлар – оқулықты пайдалану кезінде міндетті түрде оқырманның оқуы тиіс шығармалар.

Осы тұста әлем классикасын қазақ тіліне жүйелі түрде ана тілімізге аударып шығарудың маңызы күн сайын артып отырғанын атап айтқан жөн.

Кітаптың құрылымы бір жағынан хронологиялық жүйемен берілсе, екінші жағынан еркін евристикалық сипат та танытады. Яғни, алдымен, әлем әдебиеттану ғылымының пайда болғанынан бергі даму тарихына қатысты ағымдар мен бағыттар рет-ретімен баяндалса, әдебиеттанудың бұл аяға сыймайтын «Феноменология. Қабылдау. Этика», «Таным. Эмоция. Эволюция. Ғылым», «Жануарлар. Адамдар. Орындар. Заттар» сияқты таза теориялық толғамдар жекелеген тарауларға топтастырылған. Демек, оқу құралы белгілі бір аймақтық немесе мемлекеттік бұлжымайтын идеологияға бағындырылмаған.

Авторлар ежелден қалыптасқан классикалық зерттеулер мен жаңа бағыттағы еңбектерді салыстыра саралаған. Соның нәтижесінде, бізге бұрыннан танымал теориялық ұстанымдар өрісін кеңейтіп, халықаралық деңгейде әлемдік әдеби процеспен тоғысып кеткен.

Мәселен, алғашқы тараудағы «орыс формализмі» сырттай қарағанда бізге таныс ұғым сияқты көрінеді. Шын мәніне келгенде, ағылшындар орыс әдебиетіне үлкен құрмет көрсете отырып, оны әлем әдебиеттану ғылымы тұрғысынан саралап, кезінде кеңестік әдебиеттану ғылымында жете мән беріле қоймаған басқа қырынан ашып, тың тұжырымдар жасайды.

Символистер әдебиеттің формасы оның мазмұны мен идеясында деп білсе, орыс формалист-теоретиктері мазмұнды әдебиеттің түрі анықтайды деп санады. Олар әдеби түрдегі (формадағы) өзгерістер эволюциясын барлай келіп, олардың орта ғасырдағы сюжет құру мәнерінен бастап, XVIII ғасырдың соңындағы еуропалық шытырман оқиғалы романдарға дейін әдебиеттің бір ғана форманың шеңберінде өрбігенін байқайды. Әрине, кейінгі ақын-жазушылар әдебиеттің мазмұнынан бөлек, үнемі жаңаша жазу стилін ойлап тауып отырғанында сөз жоқ. Орыс сыншылары көркем прозаға қатысты маңызды ерекшелікті, оқиға желісіне арқау болып жатқан оқиғалардың өздері «фабула» деп атаған түбірлі негізінен іздеді. Әңгіменің баяндалу мәнеріне баса ден қойған олар басты назарды кейіпкердің психологиялық ахуалына, метафора, эллипсис, троптар, сюжеттік желі, баяндау мәнері, көмкеру, лирикалық шегініс, жанама баяндау, т.с.с. көркемдік тәсілдерге көп көңіл аударды. Осы ұстанымға негізделген орыс формализмінің негізін қалағандардың ішінде Владимир Пропп пен Михаил Бахтиннің есімдері ерекше аталады.

***Әдеби тілдің қандай ерекшелігі бар?***

Бұл оқулықтың тағы бір ерекше қыры ретінде ғалымдардың әдеби тілдің қызметі мен міндетіне арнайы тарау арнағанын айтуға болады. Жалпы, әдебиеттің жаны тіл екендігін, оның көркем кестесін естен шығара бастаған қазіргі заманда оқулықта мұндай тараудың болуы өте маңызды. Бұған XX ғасырдың басында тіл білімінің ғылыми сала ретінде жеке отау тігуі тиянақ болған. Бұл орайда да құрылымдық лингвистиканың негізін қалаған Ресей лингвистерінің еңбектеріне де ерекше мән берілген. Әсіресе, Фердинанд де Соссюрдің тегеуріңді тың зерттеулерінен қанаттанған Мәскеу лингвистика үйірмесінің қос мүшесі – Роман Якобсон мен Николай Трубецкойдың еңбектері зор болды. Якобсонның айтуынша, тілдің әрбір ерекше сипаты олардағы қарама-қарсы жұптарды салыстыру арқылы айқындалады. Осыған байланысты, әдебиет теориясы мамандарына жәрдемі тиетін маңызды құрылымдық лингвистикалық идеялардың негізі салынды. Оған дейінгі тіл білімі сөздерді тек заттың, құбылыстың атауы деп қабылдады. Ал жаңа тілшілер сөздің жүйесінде өзіндік жасырын, астарлы, ауыспалы мағынасы бар деген тың ойды тұжырымдады. Оның әрбір қолданысы өзгеше бір нақты қызмет атқарады. Сөздің маңызы ол бейнелеген рөл арқылы ашылады. Мәселен, тура мағынасында тұр ма, әлде түрленген ауыспалы мағынасында ма? Демек, тіл арқылы заттық мағынаға байланып қалмай дерексіз ойлауға да болады. Тілдің бұл сипаты белгілі бір ойын ережесіне де ұқсайды. Бейнелі тіл сөздің астарлы, ауыспалы мағыналық мүмкіндігін барынша кеңейтіп, оған әртүрлі рең беріп құлпыртады. Бұл ой, әрине, тікелей әдеби тілге қатысты еді. Осы идеяның жетегінде жүрген Роман Якобсон 1920 жылы Ресейді тастап, Прагаға қоныс аударды. Ол Америкаға көшпей тұрып, Парижде біраз аялдап, құрылымдық лингвистика идеясын француз антропологі Клод Леви-Стросқа таныстырады.

Бұдан әрі, авторлар «лингвистика идеясының» француз психоанализ мектебі өкілдеріне әсер еткенін баян етеді. Оның Жак Лаканның еңбегінде молынан көрініс тапқанын айтады. Ол Зигмунд Фрейдтің сана мен бейсана арасына салған белдеуін семиотикалық ұғымдармен қайта көмкеріп шыққан. Ал, француздың ең ықпалды структуралист ғалымы Мишель Фуко бұл арнаны кеңітіп, құрылымдық талдауға «дискурс түзілімі» деген тұжырымды енгізген.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ағылшын тілді елдер әдеби мәтіндерді тарихи тұғыры мен мазмұн-мәнінен бөлек алып қарастыруға кірісті. И.А.Ричардс деген теоретик «Әдеби сын қағидалары» (The Principles of Literary Criticism, 1924) кітабында поэзияның түп мәніне үңілмей, оларды тілдік құбылтудың жемісі ретінде зерделеуге шақырды. Ричардс осы еңбегі арқылы Америка әдебиетінде жаңа критицизм бағытына жол салды…

Оқулықта рет-ретімен баяндалған әдебиет теориясының дамуындағы түрлі кезеңдердің ішіндегі бізге ежелден етене таныс ағым – марксизм. Кеңестік дәуірдің ұранына айналған бұл ағымды американдық ғалымдар әлемдік философия тарихындағы елеулі кезең ретінде қарастыра отырып, оны бүкіләлемдік процестің құрамдас бөлігі ретінде таниды (Ал біз болсақ оны санамыздан ысырып, ұмыта бастадық). Жалпы оқулық авторлары бірде-бір маңызды мәселені назардан тыс қалдырмайды және ештеңені жасанды түрде жоққа шығаруға тырыспайды.

***Әдеби феминизмнің өзегі…***

Екінші дүниежүзілік соғыстың соңынан 1960 жылдарға дейінгі кезеңде әлемде бірқатар төңкерістер орын алып, ғаламдық отарлық жүйе ыдырай бастады. Отар елдер өздерінің еуропалық қожайындарына қарсы бас көтерді. Әйелдер ерлердің үстемдігіне қарсы шығып феминизм идеясы дүниеге келді. Жастар өздерін жазықсыз жандардың өміріне қатер төндірген соғыстарға айдап салып, қанға тоғытқан консервативті әлеуметтік саясатпен күреске шықты. Кеңестер одағында демократ либералдар Сталин орнатқан авторитарлы жүйемен текетіреске түсті. Қара нәсілділер Американың құлдық бұғауын үзуге талпынды. Әдебиет теориясында, өнерде, кино мен әдебиетте де осындай төңкерістер әсерінің орын алуы таңғаларлық дүние емес. Қалай дегенде де, адамдар қанына сіңісті болған патриархалдық, капиталистік, отаршылдық және этностық басым идеология құрсауынан оңай босана қойған жоқ. Мәдениеттегі революция қоғамдағы әдепкі жағдай болып келген осындай нормаларға, сөз жоқ, қарсы келеді және оларды нәсілшілдік пен милитаризм сияқты іріп-шіріген, тозған құндылықтармен қатар қояды. Өнер мұндайлардың бет пердесін сыпырып, аяусыз келемеждеді. Ауыр қылмысын мораль шапанымен бүркемелеген билеуші күштерді сын тезіне салды. Әдебиет қоғам «шындығын» аяусыз әшкерелеу үшін енді «постмодернистік» сарындарға жүгінді. Кинематография, әсіресе, француз «жаңа толқыны» Голливудтің бұрынғы коммерциялық кино өнімдерінен бас тартты. Көне өнер түрлерімен ымырасыз қақтығыс қайтадан радикалды әрекетке ұласты. Сөз жоқ, осы үрдіске орай, әдебиет теориясы да айтарлықтай түрлене дамыды. Алғашқы өзгеріс оқырман қауымның талғамынан басталды. 1940 жылдан 1960 жылдарға дейінгі әдебиет зерттеулерінде үстем көрінген «жаңа критицизм», негізінен, Еуропа мен Америкадағы ақ нәсілді ер қаламгерлерге басымдық беріп келген еді. Азаматтық құқық қозғалысы, феминистер қозғалысы және әлемдегі империализм мен отаршылдыққа қарсы күрестердің көбеюі іштей тынып жатқан мұндай жағдайды астан-кестең етті. Енді тек ақ нәсілді ер-азаматтарды жинап алып, әдебиет курсын оқытатын заман келмеске кетті, әсіресе, бұл құбылыс Америкада қалыптасқан ежелгі дәстүрді ыдыратуға жедел әсер етті. Өйткені мұнда аз ұлттардан шыққан жазушылар мен әйел қаламгерлер көбейіп келе жатқан. Отаршылдар жаулап алған жергілікті халық мәдениеті «ақ шаңқан кенттер» жайлы қаһармандық аңыздардың қолжаулығы болудан қалды. Осындай өзгерістер ұлт пен гендер сарындарын қамтитын жаңа теорияларды дүниеге әкелді. Бұл – әйелдер мен қара нәсілділердің және жергілікті халықтар мен феминстер әдебиетінің нақты сипатына айқын мінездеме беріп, теорияға айналдыруға жол ашты. Джерард Визенор, Эльвира Пулитано секілді ғалымдар, керісінше, жергілікті байырғы әдебиет дәстүрлі, текті мәдени ұстанымдар мен ой-сана көрінісінің көкжиегін кеңейтеді деп ой сабақтады.

***Постотарлық кезеңдегі әдебиет***

Бүкіл әлемдегі отарлауға қарсы күрес және постотарлық мәдениеттің пайда болуы әдебиеттанушыларды империя билігі жағдайындағы әдебиетті жаңаша түсіндіру тәсілдерін іздеуге мәжбүрледі. Эдуард Саид сияқты мамандар империя билігін қолдаған және заңдастырған мәтіндерді зерттеді. Бұл уақытта Гаятри Чакраворти Спивак пен Хоми Бхабха сынды отарлық қамытынан босаған елдердің ғалымдары жас сарбаздардың билікпен күрес тәсілдеріне назар аударды. Ал Пол Гилрой Атлант мұхиты елдеріне тән ұлтаралық жаңа қара нәсілділер мәдениетін тақырыптық арқау етті. Ол – жаңа будан мәдени түрлердің жетілуіне жол ашты. Жазушылар арасында: «Отарлаушы елдердің әдеби түрлеріне бейімделуді жақтаушы ма? Әлде өзінің рухани мұқтаждығын өтейтін әдеби бейнелеу әдісін ұлттық мәдени мұралардан іздеуші ме?» деген сауалдар төтесінен қойылатын болды. Әдебиетте осы сауалдардың арасынан шыққан аралас түрлер біртіндеп бүр жара бастады. Мәселен, Жебрейл Диоп Мәмбети «Гиена» (Hyenas, 1992) атты шығармасында еуропалық пьесаны Африка тарихына бейімдеді. Пьесаны экономикалық отарлауға қарсы пайдаланды. Ал Арундати Рой «Ұсақ-түйектің тәңірі» (The God of Small Things, 1997) кітабында танымал үнді ертегісін қайта жаңғырта баяндап шықты. Бұл туындыдан Джеймс Джойстың «Улисс» (Ulysses) хикаясының әсері айқын сезіледі. Жаңа оқырмандар шоғыры мен олардың көкейкесті мәселесін көтеретін теориялар дамылсыз туындап жатты.

Осылайша, бүкіл әлемде «постотарлық әдебиет» деген атқа ие болған тың арна пайда болды. Және ол жедел дамып, кең өріске шықты. Дәл қазіргі уақытта бұл арнаның тәуелсіздіктен кейінгі қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарын айқындауға зор маңызы бар. Әсіресе, бодандық сананың қасаң дағдыларын бұзып, ұлттық сананы әлемдік өркениет мұхитына апаратын жаңа шығармалар жазуға жол салады деп санаймыз.

***Постструктурализм дегеніміз не?***

Дерриданың 1967 жылы жарық көрген «Жазу және айырмашылық» (Writing and Difference), «Грамматология туралы» (Of Grammatology) және «Геометрияның төркіні» (The Origin of Geometry) кітаптары мен «Дифферанс» (Difference, 1966) эссесі постструктурализм деп аталатын ағымның іргесін қалады. Бұл ағым структурализмдегі заттардың құпия тәртібін іздеуден бас тартты. «Біздің әлемге тәртіп орнатуға арналған жүйеміз уақыт пен кеңістік қозғалысымен өрбіген өмір үдерісіне қалай негізделген?» деген сұраққа назар аударды. Осы қағиданы жұртқа түсіндіру үшін өте көп ұғымдарға жүгінуге тура келеді. Дерриданың ықпалымен Р.Барт «Автордың өлімі» (The Death of the Author) және «Шығармадан мәтінге» (From Work to Text) деген екі маңызды эссесінде структурализм ағымынан постструктурализм ағымына өтті. Дәл осылай, Юлия Кристева да радикал әдебиеттің кейбір түрлері ежелгі «талассыз» мәннің барлық ұғымын күйретті деп ұйғарды. Бұл ағымның қазақ әдебиетіндегі көрінісі де әлі күнге терең зерттелмей келе жатқан келелі мәселе. Постструктурализмнің әлем әдебиетіндегі қалыптасу жолы мен оның ірі өкілдері, басты шығармалары туралы антологияға топтастырылған жүзге жуық мақалалар оның бүкіл болмыс-бітімін ашып көрсетеді. Сондықтан бұл арнадағы зерттеулердің біздің жас әдебиеттанушыларымызға берері мол болатыны сөзсіз.

Америкада деконструкция деп аталатын талдау тәсілі пайда болды. Ол Деррида еңбектерінен бастау алды. Оны алғаш сыннан өткізгендер Поль де Ман, Барбара Джонсон және Дж. Хиллис Миллер болды. Мұндай талдау әдеби мәтіндердің айқын мәнін анықтау мүмкін емес деген тұжырымға сүйенді. Бұрынғы критицизмнің ықпалы әлсіреді, бірақ Дерриданың бірегей айқындаушы (идея мәнді түрде бір нәрсеге қатысты болса, соған тәуелді) деген идеясы маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, бұл этика мен адами/бейадами сияқты қарама-қайшы жұптарды салыстырмалы зерттеумен айналысатын ғалымдар үшін маңызды.

Түйіндеп айтқанда, бұл аударма оқу құралының қазақ әдебиеттану ғылымына салар олжасы аса қомақты деп ойлаймыз.

**Кенжехан МАТЫЖАНОВ,**
**филология ғылымдарының докторы, «Әдебиет теориясы» 5 томдық антологиясының жауапты шығарушы және ғылыми редакторы**

АБАЙ – 175

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ

**2020 жылы 80 жылдық мерейтойын өткізетін Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі әлем танытан ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын және туыстық, ақындық айналасы, зерттеуші ғалым, кемеңгер жазушы М.Әуезов, Алаш арыстары туралы зерттеп, насихаттап келеді.**

Бүгінгі күні музейде 21680 жәдігері, 14692 кітап қоры жинақталған. 80 жылда музей «Бас музей» «Ахмет Риза мешіт-медресесі», «Алаш арыстары – М.Әуезов музей үйі» (Семей қаласында), «М.Әуезов музей үйі» (Бөріліде), «Абай музей үйі» және «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, «Шәкәрімнің саят қора экспозициясы» (Жидебайда), «Көкбай Жанатайұлының музейі» (Тақырда), «Шәкір Әбенұлының музей үйі» (Құндыздыда), «Әсет Найманбайұлының әдеби музейі» (Мақаншыда) бөлімдері, 16 га қорық аумағы бар кешенге айналған. Қазақстандағы алғашқы әдеби музейдің Семей топырағында ашылуына кімдер себеп болды деген сұрақ әркімді мазалары хақ. Музейдің құрылу тарихын тереңдеп қарастырайық.

Музей тарихы 1939 жылы 19 желтоқсанда «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына – 95 жыл толу мерейтойын өткізу жөніндегі» Семей қаласында комиссия отырысынан бастау алады. Жиналыс А.Ақшаловтың төрағалығымен, комиссия мүшелері: Ә.Жиреншин, Н.Баймұратов, Ә.Ысқақұлы, ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы П. Миронов қатысуымен өтеді. Жиын барысында Ә.Жиреншин әзірлеген «Семей қаласындағы Абай үйін ұстау және Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 95 жылдық мерейтойын өткізу шығындары туралы сметаға түсіндірме хатын» ұсынады. Түсіндірме хатта және жоспарда Абай музей үйін қажетті жабдықтар мен әдебиеттер, экспонаттар және архивтік-фотосуреттік материалдармен қамтамасыз ету жайы айтылады. Комиссия мүшелері Абайдың үйі ұлы жазушының әдеби мұраларын жинақтау және сақтау орталығы болуы қажет деп есептеп, музейді жабдықтауға кететін қаржы есебі, яғни Абайға тиесілі заттарды алуға, Абай оқыған орыс және әлемдік классиктер мен ғалымдарының кітаптарын алуға жұмсалатын қаражат қарастырылған. Музей ашылған кезде жұмысшылар, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге, жазушылар мен қала қонақтарына үнемі кеңес беріп отыратын штат мәселелері қарастыруды жөн деп санайды. Сонымен қатар, 95 жылдық мерейтойды өткізу жоспарында Шыңғыстау ауданында (қазіргі Абай ауданы) Абайдың зиратын жөндеп мемориалдық тақта орнату, Абайдың өмірі мен шәкірттері: Мағауия, Ақылбай, Әубәкір, Көкбайға және тағы басқа да материалдарды ғылыми тұрғыда қарастырып, жинақ шығару, Семей қаласының мектептері мен мекемелерде баяндамалар, лекциялар өткізуді жоспарлаған. Абай үйінде жинақталған жаңа архивтік материалдар мен фотосуреттерді қою және жинақтау Мұхтар Әуезовке, Әбусағит Жиреншинге, Әрхам Ысқақұлына жүктеледі. Бұл жиналыс нәтижесінде «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына – 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу жоспарын» бекітіп, Абайдың ескерткіші 1942 жылы орнатылу керек деп есептейді. Ә.Жиреншин, Н.Құрманбаев жолдастарға Абайдың мерейтойын өткізуге қатысты шығындар сметасын толықтырып жасау жүктеледі де: «Просит план проведения юбилея Абая утвердить не позднее 20/XII. 39 года и предоставить в СНК Каз ССР» – деген қаулы шығарады (№1 хаттама, 19.12.1939 ж. Іс № 3).

1939 жылы 20 желтоқсандағы Семей облысы бойынша Қаз.ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының ұйымдастыру комитетінің 274-қаулысы бойынша «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына – 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу жоспарын бекіту» туралы ұсыныстары бекітіледі. Семей қалалық кеңесіне Абай көшесі 83-үй мекенжайындағы үйді 1940 жылдың 15 қаңтарына дейін босатуды және қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Осы шараларды өткізуге ҚазССР Халық Комиссарлар кеңесінен 110 000 рубль бөлуді өтінеді (№ 274 қаулы, 20.12.1939 ж. Іс № 3). Яғни Абай көшесі, 83 Бекбай Бәйісовтың үйі – Абайдың Семейге келгенде түсіп жүретін үйлердің бірі болатын.

1939 жылы 20 желтоқсанда Семей облысы бойынша ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы ұйымдастыру комитетінің «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына – 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу құрамы туралы» 275 қаулысы бойынша бұрынғы комиссия мүшелерінің шығып кетуіне байланысты комиссия құрамы жаңадан бекітіледі. Комиссия төрағасы: А.Ақшалов. Комиссия мүшелері: халық ақыны – Н. Баймұратов; М. Әуезов – жазушы; Ж.Сыздықов – облыстық «Екпінді» газетінің редакторы; В.Трифонов – «Прииртышская правда» газетінің редакторы, Н.Құрманбаев – облисполком комиссиясының мүшесі, ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы П. Миронов. Осы кезеңнен бастап Абай мұрасын насихаттауға арналған жұмыстар қарқын алды.

М.О.Әуезов 1940 жылы қаңтарда шыққан «Абай юбилейі туралы» мақаласында: «...Ең әуелі Абайдың жүрген жері, туған жайларын еске алғанда Семей қаласындағы екі үйін ғана айтып қою емес. Абай оқыған Ахмет Риза медресесі деген медресенің үйі де қазірде Семейде бар. Оған да Абайдың бір белгісін қою керек. Және Абайдың өмірі қырда өтсе, сол қырдағы жайларын да бұрынғы қалпына келтіріп сақтау керек. Бүгін Абайдың зираты тұрған «Жидебайда» Абайдың қыстауы бар. Соның төбесін қайта жаптырып, ішін бұрынғы қалпынша жабдықтап қойса, қолдан келмейтін іс емес. Абайдың туған жеріндегі бағалы бір музей соның өзі бола алады. Онан соң Семейден 120 шақырымдай жерде Ақшоқыда Абайдың 1895 жылға дейін тұрған қыстауы бар. Оны да түзеттіріп сақтау керек», – деген және «Зерттеушілерге» («Екпінді», 17 маусым 1940 жыл) деген мақалалары да абайтанушыларға ой-түрткі болды және сол кездегі Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаев та Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің құрылуына өзіндік ықпал етеді.

Семей облыстық Еңбекші депутаттар Кеңесінің атқарушы комитетінің 1940 жылы 19 майдағы № 493 шешімі бойынша Абай музейіне абайтанушы-экскурсовод болып Әрхам Ысқақұлы тағайындалады. Осы жұмыстардың нәтижесінде Абайдың әдеби-мемориалдық музейі ұлы ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесінің қарсаңында 1940 жылы 1 сәуірде Қазақ ССР-нің Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы бойынша «Абайдың әдеби-мемориалдық музейі» ұйымдастырылып, Абайға қатысты құжаттар, көзкөрген адамдардың, ұрпақтарының естеліктері жинақталып, қазан айының 16 күні музей салтанатты түрде ашылып, алғашқы көрермендерін қабылдады.

Абайдың туғанына 95 жыл толуына өткізілген мерейтойы – Абайдың 100 жылдық мерейтойын ұйымдастыру және өткізу шараларының дайындық кезеңі еді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Абай ұрпақтарының да қан майданға аттанған кезі. 1941-1945 жылдардағы соғыс қай салада болмасын өз кедергісін тигізді. Осы қиын-қыстау кезеңге қарамастан Абайға қатысты деректер жинау қарқынды жүргізіліп, атқарылған істер бойынша үнемі есептер беріліп, үкімет және абайтанушылар тарапынан тексерулер жиі жүргізіліп отырған. Осындай тексерудің бірі - 1941 жылғы 13 желтоқсандағы тексеру. Тексеру актісінде: «1. Музей имеет двух этажное здание из 8 комнат, на которых 4 комнаты заняты под экспозицию, 2 комнаты библиотечной-читальней и 2 комнаты под канцелярию. Состояние



помещений санитарном отношении хорошое.

2. Экспозиция музея построена в основном из фотографических снимок и вещей, имеющих определенную связь с жизнью и деятельностью Абая. На все экспонаты имеются карточки с указанием названия, даты приобретения, цены и источника. Расположение экспонатов пока что не имеет твердую структуру, а экспонаты расположены примерно по таким темам: «Эпоха Абая», «Кочевой быт казахов», «Быт самого Абая», «Литературная школа Абая» и другие», – деп жаңадан жасалған музей экспозициясында атқарылған істерді, Қазақстанда алғаш ашылған әдеби музей болса да белгілі бір жүйемен жүргізілген жұмыс барысын көрсетеді. Абай шығармаларын жинау, жариялау, дүниетанымын бағдарлаумен қатар музей педагогикасын жолға қою мәселелері де туындаған еді. Жәдігерлерді жинастырумен бірге оларды ғылыми тұрғыда зерттеудің, сақтау, жинақталған және жиналатын құнды кітаптар мен қолжазбалар қорын қалыпқа келтіру жұмыстары назардан қалмады. Сол кездегі Москвада орналасқан «Пушкин» музейі және басқа да музейлермен музей ісі туралы хат алмасып отырады. Ол хаттар музей архивінде сақтаулы.

1942 жылы директор Ж.Тлеков жолдастың «О работе литературного музея Абая» атты 1941 жылы жасалған жұмыстар туралы есебінде 1940 жылғы алғашқы директоры жолдас Р.Айтбосыновтың жұмысын қорытындылап, 1941 жылдың бес айында музейге алынған Абайға тиесілі заттар тізімін ұсынады: ер, тоғызқұмалақ, сағат, тіс, Абайдың белбеуі, ожау, әбдіре, кебеже, Абайдың әйелінің шкафы, Құнанбайдың тақиясы, Абайдың ұлы Мағауияның үйінің кір шомбалы, Берікбай бақсының қобызы, Тұрағұлдың ері, аңшылық заттары және 1909 жылы Петроградта шыққан Абай шығармаларының алғашқы жинағы, 60 жуық Абай туралы естеліктер, Абайдың орыс досы Михаэлис архиві және т.б. («О работе литературного музея Абая» Іс № 3, 93-бет).

Соғыс жылдарындағы кадр мәселесі де көкейкесті болған, директорлары да үнемі ауысып отырған, алғашқы жылдары барлығы 6 штат бөлініп, қосымша абайтанушы 45 корреспондент жұмыс істеген, 1942-1943 жылдары штаттан 2 адам қысқартылған. Штат мәселесінің қысқаруына қарамастан жұмыс абайтанушы корреспонденттердің жұмыстарымен жалғасқан. 1944 жылы республикалық музей қатарына енгізілуіне және 100 жылдық мерейтой қарсаңында мекеме жұмысының ауқымдылығына орай 14 бірлік штат бөлінген.

Осы кезеңде ақын Шәкір Әбенұлы 1941 жылдың 1-ші мамырынан шілденің ортасына дейін Абай музейінде экскурсовод болып қызмет атқарады. 1941 жылдың аяғында Шәкір Әбенұлы ұсталып, Фрунзе қаласының түрмесінде қамалады. 1942 жылы майданға сұранып соғысқа аттанады.

1941-1945 жылдардағы соғыс уақытына қарамастан ауыл-ауылдарда дәрістер оқылып, жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды. Абайдың медреседе оқыған кітаптары алынып, Абай шығармаларының библиографиясын жасау жұмыстары жүргізілді. Материалдарды жинақтау үшін кітапхана, түрлі мұрағаттарда жұмыс істеп, қолөнер туындыларын іздестірді. Семей облыстық Еңбекші депутаттар Кеңесінің атқару комитетінің шешімі бойынша НКВД архивінен, ел ішіндегі қариялардан Абайдың ақын шәкірттері туралы материалдарды іздестіру және жинау Қайым Мұхамедхановқа жүктеледі. Абай музейі архивінде Көкбайдың шәкірті Есентай Бердиннің Қ.Мұхамедхановқа жазған хаты сақталған. Онда ол музей тапсырысы бойынша Көкбайдың өмірбаянын жазып жатқанын баяндайды.

Абайдың 100 жылдық мерейтойына дайындық және өткізуге байланысты Семей облысының арнайы комиссиясы құрылып, оның төрағасына Ә.Жүсіпов, ғылыми хатшылыққа Қ.Мұхамедханов тағайындалды. Абай мерейтойына дайындық жұмыстарының жоспары жасалды. Атқарылатын шаралардың ауқымдылығына назар аударып, жаңа ғимаратқа көшіру қажеттілігі жөнінде мәселе көтерді: «Музей – Қазақстандағы тұңғыш әдеби музейі. Абайға, тіпті қазақ әдебиеті тарихына байланысты жұмыс жүргізетін ғылыми-зерттеу орны деп қараймыз. Жаңа үйге көшіру осыған байланысты. Музей өзінің экспозициялық планын өзгертіп, кеңейтіп Абай өмірін, Абай тұрмысын көрсету керек», – деп жазылған. Жоспардағы шаралардың ішінде Абай музейін Комиссар көшесіндегі Әнияр Молдабаев үйіне көшіру, сол ғимараттың ауласын абаттандыру, Абай даңғылында жөндеу жұмыстарын жүргізу және тағы да басқа шаралар жүзеге асады.

Сол жылы Абай музейінің экспозициялық жоспарында келесі тақырыптар қамтылды:

I. Абай заманы
II. Абайдың балалық шағы (1845-1855)
III. Оқу жылдары
IV. Қырдағы өмірі (1859-1873)
V. Білім толықтыру кезеңі (1873-1886)
VI. Абай шығармашылығы

Осы жылдары музей 8 ғылыми еңбек бастыруға келім-шартқа отырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша музейге «Абайдың ақындық мектебі» «Абай шәкірттері: Ақылбай, Тұрағұл, Кәкітай, Әубәкір шығармалар жинағы», «Әріп», «Көкбай», «Абайдың орыс достары», «Абай туралы естелік», «Абай заманындағы Семей қаласының мәдени өмірі», «Абай және ақын-жазушылардың шығармашылығы», «Абай туралы естеліктер», «Абай ауданы» (тарихи-географиялық және мәдени-экономикалық очерк), Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми жинақтар дайындау жұмыстары жоспарланған еді.

Музейдің ғылыми қызметкері Борис Аккерман жергілікті мұрағаттан Абайдың орыс достары туралы материалдар жинақтауды қолға алып, Абайдың досы Михаэлистің қызы Людмила Евгеньевна Хотимскаямен байланысып, әкесі туралы естелік жазуды, оған қатысты құжаттарды музейге тапсыру жөнінде өтініш білдіреді.

Жидебайдағы ақынның тұрған үйін қалпына келтіру және жабдықтау мақсатында қыстау, киіз үйдің және тобықты елінде сол заманда пайдаланған заттарының ғылыми сипаттамасы жасалды.

1944 жылы 7 тамызда Қ.Мұхамедханов Қазақстан Ғылым Академиясының тапсырысы бойынша «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына «Қазақ халқының тарихи әндері» атты көлемі 2,5 баспа табақ мақаласын дайындап, ғылыми мекемеге өткізді.

Мерейтойға шақырылатын Абай туыстарының, зиялы қауымның және мерейтой қарсаңында Абай және оның ақындық айналысына арналған музей қызметкерлерінің жарияланатын зерттеу мақалаларының тізімі де әзірленеді.

1945 жыл Отан соғысы аяқталып, бейбітшілік орнады. Музейдің жаңа экспозициялық жұмыстары да аяқталды. Жидебайдағы ақын қыстауы қалпына келтіріліп, Абай заманындағы заттармен жабдықталды. Абай тойын өткізу жоспары да жасалып, нақты мерзімі анықталып, Семей облыстық Абай мерекесін өткізу комитеті құрылды. Оның төрағасы Семей облысы атқару комитетінің председателі Х.Байұзақов, орынбасары болып Қ.Мұхамедханов тағайындалды. Абай тойы тамыз айының 26-30 күндері аралығында өтеді.

1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуы халықтық мерекеге айналып, қазан төңкерісінен кейін жан-жаққа жер аударылған Абай ұрпақтары да қатысады. 100 жылдық мерейтойға келген Абай ұрпақтары мен туыстарының фотосуреті мұражайда сақтаулы. Мерейтой қарсаңында Абай ұрпақтары музейге өз заттарын сыйға тартады.

Қазақ жеріндегі ашылған алғашқы әдеби-мемориалдық музейдің қазақтың сөз өнерінің сұлтаны атанған Абай мұрасын жинақтап, бір арнаға түсуіне жасаған алғашқы қадамдары осындай. Абай музейінің тарихы мұнымен аяқталмайды, бірақ музейдің құрылуына негіз болған жағдайлар мен себепкер болған адамдар еңбектерін екшеп көрсету қажет. 1940-1945 жылдардың қиыншылығына қарамастан қара шаңырақта жұмыс істеген асыл тұяқ ағаларымыздың еңбектерінің арқасы. Қайнар бұлақтың көзін ашып, музейді бүгінгі күнге жеткізуде орнатылған діңгектің негізі осындай.

**Раушан ЕЛЕКЕНОВА,**
**Абайдың мемлекеттік-қорық музейінің ғылыми хатшысы**

---

# ҚАСҚЫРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

*(Әңгіме)*



– Жалғызы ғой, – деді Мұхамедия Әлінің бетіне қарап.

– Иә, – деп күрсінді Әлі.

– Екеуі Жүрсіннің үйіне қарай асықпай аялдап келеді. Сол маң қара құрым жұрт. Кіріп-шығып жатқан осы ауылдың адамдары. Естуінше Жүрсіннің жалғыз ұлы сонау зираттың маңында мотоциклмен ызғытып келе жатып опат болыпты.

– Ана қатынының әруаққа тілі тие беруші еді, – деді тағы Мұхамедия.

– Әлі жауап қатпады. Не айтары бар? Осы елдің талай естіген әңгімесі. Бейапар әйелден жұрт жылыстай жүретін. «Әруақ дейді...Пішту...біреу би болады, біреу құл болады деген осы жатқан ба?» деп көкайылдана сыздағанын өзі де сан көрген.

– Әруаққа тиісіп несі бар, ә? Қарашы енді..., – деді тағы Мұхамедия. – Осындайды қостайтындар да табылады. Әнебіреусінің түн жарымда үйі өртеніп, көршісі құтқарып қалды, әнебір есепші шал машинасымен төңкерілді. Сонда да дінсіздіктің қара ниет қаны денесін кеулеп алғандар әруақты мазалауды қояр емес.

– Құдай пендесінің күнәсін кешіре алады, әруақ назасын қайтып ала алмайды деуші еді бұрынғылар. Әркім кезегінде сазайын тартады ғой. – Әлі басын изеп Мұхамедияның сөзін қостаған.

Көңіл айта келген жұртпен бірге кіріп, қазаға ортақтастығын білдірген Әлі шегініп отырды. Айнаның бетін жауып, сурет атаулыны төңкеріп ілген үйдің іші қара-көлеңке тартып, кіріп-шығып жатқан жұрттың сұрғылт бейнелері елес сияқты сырғып өтіп жатыр. «Беу...» деп келгендердің үндері де тез өшіп, тымырая кетіп жатқан. Жүрсіннің сары қатыны сазарған қалпы. Әйтеуір көзі қызарған, жас жоқ. Анда-санда екі иығы селк етеді. Нар тұлғалы Жүрсін омырылып қалған екен. Еңкейіп қалыпты. Тіпті жер бауырлауға жақын. Екі көзі тұңғиықты сүзіп, тесірейіп өтіп барады. «Уһ» деді бір кезде.Уһілеген үнімен бірге жалғыз тамшы жас шығып, беттің әжіміне тіреліп, дір-дір қағып тұрып қалған.

Әлінің жүрегі селк етті. Көрген осындай жалғыз тамшыны. Нар тұлғалы, балуан пішінді Жүрсіннің сол көкжалдан несі артық, несі кем. Адам мен даланың қайсар тұлғасы. Япырай, көз жасы сонша неге бірдей. Қайсар тұлға қасқырдың көзіне жас алмағанын да көрген. Ие, мына Астанада қазақтың итін қасқырға қосып, батылдығын сынамақ көрінеді. Япырай, ә! Мынау бір жаңалық екен. Ойпырым-ай, мына өткен жойқын заманда қазақтың кеудесінде намысы бар тұлғаларымен бірге қасқыр алатын тазысы да құрып кеткен жоқ па еді. Ілуде-біреу қалды ма екен,ә? Барып көрейінші деп шешкен. Арнаулы алаңға жиналған жұрт у-ду. Шынжырға байланған қасқырды сонадай-сонадай жерден қоршап алыпты. Өзбек ағайынның әтеш таластырғаны адыра қалсын. Әтештер жекпе-жекке шығушы еді. Мұндағы жұрттың бәрінде бір-бір ит, кейбірі қос-қостан ұстап тұр. Батырсыған бір жігіт:

– Мына қасқырды менің итім бір өзі алады, – деп алақайлап тұр еді.

– Жібер ендеше! Көрейік әуселесін, десті қаумалағандар.

– Тазы пішіндес, жарғақ құлақ кеуделі сұр итті иесі айтақтап қосқан. Басын тізесіне салып, айналаға алара қарап жатқан қасқыр сұр ит таяна бере арс етіп, атып тұрған. Сұр ит төрт аяғымен топырақ бұрқырата сырғып, жалт бере қашты. Енді біреуі екі итін жіберген еді, қасқырды бір айналып шыққаннан әріге жарамады.

– Қазыққа шынжырмен маталған қасқыр бірер айналды да жата кетті. Бір сәт тына қалған жұрт енді не істерін білмегендей дағдарған еді. Сөйткенше болмады.

– Жіберейік, біреуі алар, – дескен сөз де құлаққа жетті.

– Айт! Айт! Бас! Бас! – деген айқайға қоса елірген оншақты ит қасқырға тура ұмтылған. Бірме-бір алыса кеткені болмаса да алып тастағысы келіп ұмтыла жеткеннің тісін қасқыр арс етіп денесіне дарытпаған. Теріс айнала берген көкжалдың тілерсегіне жармаса бергенің де бұрылып бетін қайтарып үлгерген. Көп иттің көк итті бас салған жанталасы еді. Қанды шайқас. Өмір үшін жанталас. Есірген жұрттың айқайы, қасқардың тісі тиіп кеткен иттің бажылы, шынжырдың салдыры, қаһарлы арсыл бәрі тұтасып кеткен. Қан исін аңсаған бір жамандық қоюланып, тұнып тұр. Біраз жұлқысқан иттер шегінісіп, қасқырдың азуы тиген жерлерін жалап, айнала шоқиып отыра кеткен. Қасқырдың да жамбасынан қан ағып тұр. Шынжырын сүйретіп, мойынын көкке созды. Әуелі қыстығып шыққан үн біртіндеп көктен көмек сұрағандай ұлуға айналған. Әлінің тұла бойы шымырлады. Мынау шынжыр... мынау даланың қайсар тұлғасы. Қазақтың да сан қайсар тұлғасын өстіп шынжырлап мазақ етпеді ме? Сонда да мынадай қиқулы жұрт болған. Қасқырдың мына ұлуына сол тұлғалардың елім деп зарлаған үні қосылғандай. Құлағы тұнды. Әлде Сәкен, әлде Ілияс.... «Күнбатыста қара түнек қаптаған». Мағжан ба? Қара түнек боп қаптап, қоршап тұрған мына жұрт. Жолда тұрғандарды қаға-маға, итеріп тастап Әлі сол жерден тұра қашты.

Бірақ онда ажалға басын тіккен қасқырдың тізерлеп мойынсұнғанын, көз жасын көрмеп еді. Апыр-ай, Жүрсіннің бетінде дірілдеген жалғыз тамшы сол көкжалдың көз жасы көз алдына әкеле берді.

Ол жолы да осы Мұхамедия жанында. Бір топ қасқыр пәленшенің торпағын тартып кетіпті деп қаркешкіш шанасын көлденең тосқан. Бұлар жалғыз емес екен, тағы да осындай төрт жерден шана ілесті. Айтулы жерден топ қасқыр тұра қашқан. Сонау тауға жетсем деп қасқырлар да барын салып сілтеп келеді. Көкті пышақтай тілгілеген адамның қарды қауып асап жүйткіген мына зұлым жүйрігі қойсын ба, тау жақтағы жол кесілді. Көк мылтықтылар сол жақтан көк түтінді бұрқыратты. Бастап келе жатқан көкжал жалт беріп алақандай шілікке қарай бетті бұрды.

– Ой-бу, – деді Мұхамедия. – Сондарындағы үшеу бөлтіріктері екен ғой. Соған қарайлап қаша алмай келеді ана көкжал.

– Әйтпесе ана тауға не бұрын, не қатар шығар еді.

– Жібере ме аналар, деп Әлі аңшылар жақты иегімен нұсқады.

– Мәрт қой көкжал. Тізе бүкпейді ол. Қайтсе де қуғыншыны сан соқтырады.

– Айлакер десейші.

– Жоқ, нағыз ақылды аң. Естілігі адамнан кем емес дер едім. Кекшіл де. Есіңде ме...

Иә, Әлі ұмытылмас уақиғаға куә болған. Қаладан осы ауылға бір топ аңшы келді дегенді інісі айтып келген. Естуінше бәрі соғысқа келгендей қаруланған. Зеңбіректен басқаның бәрі бар сияқты.

– Осындайлардан түңілесің-ау. Дегенмен, бұларды да танып білмеген керек, – деп Мұхамедия жүйрік шанасының артына Әліні мінгестіріп алған.

Елең-алаң шақ. Таңғы ұйқысыраған тып-тыныш ауаны жүйткіген төрт-бес жүйрік шананың мазасыз дарылы тілгілеп келеді. Соңдарына ілескен жүргіш машинада тиелген иттері де бар. Тап осылардан қашқандай жетімек бұлттар сырғып көкжиекке қарай ауып барады. Жай-жапсырды түсінген бұл екеуі де осы топтан қалыспай ілесіп келеді.

– Кетті! Кетті! – деп айқай салды алдындағы біреуі. Құлақшынын жұлып алып, ілгері жақты нұсқап, жанұшыра сілтеп жатыр.

– Қызыл шұнақ аяз ананы қушұнақ етпесе еді. – Мұхамедия мырс етті. – Ессізін-ай мынаның.

Құлақ керек екен, башлығын жапсыра киіп алып ызғытып барады. Қалғандарында да ес қалмағандай, кезек-кезек озып, аспан – көкті айғайға толтырып, соңдарынан бұрқыратып боран көтеріп ызғытып-ақ келеді. Қасқыр да әлді екен. Он-он бес шақырым жердей маңайлатпады. Өкпесі өшіп, тынысы тарылуды білмейтін жүйрік шаналар ақыры қоршауға да ала бастады. Ит артқан машинадан секіре түскен бір қора ит те қасқырды бас салғандай.

Аязды, қарлы дала күңіренген. Талай қанды уақиғаны көрген азалы аспан қара жер бетіндегі тап осыны көргісі келмегендей таудан аса келген бұлтты төмен төсеген. Бір кезде көшпелі елдің мал-жанынан қорғаған, бүгін де қанды – қасапқа үйретілген иттер жалғыз қасқырға кезек-кезек жабылып жатыр. Ал, бір-бір жүйрігін қаңтарып тастаған мына топ жан дүниені басына көтеріп, мәз. Той. Шаттық кірген шат-шадыман шақ дүркіреп тұр. Сол жақтағы басшы тікірейген тікенектей мұртын сипап тапжылмастан қақиып қапты. Қолдарын алма-кезек сермеп, бірін-бірі тыңдамай өзеурегендер мадақтама жыр оқығандай аязды күнде шашала сөйлеп, буды бұрқыратып-ақ тұр.

– Мен болмағанда...

– Қоя тұршы – ей, сен. Мен ғой алдын ораған.

– Сонда да сенен сытылып кетті ғой.

– Әй, қойыңдаршы дауды. Әне, ананы қара.

– Мықты екен көкжал. Берісер емес, – деп риза болды басшы.

– Кер үміттің көлеңкесіне жармасып, күреспей берілмеуге бет алған екен.

Кенет жиылған жұрттың құты қашып, есі кетті. Үстіне бар ит жабыла жармасқан қасқыр «сендерден ақ көрдім ғой» дегендей қанға толған аузын арандай ашып бұларға тұра ұмтылған. Бар итті сүйретіп келеді.

– Қайтеді-ей мынау. – Бәрі шегіне қашты.

Тарс етті. Жалғыз оқ бәрін шешті. Басшы пистолетін суытып тұр екен. Әлі мына дарақылықтан бойын ала қашқандай еді.

– Жүр, кеттік, – деп Мұхамедияны сүйрей жөнелген.

Қаншығымен жас бөлтірік – балапандарын ертіп кірген топішілік пана болатындай ну жыныс емес еді. Әрісі жиырма, берісі он қадамнан аспайтын топ шіліктің ішін әрі-бері өтіп, сан жайлаған сиырлар таптап тастаған, басынды бұрсан құйрығын көрініп жататын жалтаң орын. Сол шілікті енді бұлар қоршап тұр. Ұлы жаратушы тіршілік иелеріне үлесін бөлгенде қасқыр кеш қалыпты десетін бұрынғы үлкендер. Налыған қасқыр тәңірі «үлесің жеті күн елден, жеті күн жерден болсын» депті. Сонан қасқыр жеті күн елден жеп, жеті күн жерден жейді екен дегенге қазақ баласы сенетін. «Әй, әнебір торпақты қасқыр жарып кетіпті» дегенге «Е, ол соның үлесі ғой, бақпаған өздеріңнен көріңдер» деп ақсақалдар басу айтатын. Әлі қанды қақпанға түскендей болған топ қасқырды аяп тұр.

- Ендігі жұрт қасқырдың өмір сүру тәсілі осы, осылай жаратқан әуелде деп түсіне ме? Әйтеуір қыра беруге құмар. Сол өмір сүру тәсілі, күйбең тіршілік бұл бейбақ қасқырды тұқыртып әкеліп тірі тозақтың торына түсіргені мынау. Дегеніне жетіп тұрған мына албастыдай көрінген аңшысымақтардың қуаныштары қойнына сыймай тұрғаны анық. Ал, мына менің жүрегімнің қан жылап тұрғанын білер ме едің, сені бейбақ.

– Әй, не тұрыс бар?, – деп жекірді үстіне айқыш-ұйқыш мылтық, не түрлі сауыт сайман асынған қапсағай қара.

– Әй, осы қуаныштан менің есім кіресілі-шығасылы. Менен жөн сұрама. Біра-ақ айтарым тым ірі екен мына қасқыр. Нағыз көкжал. Жалын көрдің бе, жалын. Тұра ұмтылса бәрімізді қиратып салар, – деп мықшиған сары сақалын сипады.

– Керемет тон болар еді – деп қалды біреуі.

– Е, тон кимек екенсің ғой. Ендеше өзің барып ал. Ұрып аласың ба, атып аласың ба, ол сенің ісің. Біз риза боп тұрсақ болды. – Қапсағай қара бұйырғандай рай танытып қолын сілтеді.

– Жоқ, менікі әйтеуір айтқан ғой, – деп жалтарды сөз иесі.

– Мә, мынау бері шығып келеді, – деген мықшиған сарының үні естілді.

Жалы иығын жапқан көкжал жер бауырлай бері жылжып келе жатыр екен. Басын жерден сәл ғана көтеріп, тоқтай қалды. Қаншық қасқырда көкжалдың қатарынан қалмай жылжыған. Қаншықтың соңынан ере жылжыған қос бөлтірік бастарын енесінің құйрығына тығып алған екен.

Тағы сәл жылжыған көкжал басын сәл көтеріп артына қарады. Оның да соңында әкесін паналаған бөлтірік құйрығына тығыла түсіпті. Көкжал «көріңдерші мынаны» дегендей жалтақтаған. Көкжалдан қыңсылағандай үн шықты. Тірідей терісін сыпырғанда қыңқ етпейтін көкжалдың қыңсылағаны несі? Кімді аяп тұр? Құдай-ау, тиспеңдерші балама деп тұр ма? Көкжал ажалдан қорқуға тиіс емес, ол тағдыр бұйрығына басын байлай білетін тіршілік иесі. Шығып келе жатқан күн нұрымен таласқа түскендей найзадай қап-қара кірпіктері тығырыққа түссе де от шашып тұр. Ширкіннің бүкіл жонын жапқан жала қалай-қалай құбылады. Құдай-ау, неткен сұлу тіршілік иесі еді. Тағдырға басын иген қаншық басын көтермей, үнсіз ілгері жылжыған. Тоқтады. Өзін өлімге бұйырып тоқтады. Қыңсылаған үн жетті. Көкжал басын көтерген еді. Бір тамшы жас кірпіктерінің арасына іленіп, дірілдеп тұрып қалған еді.

Әлінің көңілі алай-дүлей болып кетті. Не өңі, не түсі екені айыра алмай сасқалақтады. Елес көргендей есеңгіреп, өңі әппақ құдай болып солды. Әрнеден секем алған жүрегі аттай тулап, мына көріністен қайтерін білмей сандалған ол жан ұшыра атып тұрып, екі қолын көкке созып, «атпаңдаршы» деп айғай салған. Оның айғайын гүрсілдеген мылтық үні басып кеткен. Жалп етіп отыра кетті. Гүрсіл де басылған. Дүниені мылқау үнсіздік басты. Сана сөніп, тірлік құлазыған.

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,**
**«Құрмет» орденінің иегері**
**13.IX.2019 ж.**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

**Әлі есімде, 1986 жылдың көктемінде елімізде алғаш рет «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Міне, содан бері тура отыз екі жыл өтті. Оның 28 жылы Тәуелсіз Қазақстан еншісінде. Содан бері ана тіліміздің басынан не өтпеді? Не өзгерді? Шүкіршілік етер қандай жетістігіміз бар? Мемлекет, Елбасы тарапынан Ана тіліміздің өркендеуіне ізгі қадамдар, оң талпыныстар жасалуындай-ақ жасалды. Бірақ, соның нәтижесі қандай?! Енді, міне, латын графикасына көшудің өзі даулы пікірлер мен түрлі көзқарастарға тап болып отыр. Естір құлақ, көрер көз болса ана тіліміз туралы, оның болашағы, тағдыры туралы талай келелі ұсыныстар айтылды. Бірақ, нәтиже жоқ.**

# ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУ – ТАРИХИ СӘТ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбатында Қазақстанда латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса беретінін айтқан болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы осы мәселеге қатысты өз ойын:



«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Көрші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал, ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым мен технологияға да сол ие болады. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса береді. Нақты белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз. Бірақ, қоғамдық пікір, әліпбиді қолдану барысындағы артықшылықтар мен олқылықтар ескеріледі» деп түйіндеген еді.

Менің білуімше, латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғалғанда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессор ғалымдары отыз жылға тарта уақытта ондаған нұсқа жасап, тіпті біразын тәжірибеден өткізіп еді. Нағыз тіл мамандары жасаған нұсқаларды сыпырып тастап, қайдағы бір көлденеңнен қосылған, есі бар адамның басына қонбайтын қаптаған қос әріпті, авторы белгісіз нұсқа (жоба) шыға келгенде қазақ тілінің жанашырларының төбесінен жай түскендей болды. Көпшілік оны іске бірден алғысыз етіп қолдамай тастады. Оған да қарамай, құжынаған апострофтармен (үтірлер) екінші нұсқа ұсынды. Ол да қолдау таппады. Үшіншісі де көңілден шықпады.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ елінің алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне септігі мол екені сөзсіз. Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің түгелге жуығы латын әліпбиін қолданады. Сондықтан біздің де басты мақсатымыз – латын әліпбиіне көшіп, тіл аясын кеңейту.

Бабаларымыздың бізге аманат етіп қалдырып кеткен асыл қазынасы әуезді, қуатты, ең таза, бай, шұрайлы ана тілімізді жанымыздай сақтау – қазіргі кездегі саналы әр азаматтың міндеті. Демек, латын әліпбиіне көшу – еліміз үшін тарихи сәт. Сондықтан әліпби ауыстыру жай ғана таңба ауыстыру емес. Бұл түптеп келгенде сананы өзгертуге талпыныс. Басқаша айтқанда, бұл саналық та, сапалық та өзгеріске бастайды. Сол себепті бұл істе енді қателесуге қақымыз жоқ.

Кезінде орыс тілінен енген сөздерді жазу үшін қазақ тілінде жоқ, жат, кірме дыбыстар зорлықпен енгізілді. Емле саны көбейді. Жалпы әлемдік тәжірибеде әріп саны мен емле ережелерінің көптігі – ол әліпбидің әлсіздігін көрсететін факторлардың бірі.

Данышпан Ахмет Байтұрсынұлы осыдан 90 жыл бұрын қазақ тілінде 28 дыбыс бар екенін негіздеп, дәлелдеп берген. Ахмет «Түріктің тұнық тілі, түзу емлесі – қазақта» деген.

Кириллицадан латын әліпбиіне ауысудағы негізгі мақсаттардың бірі қазақ тілін бұзып тұрған 14 әріптен (в, ё, п, ф, х, һ, ц, ч, щ, ь, ъ, э, ю, я) құтылу еді ғой.

Қазіргі, ең кейінгі бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінде тағы да төрт дыбыс қалып қойыпты. Төртеу түгілі қазақ тіліне жат жалғыз дыбыс қалса да қазақтың тілі баяғыша бұзылған күйінде қалады. Ақаңның қазақ тілі туралы асыл ойы іске асырмақ түгілі қожырайды.

«Әліпби құрастырудың математикалық формуласы» атты еңбегінде атақты орыс ғалымы Н.Ф.Яковлев әліпби жасаудағы математикалық дәлдік пен нақтылық туралы айта келіп… «Осыған сәйкес тәсілмен әліпбидегі сингармонизм аталатын заңдылықты толық сақтаған, оны интуитивті түрде орындап шыққан түрік-татар тілдерінің бірі қазақ тілінің әліпбиін жасаған жергілікті қазақ Байтұрсын болды… Ол осындай формуладан шығып мүлтіксіз орындаудың жаңа көкжиегін көрсетті» деп, уақытында аса жоғары баға берген.

Бұл еңбегін профессор Н.Ф.Яковлев 1970 жылдары жазған, яғни Ахмет қайтыс болған соң, 30-40 жылдан кейін Н.Ф.Яковлевтің Ақаңның еңбегіне қайта оралып отырғаны Ақаң еңбегінің аса құндылығында болу керек, әсіресе оның әліпби жасалудағы негізгі принциптерінің маңыздылығын жоғары бағалаған ғой. Ол принциптер қарапайым болғанымен, өте маңызды, қысқаша айтқанда, төмендегідей: әліпби оқуға және жазуға жеңілдігі, тек қана төл дыбыстың жүйесін пайдалану, шетел дыбыстарын енгізбеу.

Бір қызық жағдай, орыстың атақты ғалымы Ахметтің өзінен 30-40 жыл бұрынғы еңбегіне аса жоғары баға беріп жатса, біздің қазіргі кейбір «профессорларымыз» «Ақаңның ол кезде жазғандары ескірген, қазір дамыған, алға кеткен заманда оның еңбектерін басшылыққа алуға болмайды» дейді.

Біз бір тілдің әліпбиін, бір тілдің емлесін жасаймыз деген ойды толық іске асыру үшін қазақ ұлтының төл дыбыстары ғана (Ахметтің 28 дыбысы) болу керек қой. Тамаша ой іске асу үшін артық кірме, жат 4 дыбысты әліпбиден алу қажет.

Егер біз бүгінгі таңда, қазіргі кезде латын тіліне көшудегі негізгі мақсатымыздың бірі қазақ тілінің төл дыбыстарын түгендеп, соған сәйкес таңба санын ықшамдау деп ойласақ, оны Ахмет Байтұрсынов баяғыда белгілеп берген, саны – 28. Олар: А, Ә, Б, Ғ, Г, Д, Е, Ж, З, Й, Қ, К, Л, М, Н, Ң, О, Ө, П, Р, С, Т, У, Ұ, Ү, Ш, Ы, І. Осылардан басқа қазақ тілінде дыбыс жоқ. Басқа дыбыстардың бәрі де кірме, қазақ тіліне жат дыбыстар. Жаңа әліпбиге олардың біреуі ғана кірсе де қазақтың төл сөзін бұзатын, дүниежүзі ғалымдары тамсанған, таңғалған әдемілігін, әуезін, күш-қуатын жоятын дыбыстар болып шықпақ.

Кірме дыбыстарға «ғашықтар», қазақ тілінің кейбір «жанашырлары» (олардың ішінде филология ғылымының докторлары, профессорлары да бар) кейінгі қабылданған нұсқаға «В», «Ф», «Х», «Ч» дыбыстарын қалдырып қойыпты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Хабар» телеарнасының тілшілеріне берген бір сұхбатында латын әліпбиіне көшу туралы мәселеге арнайы көңіл бөліп, тілімізді басы артық, кірме дыбыстардан тазарту туралы айта келіп, олардың ішінде «Ч» дыбысы да бар екенін шегелеп тұрып айтқан еді. Сонда да кейінгі әліпбиге «Ч» дыбысын екі әріппен белгілеп енгізіп жіберген.

Олардың уәжі көрсетілген бұл дыбыстар, кірме дыбыстар тілімізде орныққан, оларды айтуға артикуляциялық базамыз қалыптасқан. Оны қайта өзгерту мүмкін емес. «Сондықтан да бұл дыбыстардың әріптерін шетел сөздерін дәл таңбалау үшін жаңа әліпбидің құрамында болу керек» деп жұлқынады. Айналайындар-ау, біз әліпбиді шетел тіліне емес, қазақ тіліне жасап жатырмыз ғой.

Біріншіден, «орныққан» жоқ, «орнықтырған», Кеңес үкіметінің зорлығымен «орыс тілінде қалай жазылса, қазақ тілінде де солай жазылсын» деген нұсқаумен. Біздің бабаларымыз атам заманда доктор, профессор болмай-ақ, университет бітірмей-ақ, тілдің сингармонизм заңына бағындырып, орыстың «самовар» сөзін «самаурын» деп өз сөзі етіп алған. Солай болу да керек қой. Кірме дыбыстарға «ғашық» болып жүрген «профессорлардың» біразы ауылда өскен шығар, сонда «самаурын» деген сөздің орыс сөзі екенін 15-20 жасқа дейін қалаға келгенше, ауылда орыс болмаса, білген жоқ қой. Шетелдің жат, кірме сөздерін өз тіліне сіңістіріп алудың классикалық үлгісін бабаларымыз баяғыда осылай қалыптастырып қойған.

Екіншіден, артикуляциялық базамыз «қалыптасқан» жоқ, оны да зорлықпен «қалыптастырды». Негізінде «артикуляциялық база» деген ұғым қаншалықты дұрыс екенін білмеймін. Менің ұғымымда артикуляция деген адам тілінің қозғалу бағыттары. Әр халықтың тілі адамның тілінің бағыттарымен дыбыс шығарады. Сол дыбыстардан сөз құралады. Сөзден сөйлем құралатыны кез келген адамға түсінікті ғой.

Әр халықтың тілінің әртүрлі болуының себебі сол халықтың адамының тілінің артикуляциясына (қозғалу бағытына) байланысты. Мысалы, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстар (ә, і, ң, ғ, қ, ө, ү, ұ) қазақ этносының ұлттық болмысын, ұлттық кодын, қазақ сөзінің ұлттық табиғатын танытатын маңызды дыбыстар. Сондықтан біздің қазақтың санасында, миында ұлтымызға тән дыбыстарды шығаруға арналған тілдің артикуляциясы қалыптасқан. Әр ұлттың тілінің артикуляциясы (қозғалу бағытының заңдылығы) ерекше. Біздің қазіргі тіліміздің артикуляциясы (тілдің қозғалыс заңдылығы) қаптаған кірме орыс сөздерінің әсерінен өзгерген, сонымен бірге әуезділігі де өзгерген. Сіз Қытайдан, Моңғолиядан келген қазақтарға «революция» деген сөзді айтқызып көріңіз. Мүлдем айта алмайды, себебі олардың тілінің қозғалу заңдылығы (артикуляциясы) қазақ этносына тән заңдылықпен қалыптасқан.

Бір кездесуде филолог профессор «В» дыбысын жаңа әліпбиге кіргізбесек, онда тегімізді (фамилиямызды) қалай жазамыз деп тұр, жылайсың ба, әлде күлесің бе? «В» дыбысының қазақ тілінде жоқтығы жоғарыда келтірілген «самаурын» сөзінен анық көрініп тұрған жоқ па?

Үшіншіден, кейінгі нұсқадағы кірме төрт дыбыстың біреуі қалып қойса, шетел сөздерін кірме дыбысты пайдаланып, бұлжытпай айтып-жазсақ, оларға қазақша қосымша жалғау-жұрнақтар жалғанғанда неше түрлі емле-ережелер туындайды. Неге олай жасаймыз? Латын әліпбиіне көшудің негізгі мақсаттарының бірі төл тілімізді түзетіп, емлені мүмкіндігінше азайтып, үйренуге оңай ету емес пе?

Халықаралық терминдерді, кірме сөздерді сингармонизм заңына, тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп жазу ең маңызды мәселе деп қарауымыз абзал.

Қазіргі соңғы жобадағы төрт дыбыстың біреуі ғана қалса баяғы таз қалпымызға келеміз. Себебі Кеңес кезіндегі кірме сөз сол тілде қалай жазылса, қазақ тілінде солай жазылады деген ресми бұйрық болмаса да, анау дыбыстар толық жойылмай, қазақ тілі түзелмейді.

Кірме сөздер «сол тілде қалай жазылса, қазақ тілінде солай жазылуы тиіс» деген нәрсе қазақтың тілін бүлдіру үшін жасалған. Біріншіден, жалпы тілдің сингармонизм заңына қайшы, екіншіден, оқуды қиындатады, үшіншіден ата-бабаларымыз дыбыстап көрмеген жат дыбыстар тілімізді қойыртпақтайды, тіліміздің ұлттық артикуляциясын бұзады.

Ұлы Ахмет: «азбаған асыл тілден емле шығару керек» деп айтқан еді. Ал біз әліпбиімізге тілімізде жоқ, кірме дыбыстарды енгізу нәтижесінде азбаған асыл тілімізді бүлдіретін емле ойлап шығарып жатырмыз. Егер жалғыз жат дыбыс «в» жаңа әліпбиде қалып қойса ол үшін арнайы тағы да жаңа, қосымша емле, ереже ойлап тауып қазақ тіліне көріне көзге қиянат жасау емес пе, ал бекітілген жобада төрт жат дыбыс бар, оларға ереже жазылса тіліміз не болады?

Сонда Ақаңның «тілді бұзып, емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» деген алтын ойы қайда? Содан «айтылымға қарай жазылым» идеясы бұзылып» «жазылымға қарай айтылым» болып, тағы да қазақ тілімізді аздыратын боламыз.

Ахмет қалыптастырған қазақ тілі тағылымын терең түсінбей жүрміз. Ол айтып, жазып кеткендердің бәрін толық, өзгертпей іске асырмай тіл оңбайды. Ахметтен асқан әлі қазақта тіл маманы туған жоқ. Ақаң дауысты дыбыстар – сөздің жаны, дауыссыздар – сөздің тәні дейді.

Қазақ тілінің латын әріптеріне негізделген жаңа әліпбиі Ахмет Байтұрсынұлының тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыз дыбыстардан тұратын әліпбиі болу керек. Тек осы жағдайда ғана қазақ жазуы өзінің төл табиғатын тауып, айтылым мен емле арасындағы сәйкессіздіктен құтылады.

Бұрынғы нұсқада жоғарыдағы көрсетілгеннен басқа да кемшіліктер жетіп артылады. Мысалы:

1) ш, ч- дыбыстарын екі әріппен біріктіріпті, шәш, шәшу, шеше, т.б. қаптаған сөздерді жазу үшін 3-4 әріптің орнына әрқайсысына 5-6 әріп жазасыз.

2) латынның 2 таңбасы с, w пайдаланылмаған.

3) 6 әріпке нүкте (сызықша) қойылған.

4) и менен і бірдей таңбамен (I) берілгендіктен, олар қалай ажыратылады?

Қысқасы, алдағы көпшілік қабылдамай тастаған нұсқалардағы кемшіліктерді сол бетімен қалдырған. Осы кемшіліктерден арылу үшін Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әлипбиді латын қаріпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек. Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұловаға тиісті тапсырма бердім» деп шегелеп тұрып айтып, тағы бір тамаша мүмкіндік беріп отыр.

Қазақ тілінің жанашыры ретінде жоғарыда келтірілген ойларымызды қорыта келе қоғамдық пікірлерге өз нұсқамызды ортаға салып отырмыз (кестеде).

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі**

| Жазылуы | Дыбысталуы | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|
| 1.Aa | Аа | 15.Nn | Нн |
| 2.**Ãã** | Әә | 16.Hh | Ңң |
| 3.Bb | Бб | 17.Oo | Оо |
| 4.Gg | Гг | 18.Õõ | Өө |
| 5.Ff | Ғғ | 19.Pp | Пп |
| 6.Dd | Дд | 20.Rr | Рр |
| 7.Ee | Ее | 21. **Cc** | Сс |
| 8.Jj | Жж | 22.Tt | Тт |
| 9.Zz | Зз | 23.Uu | Уу |
| 10.Vv | Ии | 24.Ww | Ұұ |
| 11.Kk | Кк | 25.**Xx** | Үү |
| 12.Qq | Ққ | 26.Ss | Шш |
| 13.Ll | Лл | 27.Yy | Ыы |
| 14.Mm | Мм | 28.Ii | Ii |

Ұсынылып отырған әліпбидің негізгі ерекшеліктері:

Біріншіден, бір дыбысқа бір таңба (әріп) берілу принципі қатаң сақталады.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған 28 дыбыстан басқа ешқандай кірме дыбыс бұл нұсқада жоқ.

Үшіншіден, компьютерге ыңғайлы болу үшін латын әліпбиінің 26 таңбасы толық пайдаланылды.

Төртіншіден, осы нұсқа іске асса үйлесімнің (сингармонизм) заңы толық қолданылады.

Бесіншіден, кірме сөздердің жазылуы үндестік заңына бағынғандықтан, олар (кірме сөздер) қазақ тілін бұзбай, бояуын, шешендігін, әуездігін басқа да бай қасиеттерін жоғалтпайды.

Алтыншыдан, Алаш арыстары армандағандай «кірме сөздер қай тілден болса да басына қазақтың тымағын киіп, үстіне шекпенін жамылып, аяғына саптама етік кигізгендей» нағыз қазақтың әуезді сөзі болып шығады (бедре – ведро, самаурын – самовар).

Жетіншіден, емле-ережелер өте аз, оңай және қосымша басы артық ешқандай ереже мүлдем болмайды. Сын-ескертпелеріңіз болса қуана қарсы алып, талқылауға дайынбыз. Қорыта айтқанда, пікірімді Абай атамыздың сөзімен аяқтағым келеді. Болашақ ұрпақ үшін латын графикасы Ана тіліміздің бар қасиетін жоғалтпай «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей» сипатта болуы керек.

Ұсыныс: латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиін жасауда А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандарының пікірлері ескерілуі керек, жауапкершілік соларға жүктеледі. Негізін солар жасайды, басқалары өз нұсқаларын ұсынады. Комиссия құрылып өздері бекіткен нұсқаны БАҚ-та жариялап, талқылағаннан кейін ғана Үкіметке ұсынылсын.

**Темірғали КӨКЕТАЙ,**
**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры**
*«Ana tili»*

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ЫСЫРАПТАН ҚАШАН АРЫЛАМЫЗ?

Жастау кезімізде үлкен ата, әкелерімізге қарап, немере бағып, тыныш өмір сүріп, еш уайым-қайғысыз зейнеткерліктің қызығын көретін заманға қашан жетеміз деп қызығушы едік. Шүкір, тәңірім ол күнге де жеткізді, немерелердің қызығын көріп жатырмыз, сый-құрметтен де кенде емеспін, қоғамдық жұмыс тағы бар, Сәтбаев қаласының Қоғамдық кеңесінің, Ақсақалдар алқасының мүшесімін. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Сәтбаев филиалына басшылық жасап отырмын. Қыпшақ атаның бір ұрпағы Есенғұл елінің басшысымын. Қос қаладағы той домалақпен қатар қайғылы қазаға ортақтасып, біреуіне тіл көмегім тиіп жатса, жақын ағайынның, құда-жекжат, нағашыларымның жаназа рәсімдеріне басшылық жасап сөз де, қол да бастап жүрген азамат екенімді ел біледі. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады» деген қазақтың ертеден келе жатқан мақалы. Мені бір қынжылтатыны – нарық қысып, қазақ елі Еуропадағы, Азиядағы немесе түрлі одақтарға кіріп, қымбатшылыққа белшемізден батқанда, біз қазақ баяғы дарақылықтан айырылатын емеспіз.

Бүгінде аптаның қай күні болмасын бір мейрамхана бос емес, жаз айларында сенбі, жексенбі күндері той өткізуге 4-5 ай бұрын жазылу керек екен. Тұсаукесер, шілдехана, тілашар, 30,40,50,60,70 жас дегендей… Бірақ қазақ бәрі бірдей кенші емес, фермер, бизнесмен емес, баяғы ата-анасынан жақын тұтып жүрген қандала-банктерге тәуелділік, банкке бара қалсаң кредит төлеп жатқан қазақтың ұл-қыздары, басқа ұлт өкілдері некен-саяқ. Бір апамнан бір апам һәм сорақы дегендей, енді марқұм болған жақындарымыздың жаназасынан бастап жылын бергенше 4-5 жылқы сойылады, сиыр, қой-ешкіні ұмытқалы қашан?

Жылқы малы тек тілі жоқ демесең қазіргі уақыттағы кеудесі қуыс, ақылы бір уыс, ішкен-жегеніне мәз болып жүрген бейбақтардан көш артық жануар. Қазақтың хас батырлары Қобыланды, Қамбар, Қабанбай,Абылайға серік болған, талай жау қоршауынан алып шыққан астындағы аты, ішкендегі қымызы емес пе еді?

Жалған намыспен жаназасына топырлатып жылқы сойылған марқұмның жатартын жері 2 шаршы метр қара жер,алып кеткені 10-15 метр бөз. Оңтүстік, Сыр елі палаумен атқарып жатқан марқұмға да тиетіні де сол дүниелер. Әрине, марқұмның оқыған намазы, тұтқан оразасы, барған қажылығы, берген садақасы өзіне сауап болары сөзсіз, жұмақтан орын осы мұсылмандарға бұйыруы хақ!

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», жылқыны табыс көзіне айналдырған бизнесменсымақтар жылда 25-30 мыңдай теңге қосып, жылқының бағасын 550 мыңға жеткізді, жабағының құны 250 мыңға жетті. Бір қызына немесе немересінің қолына қарап отырған бейбақ әже, атаны ойлайтын бір мұсылман бар ма? Әкімге қаланың шаруасы жеткілікті, Бас имамдар мешіттің қызметкерінің жалақысын төлеу, жөндеу жұмыстары, жылуға, электр жүйесіне қаржы аудару т.с.с. таусылмайтын шаруалармен жүр, наиб-имамдардың айлығы шайлығына жетпей жатқанда, амалсыз осы ізгілікті шаруаны қолыма алуға тура келіп тұр.

Әкем, қарт коммунист Түсіпбек Молақов ашаршылдықтың, жетімдіктің, жоқшылықтың ащы дәмін біркісідей татқан абыз ақсақал еді. Беларусь майданында жүріп Байқоңырдың аптап ыстық күнін, Қарғалы, Ащысудың кермек суын сағынған. Ұлы Отан соғысынан аман келген қарт майдангер, елдің тұралап қалған жағдайын көріп, шаруашылықты қалпына келтіруге бел шешіп кіріседі. Нанның, тұздың қадірін сол уақытта түсінген әкем айтып отырушы еді: мал бір күндік жұтта құрып кететінін, екі-үш жыл қуаңшылық болса, ашаршылық ауылы алыс емес екенін. Ұнның бағасы биыл өскенін білесіздер, енді жаңа жылдан бастап бензин қымбаттаса,бүкіл азық-түлік өнімдері қымбаттайды. Осындай қымбатшылық заманда тізгінді тартатын қазақта ой бар ма?

Әке-шешенің қарғыс қамытын мойнына киген, әйелді жесір,баланы жетім еткен, көше таптап жүрген екі аяқты айуанға да, абыз ақсақалға да, ару-анаға да тек жылқы сою шариғатта міндеттелмеген шығар. «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады», «Құрбақа өгіз боламын деп, жарылып өліпті», халықтың аузындағы мәтелдер.

Жаназа намазында 300-500 адамға ас береміз, әрине соятынымыз жылқы, екі-үш күннен кейін тағы жетісі, бейсенбісі деп сол 300 адамның басын тағы қосамыз, міндетті түрде теледидар арқылы хабарлаймыз. Қырқында тағы сол адамдар, бейсенбісі деп әр бейсенбі күнгі дастарханымыз бар, Құрбан айт, Ораза айт өз алдына, жылына үлкен мейрамханаға тапсырыс береміз, әрине, семіз жылқы сою міндет. Міне, қазағым бұл орташа есептеу, қабір қазу, кебін пішу, жаназа намазы, құран-хатым аудару сияқты діни амалдар, барлығының төленетін құны бар. Бұл ысырапшылдық қолдағы ұл мен келінге, сырттағы қыз бен күйеубалаға ауыр тиеді. Ерлі-зайыптының ортасында ұрыс-керіс басталады, кредитті жабу керек, оны неге алынғаны айтылады, әрине сенің әкең қайтыс болғанда, не анаң қайтқанда дегендей. Сондықтан Сыр өңірі, Оңтүстік ағайыннан үлгі алатын уақыт жетті, бір қойдың немесе сиыр етімен палау пісіріп, құран бағыштап, сол артылған қаражаттан жетімдерге, нашарларға таратса, нұр үстіне нұр болар еді!

Бір мақаламен бұл мәселе шешілмейді, бұл қазақтың денесіндегі дерт, оны емдеу халықтың қолында! Алланың берген жер асты байлығын, жер бетіндегі егініміз, біткен малымызға өзіміз ие болмасақ, шетелден келген қысық көздер тоз-тозымызды шығарады, қазағым!

Айтатұғын атты бүгін ақ таңдар,
Бәрін біреу береді деп жатпаңдар.
Бір қазақты үшке бөліп бүлінбей,
Қайран елім,бірлігіңді сақтаңдар!.

Шынболат ақынның жыр-шумағымен қортындылай келе ағайынға өтінішім бар. Қордаланған мәселелер туралы пікір алмасып, ақылдасуға сіздерден хабар күтемін. Таяу күндері қала ақсақалдарын, дінбасыларын әкім, мәслихат хатшысымен кездесуге шақырамын.

**Абулайс (Әукен) ТҮСІПБЕКҰЛЫ**
*Сәтбаев қаласы*

# СҰРАНЫСҚА ИЕ ӨНІМ ШЫҒАРҒАН

***жезқазғандық кәсіпкер Марғұлан УТЕШОВПЕН сұхбат***

**«Жезқазғандықтар такси мен тойханадан басқасын бизнес ете алмайды» деген пікірі қалыптасқан мысты қала тұрғындары біздің кәсіпкерлердің арасында облыс бойынша алғаш болып тұрмыстық химия заттарын өндіруді қолға алғандардың барын білмесе керек. Иә, бізде өзіміздің Марғұлан Утешов есімді жерлесіміз еліміздің түпкір-түпкіріне танылған «Super келін» сауда белгісімен жуғыш заттар өндіруде. Күні кеше ғана мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде «Даму» қоры арқылы қолдау тапқан жезқазғандық кәсіпкермен сұхбаттасудың реті келді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

***– Марғұлан Тұрсынұлы, бизнеске қалай келгеніңіз жөнінде айтып берсеңіз. Мүмкін осы салаға бет бұруға үгіттегендер болған шығар.***

– Шынында, мен өз ісімді ашып, кәсіпкер атанамын деп мүлде жоспарламаппын. Тіпті, ондай ой да келмепті. Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін энергетик мамандығы бойынша тәмамдаған соң, 15 жылдан аса өндіріс саласында еңбек еттім. Қарапайым жұмыскерден лауазымды қызметтерге дейін атқардым. 2016 жылы азық-түлік дүкенін жалға алып, өзімді байқап көрмек болдым. Үй арасындағы дүкенге тұрғындар да көптеп келіп, табыс көзім молая түсті. Сөйтіп, тұтынушылардың сұранысын зерттей бастадым. Көп тұтынатын заттардың арасында жуғыш заттар көш бастап тұрды. Ең қызығы олардың түгелі дерлік өзге елдерде өндірілетін. Осылайша, менің көкейімде «неге өзімізге өндірмеске» деген идея туды. Сөйтіп жүргенімде ел ішінде аты жақсы таныс ағалардың бірі әңгімесінде: «Өздерің талпынбасаңдар, ешкім сендерге де, елге де ештеңе әкеп бермейді» деп батыра сөйлеп, ой салғаны сол-ақ еді жеке кәсібімді ашуға кірісіп кеттім. 2017 жылы «Қосай KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, жалға ғимарат алып, өнім шығаруды бастап кеттім.

***– Неге өнімдеріңізге дәл осы «Super келін» деген атауды таңдадыңыз?***

– Әрине, жобаны жүзеге асыру барысында өнімнің атауында әрі заманауи, әрі қазақы элемент тән болғанын қаладым. Көп ойландым. Бұл атау үйде отырғанымда тіліме орала кетті. Менің анам, әйелім де бір-бір шаңырақтың келіні. Келін деген әдетте пысық болуы қажет. Жалпы қазақтың келіндерінің бәрі бесаспап. Өнімді де көбінесе әйелдер қауымы қолданатындықтан, өнімнің атауын олармен байланыстырғанды жөн санадым.

***– Өнімді шығару бар, оны тұтынушыға жеткізіп, көңілін таба білу тағы бір міндет. Осы ретте қиыншылықтар кездесті ме?***

– «Шешінген судан тайынбас» демей ме?! Көп сын-кедергілер кездескенін жасырмаймын. Елімізде кенжелеген саланы қолға алған соң маман тапшылығы, нарыққа кірігу сынды қиыншылықтар әуел баста болды. Дегенмен, уақыт өте бәрі сәтімен шешілді. Технолог мамандарды алысты-жақынды шет елдерден алдырып, жұмыскерлерді баулыдық. Өнімге қойылатын алғашқы талап сапа мен қатар тауардың сыртқы безендірілуі. Осы ретте ресейлік дизайнерлердің көмегіне жүгініп, жапсырмаға қазақы келіннің келбетін салдық. Ұжымның білімін арттыру мақсатында шеберлік сыныптарын өткізуді, семинар-тренингтерге қатысуды дәстүрге айналдырдық. Жарнама берудің де кәсіпкерлікті дамытудағы рөлі зор. Сондықтан, белгілі вайнерлер мен әртістерді тарту арқылы тартымды жарнамалар түсірудеміз. Қазір көбінесе вайн түсіру сәнге айналғанын да ескердік. Ақпараттық-технологияларды барынша пайдаланып, әлеуметтік желілерді жауладық. Нәтижесі көп күттірмеді. Бүгінде біздің «Super келін» маркасының өнімі Жезқазған-Сәтбаев қалаларында ғана емес, сонымен қатар, Қарағанды мен еліміздің Батыс аймағында танымалдылыққа ие. Қазір қарағандылықтар «Super келін» өнімдерін «Аян», «Норма» сынды ірі дүкендер желісінен сатып ала алады. Жезқазған-Сәтбаев қаласында бізді қолдаған серіктестер: «Қазақмыс» корпорациясы, «Марал-Нұр» ЖШС, «Адал Еңбек» ЖШС мен «Ұлы дала», «Самади» гипермаркеттері мен жергілікті ресторандар.

***– Өнімнің сапасына қатысты не айтасыз?***

– Өзімді, өз өнімімді мақтаудан аулақпын. Бағаны тұтынушылар бере жатар. Бірақ, тауарға деген сұраныстың жоғарлығы біраз дүниені аңғартса керек. Біз бүгінгідей сапаға жету үшін көп еңбектендік. Бірінші шығарылған өнім дүкен сөрелеріне түспес бұрын туған-туыс пен дос-жарандар арасында үйде қатаң сыналды. Содан кейін тұрақты сатып алушыларымызбен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың пікіріне де құлақ астық. Тіпті, эксперимент те жасап көрдік. Біздің өнімнің құтысына белгілі маркалы ыдыс жуатын сусабынды, ал сол сусабынның құтысына «Super келін»-ді құйып, әйелдердің қолдануына ұсындық. Сонда «біздікілер не шығарып, қарық қылар дейсің» деп сын айтқандардың қазақстандық өнімнің өзгеден артық болмаса кем еместігіне көзі анық жетті.

Бүгінде біздің өнімді қарапайым тұрғындармен қатар ірі тойхана, асхана мен қонақ үйлер желісі пайдаланады. Және ондағылар өнім сапасына дән риза. «Super келін» өнімдері мемлекеттік сараптаудан сүрінбей өтіп, халықаралық штрих код пен сертификатқа ие болуы да оның сапасының жоғары екенін дәлелдейді. Біздің өнімді ТМД елдеріне экспортқа шығаруға да рұқсат етілген. Екі жыл қатарынан «Қазақстанның үздік тауары» көрмесіне де қатыстық.




***– Сіздің мемлекеттік қолдауға ие болғаныңыздан хабардармыз. Ендігі мақсат-жоспарларыңыз қандай?***

– Алға межелеген міндеттер ауқымды. Әрине шағын зауытты кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындарын ашып, еліміздің экономикасын дамытуға үлес қосар едік. Бүгінде қоластымдағы 10 қызметкер күніне жуғыш заттардың он түрінен 1000 дана тауар өндіруге қауқарлы. Қазір тұрмыстық химиядан өзге автокөлікке арналған антифриз шығаруды қолға алдық. Одан бөлек сатылымға көлікке қажетті сусабындар шығаруды жоспарлап отырмыз. Болашақта өнім көлемі мен түрі еселеп артуы үшін аянбай еңбек етпекпіз.

***– Бизнеске бет бұруға ниеті бар, бірақ тәуекел ете алмай жүрген жерлестеріңізге айтар кеңесіңіз бар шығар.***

– Біздің істе ең бастысы табандылық қажет. Сонда ғана белгілі бір жетістікке қол жетеді. Сонымен қатар, кәсіпкерліктен нәпақа табуды көздейтіндер өз-өзін дамытудан талмауы шарт. Адамның қолынан келмейтіні жоқ. Тек талпыныстың балғаны ғана. «Менің сату қабілетім төмен» деп сылтау айтудан аулақ болған жөн. Бәрі тәжірибемен келеді.

Жалпы, адамдар екіге бөлінеді. Бірі – кәсіпкерлер, екіншісі – басқарушылар. Басқарушылар дайын кәсіпті дамытса, кәсіпкерлер тәуекелге барып, жоқ жерден кәсіп бастай алатын адамдар. Ал, егер осы қос міндетті қатар алып жүрсе онда кәсіпкерліктің тасы сөзсіз өрге домалайды.

***– Уақыт тауып, сұрақтарымызға жауап бергенніңізге рахмет. Кәсіпкерлігіңіздің қарыштап дамуына тілектестік білдіреміз.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суретті түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## СЕНІМ СЕРГЕЛДЕҢІ




**«Әс-салафия» («السلفيّة») – араб тілінен аударғанда «алдыңғы өткендер, бұрынғылар», яғни «бұрын өмір сүрген бабалар, аталар» деген мағына береді. Ал, исламдық қолданыстағы «салаф ас-салихин» («السلف الصالحون») – «ең қайырлы буын» алғашқы үш буын өкілдері: Мұхаммед пайғамбардың сахабалары, «табиғин»; табиғиндерге ерген «әтбаға әт-табиғин» болып есептеледі. Қазіргі псевдосалафилік ағым өкілдері өздерін осы «салаф ас-салихиндердің» жолын ұстанушы, «алтын ғасырды» орнатушы ретінде танытқысы келеді. Дегенмен, псевдосалафилердің бұл ұраны шындыққа сәйкес келмейтіндігі баршаға дерлік мәлім.**

Исламға жатпайтын кез-келген заңдар мен құқықтық жүйелерге жүгінуді күпірлік деп, ондай заңдар арқылы үкім ететіндерді «кәпір» деп санаған псевдосалафилік бағыттың негізгі ұстанымдары:

– исламдағы негізгі төрт мазһабты мойындамау;

– діни қағидаларды ақыл-санамен түсіндіруді терістеп, Құран мен хадистерді тура мағынасында түсіну;

– әулиелер мен қабірлерді зиярат етуді жоққа шығару;

– исламды діндегі «жаңалықтан» (бидғат) тазарту және Мұхаммед пайғамбар кезіндегі алғашқы исламға қайту;

– мемлекет құрылымының зайырлы ұстанымына қарсы шығу;

– псевдосалафилік идеологиясын ұстанбайтын мұсылмандарды «пұтқа табынушылар» және «таза исламды ұстанбайтындар» деп санап, оларға жиһад жариялау.

Қазіргі псевдосалафизмнің басты ерекшелігі исламның қайнар көздері – Құран мен сүннетті түсіндіруде буквализмге баса мән береді. Яғни, астарлы мағыналы аяттар мен хадистердің тек сөздік мағынасын негізге ала отырып, ішкі мәніне үңілместен сол күйінде қабылдау керектігін алға тартады. Мұндай идеялар тарихи тұрғыдан дәлелденген мәзһабтар институтын жоққа шығарып, «әр мұсылман тікелей өзі Құран мен хадиске жүгініп пәтуа бере алады» деген шетін көзқарастың қалыптасуына алып келеді.

Мәзһаб ұстанбайтындардың пікірі бойынша әрбір адам дінді, шариғатты өз беттерінше оқып, үйрене алады. Ол үшін араб тілін меңгеру жеткілікті. Араб тілін білген адам Құранды да, сүннетті де өздігінен оқып, дін қағидаларын түсіне алады. Яғни, ешқандай мәзһабқа ерудің, ұстанудың қажеті жоқ. Тек Құран мен сүннеттің тура мағынасын басшылыққа ала отырып, діни шешімдерді қабылдай алады.

Ақылды шектеп, кеңінен ой қорытуға жол бермейтін псевдосалафилер «Дінді ақылмен түсінуге болмайды, ол – философия, яғни адасушылық» деген қағидаттарды қойып, аяттар мен хадистердің негізгі мәніне, олардың қандай жағдайда, қашан айтылғанына қарамастан тікелей мағынада қабылдауға тырысады. Ақыл қорытып, ой жүгіртуге шектеу қоятындықтан, олардың қатарына жаңадан қосылған адам еркін ойлау қабілетінен айрылып мәңгүртке айналады. Өйткені, ондай адам аяттың, хадистің астарына үңілуге дәрменсіз, себебі, оның білімі жеткіліксіз, мәтіндерді тек псевдосалафилер түсіндірген қалыпта қабылдап алады да, басқаша ойлауды күнә санайды.

Мұндай буквалистік идеялар көптеген діни ұғымдардың шынайы мәнінің бұрмаланып түсіндірілуіне, сол арқылы қазіргі кезде белең алып отырған діни экстремизмнің өршуіне себеп болып отыр. «Жиһад», «хижра», «ширк», «бидғат» секілді ұғымдардың мағынасын бұрмалау нәтижесінде тәкфіршілдік идеясын дамытуға, соның нәтижесінде өз қатарларындағы адамдардың радикалануына себеп болу арқылы елдегі тыныштық пен келісімнің бұзылуына жол ашуда.

Алайда, білім деңгейі жеткіліксіз адамның Құран мен хадистерді өз бетінше оқып алып, дін мәселелері бойынша шешім шығаруына тыйым салатын Құран аяттары бар: «(Мұхаммед Ғ.С.) оларға: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?». Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады» («Зүмәр» сүресі, 9-аят), «(Алла (Т.) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады» («Бақара» сүресі, 264-аят). Бұлар радикалдың тәкфір, жиһад сияқты күрделі тақырыптар бойынша шешім шығаруға құқығы жоқ екенін түсіндіру тұрғысынан маңызды дәлелдер болып саналады.

Қорыта айтқанда, Құран мәтінін осы буквализм әдісімен түсіндіру салдарынан экстремистік көзқарастарға негіз болатын көптеген бұрмаланған түсініктер туындаған. Сонымен қатар, Құран аяттарын тура мағынада ғана ұғыну, оларды ақылмен жоруға қарсы секілді буквалистік идеялар Қазақстан мұсылмандарының дәстүрлі сенімдік ұстанымдарына сай келмейтін қайшылықты діни түсініктер қалыптастыру арқылы діни негіздегі алауыздықты өршітіп, ішкі тұрақтылыққа нұқсан келтіретін факторға айналуы мүмкін. Шетін көзқарастарды ұстанатын идеологиялық ағымның кез келген көрінісі ұлтаралық, дінаралық қатынастарға жік түсіріп, ұлт тұтастығына, мемлекет тұрақтылығына, дәстүрлі діни құндылықтарға үлкен қатер төндіреді.

Кез келген ұлттың өзін тарихта ұлт ретінде сақтап қалуының алғы шарты өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі дінінен, тілінен, ділінен ажырамауы екені белгілі нәрсе. Осындай құндылықтарымыз бен тәуелсіздігімізді сақтап қалу – халқына жанашыр әрбір жанның азаматтық парызы.

**Гүлмира ОСПАН,**
**ҚР АҚДМ ДІК дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының ғылыми қызметкері**

## ҚАЛАЛЫҚ СОТ ХАБАРЛАЙДЫ




**Отбасындағы зорлы-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық – балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамуы үшін ауыр машақат.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамдағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адам және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы. Тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Оның етек алуы отбасынан басталады. Отбасындағы салауаттылық өркениетті қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып, қалыптасады. Балалар – еліміздің болашағы. Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қарау, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің басты құндылықтарының бірі.

Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да, тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады. Ананың бесік жырынан басталатын қарым-қатынасы, іс-әрекет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр осылардың бәрі – адамның дүниетанымын, сана-сезімін, мінезін қалыптастыратын тәлімдік мұра. «Жақсыдан жаман туады,бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.

«Тәрбиесіздік-ол адамзаттың қас жауы,тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу Насыр әл Фараби. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек. Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

**Алсу МИЗАМБАЙ,**
**Жезқазған қалалық сотының жетекші маманы**

# ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЛМЫСТАР – ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

**Зорлық-зомбылық өз алдына тек жәбірленушілердің құқықтарын бұзып қана қоймай, өскелең ұрпақ үшін теріс үлгі болып келеді.**

Статистика бойынша отбасындағы зорлық-зомбылық әйел адамдарға қатысты жасалады, егде адамдар мен балалар зорлық-зомбылық әрекеттерге тап болатын жағдайлар да аз емес.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы — тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

Көптеген құқық бұзушылар жазасыз қалуда, ал зорлық-зомбылық фактілері айтылмаған күйінде тіркелмей қалады. Ресми статистика жәбірленушілердің полицияға шағымдануына кедергі келтіретін көптеген факторлар салдарынан жағдайдың нақты сипатын көрсетпей отыр. Көп жағдайда істер ӘҚБтК 73-бабы бойынша (отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер) жәбірленушінің арызының негізінде қозғалатындықтан және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғамен татуласуына байланысты тоқтатылуға жататындықтан, ӘҚБтК 64-бабының 1-тармағының негізінде тараптардың татуласуына байланысты ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көріністерінің негізгі себептері тұрмыстық ұрыс-керіс, қолайсыз материалдық жағдай, қызғаныш, отбасындағы теріс психологиялық климат, басқалардың мүдделерін елемеу болып табылады. Көбінесе құқық бұзушылықтар кешкі уақытта жасалады.

Іс жүзінде зорлық-зомбылық әр жағдайда ішімдік ішуден болады және статистика аталған даулардың жиі денсаулыққа зиян келтірумен аяқталатынын көрсетеді.

Бұл проблема әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық сол күйінде маңызды әлеуметтік проблема болып қалып отыр.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен сәтті күрес жүргізудің негізгі шарты – қоғамның көзқарасын өзгерту. Ол үшін қоғамдық сана мен қалыптасқан стереотиптерді түбегейлі өзгертіп, отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарына сәйкес түсінік қалыптастыру қажет, қоғамға қарсы мінез-құлықты еркімен жібермеу керек. Әрбір жазасыз қалған үй бұзақысы өзінің бойында бұдан да ауыр құқық бұзушылықтарды жасауға негіз болатын жауапсыздық сезімін дамытады.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ және ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 10, 19-баптарына сәйкес, шығып қалған қалалық сайлау комиссиясынан-1, учаскелік №209,№210,№211,№212,№213,№214,№215,№216,№217,№218,№219,№220,№221,№222,№223,№224,№226,№227,№228,№229,№230,№231,№232,№233,№234,№235,№236,№237,№239,№240,№241 сайлау комиссияларынан кейбір мүшелерінің өз міндеттерінен босатылуына байланысты, Жезқазған қалалық мәслихаты саяси партиялардың ұсыныстары негізінде қалалық, учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарына өзгерістер енгізілетінін хабарлайды.

Саяси партиялар және қоғамдық бірлестіктерден қалалық мәслихатқа белгіленген формада кандидатуралардың тізімдері жіберіледі: атауы, сайлау комиссиясының нөмірі, комиссияның мекен-жайы, кандидатураның аты-жөні, туған күні, айы, жылы, жеке басы куәлігінің нөмірі, берген мекеме, берілген күні, ұлты* (кандидаттың еркіне байланысты), білімі, мамандығы, жұмыс орны, лауазымы, қызмет телефоны, тұратын мекен-жайы, үйінің телефоны, саяси партия немесе қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табыла ма (кандидаттың еркіне байланысты). Осы мәліметтерге саяси партия немесе өзге де қоғамдық бірлестіктердің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, құрылатын сайлау комиссиясына қатысты жоғары құрылымның төрағасы қол қояды.

Ұсынылған кандидатуралар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19-бабының 2-1, 10 тармақтарына, 20-бабының 12-тармағына сәйкес болулары тиіс.

Жоғарыда аталған формаға қосымша келесі құжаттар тапсырылады:

1. Саяси партияның немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің органы отырысының тиісті сайлау комиссиясына кандидатты ұсыну туралы хаттамасынан үзінді, сондай-ақ, жоғары сайлау комиссия шешімінің үзіндісі;

2. Саяси партия немесе өзге де қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгендігі жөніндегі құжаттың көшірмесі;

3. Кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуына келісім берген қалалық мәслихат хатшысының атына жазған өтініші және белгіленген формада кандидаттың өмірбаяндық мәліметтері.

**Ұсыныстар қалалық мәслихатта 2019 жылдың 6 желтоқсанынан 21 желтоқсанына дейін (сағат 9-00 -18-00 ) Жезқазған қаласы Алаш алаңы, 1, /10 қабат/ мекен-жайы бойынша қабылданады.**

Қалалық мәслихаттың хатшысы – Советбек Тұрсынұлы Медебаев.

Материалдарды жинауға жауапты:

Александр Анатольевич Ким – қалалық мәслихат аппаратының жетекшісі, жұмыс тел. 8(7102)734571.

Бибігүл Жалғасқызы Сеилова – қалалық мәслихат аппаратының бас маманы, жұмыс тел. 8(7102)711323.

**Қалалық мәслихаттың хатшысы**
**С.МЕДЕБАЕВ**

# ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ №32/292 «ҚАЛАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***2019 жылғы 29 қараша*** ***№ 39/348***

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23.01.2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 29.09.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10,19-баптарына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қалалық сайлау комиссиясының құрамынан

1.Нуржанова Гүлнар Шульгаубаевна шығарылсын

**Сессия төрағасы**
**С.СУРНИН**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы**
**С.МЕДЕБАЕВ**

# ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДАҒЫ №32/293 «УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***2019 жылғы 29 қараша*** ***№ 39/349***

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23.01.2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 7-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 28.09.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10,19 баптарына. сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**№209 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Ибраев Бахытжан Калижанович
2.Молдабекова Акмарал Аубакировна
3.Темирбеков Мырзатай Акшекенович
4.Тулегенова Зина Алмасовна
**№210 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Уахитов Куаныш Султанович
2.Аймурзинов Ербол Ерболатович
3.Бакибаева Алтынгуль Сабировна
4.Инсебаева Ардак Абумусовна
**№211 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Ким Римма Владимировна
**№212 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1. Булакбай Муратбек Муканбетжанулы
2.Каржаубаева Сая Туралыевна
3.Бакиров Самат Бахитович
4.Мектепбаева Жанна Барамановна
5.Акпарова Бакытжан Сыздыковна
**№213 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Шайхинова Жанар Конысбековна
2.Амиренова Жанар Каппаровна
3.Кенбеилова Гульнар Байзуловна
**№214 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Жакупова Камшат Мухамбеткалиевна
2.Аппазова Салтанат Нурмашкызы
3.Тлеужан Кенжетай Серікқызы
4.Суттибаева Гульжахан Ибрагимовна
5.Кульмагамбетова Назира Советовна
**№215 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Куланбаева Бекзат Азиевна
2.Гуткнихт Эльмира Райнольдовна
3.Оралбекова Жанна Калдыбековна
4.Белецкий Ярослав Владиславович
5.Байгазива Базаркуль Амзиевна
**№216 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Тілемис Әсет Оразғалиұлы
2.Кудебаева Аяулым Рамазановна
3. Омарова Гульнар Абжановна
4.Бейсембаева Алуа Шакировна
**№217 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Сембина Жулдыз Талдыгалиевна
2. Есмаганбетов Берик Серикович
3.Бакирова Динара Даулетовна
**№218 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Аппазов Маргулан Кабыландыевич
2.Доскенова Жанагуль Кабыкеновна
3.Достанбекова Акмарал Сериковна
4.Минасипова Анель Кудайбергеновна
5.Карезина Светлана Сергеевна
**№219 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Естаева Анель Сериковна
2.Аманжол Әйгерім Мейрамқызы
3.Кенешбаева Нурайым Алмасовна
4.Ермекбаева Молдир Сагынышовна
5.Тұралы Диана Есенәлікқызы
6.Ыбырай Куанышбек Назымбекұлы
**№220 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Кыдырбаева Бахытжан Бериковна
2.Заббаров Рустам Закиевич
3.Өтеубаева Ақнұр Амангелдіқызы
4.Молдагаирова Айгул Аманкалиевна
5.Қапашова Айнұр Бақтығалиқызы
**№221 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Тлеубаева Жамал Балгабаевна
2.Курманбаева Бибигуль Куандыковна
3.Кикбаева Назгул Ибрагимовна
**№222 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Рахимбекова Жулдыз Турсунбековна
**№223 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1. Кадырсизова Кызгалдак Махадиевна
2.Сары Акжан Кенжебекқызы
3.Сарбасова Жанат Кыдыралиевна
**№224 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Бимагзумова Гулмайра Абикеновна
2.Алтынбекова Гульсара Сериковна
3.Шорнаева Дана Оменовна
**№226 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Аманжолова Акжан Утебаевна
2.Орынбаева Гулмира Ниязовна
**№227 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Джанигизова Дана Ермуханбетовна
2.Жакенова Жанерке Салимовна
**№228 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Амиралиева Айман Ибадуллаевна
**№229 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Нуржаубаева Ляззат Оралбаевна
2.Абдибекова Каламкас Бакировна
3.Ержанов Алмат Акайдарович
4.Елемесова Жібек Оразайқызы
5.Касембекова Лаура Мухтаровна
**№230 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Мелдахан Еркеназ Казыбекқызы
2.Нургазинов Гульбан Сабыровна
3.Амантаев Мурат Мауленович
4.Амантаев Улжан Мейрамбековна
5.Утебаева Диана Мейрбековна
6.Жакенова Роза
7.Оразбаев Жандос Ибрахимулы
8.Абдикерова Сара Тугелбаевна
**№231 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Сакеева Калимаш Толегеновна
2.Сарсембаев Акбота Барлыбаевна
3.Маселеева Жанар Ермаганбетовна
4.Орынбаева Мадина Болатовна
5.Абеуова Жанар Тулеуовна
6.Айтпаева Туганай Сериковна
**№232 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Кульбаева Бибигуль Тулегеновна
2.Ултыкеева Айгерим Ардаковна
3.Таубаева Индира Ункеновна
4.Шортанбаева София Бектурсыновна
5.Ракымжан Айдана Конайкызы
6.Досанова Меруерт Егизбаевна
**№233 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Шафикова Гульмира Сериковна
2.Кулиева Любовь Петровна
3.Алпысбекова Базаркул Жылкайдаровна
4. Устюгова Анастасия Владимировна
**№234 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Есенбекова Ботакоз Бакитовна
2.Кожабекова Айжан Алиаскаровна
3.Игенов Асхат Сагиммусаевич
4. Мацедан Татьяна Евгеньевна
**№235 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Есенова Назгуль Сейтжановна
2.Базылов Ербол Сагатулы
3.Иманбекова Гульназия Рамазановна
4.Мукашева Кульпаш Байзадиновна
5.Каратаев Алибек Турлыбекович
6.Аймурзина Шугыла Сайлауовна
**№236 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Оразбекова Эльмира Ануарбековна
2.Камбаров Жомартбек Арипбекович
**№237 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Әбдіғұл Сандуғаш Нұрланқызы
**№239 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Мергенова Гайнияш Тулегеновна
2.Копеева Зейнетай Абкеновна
**№240 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Мунтенова Саида Усербаевна
2.Ахметова Жанна Жаппаровна
**№241 Учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан**
1.Шорабаева Бекзат Дарханкызы шығарылсын

**Сессия төрағасы С.СУРНИН**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы**
**С.МЕДЕБАЕВ**

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

# ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

***2019 жылғы 26 қараша*** ***№ 37/01***

***Нормативтік-құқықтық акті 29.11.2019 жылғы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5544 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9 бабының 6), 9) тармақтарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 «Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 14010 тіркелді) бұйрығына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде.

2. Жезқазған қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 19/03 «Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4349 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (193) «Жезказганский вестник» газетінде, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (8051) «Сарыарқа» газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 22 қыркүйегінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. БЕГІМОВ**

***Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «26» қарашадағы***
***№ 37/01 қаулысына***
***1-қосымша***

## Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарға жұмыс орындары квотасы

| № | Ұйымның атауы | Қызметкерлердің тізімдік саны | Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан) | Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қарағанды облысы Жезқазған қаласының карттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 144 | 1 | 1 |
| 2 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 128 | 1 | 1 |
| 3 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 112 | 1 | 1 |

***Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «26» қарашадағы***
***№ 37/01 қаулысына***
***2-қосымша***

## МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН АУЫР ЖҰМЫСТАРДЫ, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЗИЯНДЫ, ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДАҒЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫ

| № | Ұйымның атауы | Қызметкерлердің тізімдік саны | Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан) | Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде жұмыс орындарының саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қарағанды облысының білім басқармасының Жезқазған политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 74 | 2 | 1 |
| 2 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 7 «Айгөлек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 66 | 2 | 1 |
| 3 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 1 «Көктем» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 60 | 2 | 1 |
| 4 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №11 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 78 | 2 | 2 |
| 5 | «Қорғау кызметі» ЖШС филиалы | 705 | 4 | 28 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 29.11.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5544 болып енгізілді***

***Результаты согласования***
***Аппарат акима Карагандинской области – Руководитель отдела Мәдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 11.11.2019 12:28:51, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – и.о руководителя департамента Канат Байбулатович Тажибаев, 22.11.2019 13:02:59, положительный результат проверки ЭЦП***
***Результаты подписания***
***ГУ «Аппарат акима города Жезказган» – аким города Жезказган Кайрат Баяндинович Бегимов, 26.11.2019 11:44:43, положительный результат проверки ЭЦП***

ДІН және ҚОҒАМ

# ХАНАФИ МӘЗҺАБЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ МАТУРИДИДІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



**Ислам – пенде өмірінің барлық саласын қамтыған әрі Илаһи негізге сүйенген өркениет пен мәдениеттің негізі. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) басталып, келесі кезеңдерде біртіндеп қалыптасқан ислам өркениетінің құрылуы, уаһиға негізделген білімді терең түсінген ислам ғалымдарының күш-жігері мен еңбегінің жемісі ретінде, жеке және әлеуметтік өмірдің қалыптасуының нәтижесінде жүзеге асты.**

Ислам мәдениетінің өркендеуіне және мұсылмандық өмірдің қалыптасу кезеңінде имам Ағзам Әбу Ханифаның (ө. 150/767) және оның ойлау жүйесі «ханафи мектебінің» мүшелерінің орнының ерекше екенін айтуға болады. Ислам дінін көптеген қоғамның қабылдауы мен таралуында, Ханафи мәзһабының әсері зор. Атап айтқанда, Орта Азиядағы үстем болған діни сенім Әбу Ханифа мәзһабының негізінде құрылған. Олар исламды еркін және толеранттылықпен түсіну арқылы, исламның наным-сенімін, ғибадат ету және моральдық құндылықтарын қалыптастыра білді. Мәзһаб бір ой жүйесі болғандықтан, Ханафи мазхабын «Ханафи ой жүйесі» немесе «Ханафи фиқһ өркениеті» деп атаған. Ханафи фиқһ өркениетіне ықпал еткен, маңызды ғұламалардың бірі әрі бірегейі – Түркістан үкіметіне қарасты Самарқанд қаласынан шыққан Әбу Мансур әл-Матуриди (333/944). Әбу Ханифаның «Әл-фиқһ әл-акбар» және бес еңбегінде ислам дінінің сенімге қатысты көзқарастарын жүйелі түрде қолға алған Матуриди, сенім мәзһабының ұстазы болуымен қатар, Ханафи мәзһабының усул және фуру саласында көптеген еңбектер жазған ғалым.

Исламдағы сенім қағидаларын қамтитын итикад (сенім) заңы Әбу Ханифаның бес шығармасын жүйелеу нәтижесінде Имам Матуриди тарапынан құрылды. Сонымен қатар, Имам Матуриди Әбу Ханифаның сенімге қатысты айтқан идеяларын жинақтап, «хош иісті каламдар» деп аталатын мектебін құрды.

Матуридидің жетекшілігімен құрылған, Әһли Сүннет мектептерінің бірі болып табылатын Матуридизмнің интеллектуалды құрылымы Әбу Ханифаға негізделген. Ислам ілімін Ханифа мәзһаб ғұламаларынан үйренгеніндей, талабалары да Ханафи мәзһабының пікірлерін қолдап, қоштайтын ғұламалардан. Исламдық сенімга қатысты ғылыми сәйкестік жүйе қалыптастырғаны үшін сенімдік мәзһабтың атын «Матуриди сенім жүйесі» деп аталған.

Ханафи мазхабының ғұламаларының сенімге қатысты пікірлері мен түсініктері Имам Матуридидің «Кәләм» іліміндегі көзқарастарымен ұштасуымен қатар, Матуриди «Китабу-тәухид» деп аталатын, сенімдік жүйені қамтыған әдебиет жазды. Міне, осы себептен де Ханафи мәдениетінің сенім жүйесін қалыптастырған ғалым ретінде танылған.

Матуридидің бүгінгі күнге дейін сақталған «Тәуилатул Құран» атты еңбегінде, ханафи фиқһ ережелерін көптеп қолданған. Бұл жайында, Алауиддин ас-Самарканди (539/1144), «Шәрхул Тәуилатул Құран» атты еңбегінде кеңінен баяндап, «Тәуилатул Құран» кітабын үлкен кітап деп көрсеткен. Әбу Мансур әл-Матуриди Ахли сунна теологтарының Мавераннахр аймағының ұстазы болған. Қалам саласындағы көзқарастарымен қатар, Матуридидің, әсіресе фиқһ әдісі туралы шығармалары Самарқанд халқына әсер етіп, оны Самарқанд фикх мектебінің жетекшісі етіп қабылдады. Осыдан кейін, «Әһли Сүннет ұстазы» деген атақпен қоса, «Самарқан Ханафи мектебінің жетекшісі» деп аталған.

Имам Матуриди Ханафи мәзһабына қатысты бірнеше еңбек жазған. Нақты айтар болсақ, Тәуилатул Құран, мә-Әхизу ш-Шариа фи Усули л-Фиқһ, Китабул Жәдәл фи Усули л-Фиқһ, әр-Раддул әләл Карамита, Шәрху Жәмиу Сағир деп аталатын әдебиеттері бар.

Қазіргі таңда Имам Матуридинің сенімге қатысты пікірлері бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Ал амал әрі құқықтық тұрғысынан зерттеулер мен мақалалар өз деңгейінде қолға алынбауда. Сенім мен амал мәзһабтарын бірлестіру әрі жүйелі түрде түсіну, заман талабы деген қорытынды шығуда. Өйткені, Имам Матуридидің уаһиға байланысты ақыл-ой ережелерін түсіндіру, оның көзқарастарының сенімділігін арттырады және қабылдануын жеңілдетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Имам Матуридидің көзқарасы он бес ғасыр бойы қалыптасқан ислам өркениеті мен мәдениеті туралы ұтымды көзқарасты қалыптастырып, ақылды қабылдап, нақылды қабылдамайтын. Бұл өз кезегінде нақылды қабылдап, ақылды қабылдамайтын, заманымыздағы кейбір бауырларымыз үшін маңызды екені сөзсіз.

# ҚАЙЫРШЫНЫҢ ҚОРЖЫНЫ НЕГЕ ТОЛМАДЫ?




Бір елдің патшасы әдеттегідей таңертең серуенге шығады. Келе жатып жол үстінде отырған қайыршыға көзі түседі де, бір жақсылық жасайын деп шешеді. Қайыршыны шақырып алып:

– Тілеуіңді тіле, не сұрасаң да беремін, — дейді. Қайыршы күліп:

– Сіз менің қалауымды қанағаттандыра алмайсыз деп қорқамын. Қажеті жоқ, – деп қысқа қайырады.

Қайыршы тарапынан бір менсінбеушілік байқағандай болып патша:

– Сенің кез келген қалауыңды берем. Уәдем – уәде. Айт, не тілеуің бар? — деп сұрады. Қайыршы:

– Жоқ, қажеті жоқ. Мұны істеу мүмкін емес, — деді. Мұны естіген патша:

– Жоқ, мүмкін емес нәрсе жоқ. Мен – патшамын. Қане, айт, — деп райынан қайтпай тұрып алды.

– Жақсы, патшам! Менің қалауым – қарапайым. Ендеше, мына дорбамды толтырып берсеңіз болғаны. Тілеуім – осы, — деді.

– Тілеуің болсын, — деп нөкерлерін шақырып, – мына дорбаны теңгеге толтырыңдар, — деп бұйрық береді.

Нөкері көзбен шамалап, қазынадан теңге алдыртады. Бірақ, теңге дорбаның жартысына да жетпеді. Тағы салады. Толмайды. Бірнеше қапшық әкеліп дорбаға төгеді. Апыр-ай, толатын түрі жоқ. Жұрт аң-таң. Патша ақшам кетсе де, абыройым жоғалмасын деп нөкерлеріне қалайда қайыршының қалтасын толтырыңдар деді. Теңге де, алтын да, күміс те, бағалы тастар да салынып жатыр. Ақыры, қайыршы:

– Патша ағзам! Осы салғаныңыз жетеді, — деп өзі тоқтатады. Адам баласы естімеген сұмдықты көзімен көрген патша:

– Бұл дорбаның сыры не, қандай сиқырдан жасалған? — деп сұрайды. Сонда қайыршы:

– Уа, патша ағзам! Ешбір сиқыры жоқ. Бұл дорба адам баласының құлқынынан жасалған. Ал адам баласының құлқынын толтыру мүмкін емес, — деген екен.

…Иә, бұл – жәй ғана данышпандардың айтқан мысал әңгімесі. Десе де, мұнда маңызды ақиқат бар. Ол – адам баласының болмысы. Адамның құлқыны ешуақытта тоймайды. Адамға ешуақытта ешнәрсе жетпейді. Бұхари мен Муслим кітаптарында Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта: «Адам баласының екі сай мал-дүниесі болса, ол үшінші сайды қалаған болар еді. Адам баласының құлқынын тек топырақ қана толтыра алады. Ал тәубе еткен адамды Алла кешіреді» — делінген. Адам есін жиса, құлқынның құлы болудан құтылады. Оның жалғыз жолы – қанағат. Шариғатта: «Қанағат – сарқылмас қазына» — деген нақыл бар.

**Руслан ҚАМБАР**

# МІНЕЗІ ЖАМАН ӘЙЕЛГЕ САБЫР ЕТУДІҢ СЫЙЫ

**Тарихта һижри 352 жылы (миләди 963 жыл) Бистам қаласының маңындағы Харакан елдімекенінде дүниеге келген Әбу әл-Хасан әл-Харакани есімді әулие өткен. Тасавуф ілімінде классикалық еңбектердің бірі саналған «Мәнәзил ус-Саирин» атты мәшһүр еңбектің авторы болған Абдуллаһ әл-Ансари әл-Хараули – осы Әбу әл-Хасан әл-Хараканидің шәкірті. Хараули өзінің еңбектерінде ұстазы әрі мүршиді жайлы:**

«Тасауфтағы ұстазым – Әбу әл-Хасан әл-Харакани. Оны кездестірмегенімде мағрифатқа жете алмас едім», – деп өзінің қол жеткізген ілімі мен рухани халін ұстазымен байланыстырады.

Исламның дәлелі саналған ғалым Имам Ғазалидің өзі Әбу әл-Хасан әл-Хараканиге қатысты:

«Мұндай кәміл бір мүршидті үлгі тұтудың өзі – сауап. Мұндайлардың табылуы өте сирек. Әсіресе, осы заманда…», – дейді.

XI ғасыр Ислам әлемінде танымал ойшылдар мен ғалымдар шыққан бір кезең еді. Рази, Фараби секілді тұлғалар да осы дәуірде дүниеге келіп, еңбектері Шығыс пен Батысқа дейін тарап, ерекше әсер қалдырған. Осы кезде замандастары Ибн Сина да әрі медицина, әрі философия саласында атағы шыққан ғалымдардан еді. Мұнымен қатар, мағрифат және тасауф іліміне де қызығушылығы болған. Осы қызығушылығының себебімен Ибн Сина Әбу әл-Хасан әл-Хараканиді зиярат етуге іздеп барады.

Достарымен бірге келген Ибн Сина Хараканидің есігін қағады. Есіктің әр жағынан дөрекі бір кексе әйелдің дауысы шығады. Бұлар келген мәселесін айтып, Әбу әл-Хасан әл-Хараканиді сұрайды. Әлгі әйел де:

«Ол алаяқ наданды не қылмақсыңдар?!» – деп күйеуі жайлы аузына келгенін айтып, біраз жерге дейін апарып тастайды. Есіктің бер жағында тұрғандар абдырап қалады. Кейбіреуі:

«Адамды білсе, ең жақсы жұбайы біледі», – деп әлгі жерден кетуге ыңғайланады. Ибн Сина болса, сонша жерден келгенде Хараканиді көрмей кетпейтінін айтады. Басқалар да Ибн Синаның сөзін құп көріп, соңына дейін күтуге бел буады. Іштегі әйел де бұлардың кетпей күтіп тұрғанын көріп, Хараканидің отын жинауға кеткенін, тек кешке қарай ғана келетінін айтады.

Алыстан келген зияратшылар ұстазды көріп кету үшін кешке дейін күтеді. Ақшам уақыты жақындап, күн ала көлеңке болған шақта алыстан бір қара көрінеді. Қараса, бір арыстанға отындарын артып алып, өзі де сол отындардың үстіне мініп алып келе жатқан Хазіреті Харакани екен. Күтіп тұрғандар бұл көрініске аң-таң. Харакани де зиярат етушілерінің түрлеріндегі сұраққа өздері сұрамастан бұрын жауап беріп:

– Үйдегі «арыстанға» сабыр қылғандығымыздан Аллаһ Тағала ормандағы арыстандарды бізге бағындырып қойды. Үйдегі қатынның жүгін арқаламағанымда, бұл арыстан да менің жүгімді арқаламас еді», – дейді.

Міне, жаман қатынның мінезіне көрсетілген төзімділік пен сабырдың сыйы бұл дүниенің өзінде осындай болса, ақыреттегі сыйын өзіңіз де бағамдай беріңіз…

**Салтан САЙРАНҰЛЫ**



# ОРАМАЛ ДАУЫ: түйіні шешілмейтін мәселе ме?

**Бүгінгі қоғамда мұсылмандық негізге сай қыз балалардың киім үлгісіне қатысты мәселелер көп. Соның ішінде орамал мәселесі діни әрі заңнамалық тұрғыдан даудан арыла алмай отыр.**

Бірінші мәселе, бет-әлпетін тұмшалап, қап-қара киім кигендердің мәселесі қоғам тарапынан алаңдаушылық туғызуда.

Екінші мәселе – мектептерде қыз балалардың орамал тағып келу мәселесі.

Бірінші мәселе – заңнамалық тұрғыдан шешілуді талап ететін мәселе. Қазіргі қолданыстағы заңнамалар бұған тыйым салуға қауқарсыз.

Себебі, орамал тағу барлық діндерде бар құбылыс екенін бәріміз де жақсы білеміз, сондай-ақ біздің мемлекетіміз діннің ішкі мәселелеріне ешқашан араласқан емес. Бірақ, әйелдер киімінің сипаты әр елдің тарихи дамуы барысында қалыптасқан салт-дәстүрлерімен тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз керек.

Соның ішінде, қазақ әйелдерінің де өз ұлтының қалыптасқан дәстүріне сай бас киім кию үлгісі болған. Қазақ әйелдерінің бас киімі көшпелі өмірге бейімделіп тігілген және жас ерекшелігіне қарай бөлінетін болған. Тарихта талай қилы заманды басынан кешкен, қазақ халқының қыз-келіншектерінің бас киімі қашанда көшпелі ұлттың өмір сүру қалпына бейімделген.

Қандай заман болса да біздің әже-аналарымыз күнделікті тұрмыста негізінен матаның ашық түсін пайдаланған. Ал жас жеткіншек қыздың, бойжеткен арудың, тұрмысқа шыққан келіншектің, балалы болған ананың сипаттарына қарай өзіндік бас киім үлгілері болды.

Мысалы, жас келін түскен жерінде бір жылға дейін желек жамылып жүреді. Ойын-тойға барғанда, сәукелесін де киіп баратын болған. Жас келін перзентті болған соң ауыл әйелдері мен бәйбішелер жиналып келіп, келінге кимешек кигізеді. Бұл келіннің ана болған кезін білдірген. Өмір болған соң әртүрлі жағдайлар да болып жатады. Сондықтан, бас киімнің үй және шаруа жұмыстарына арналған түрлері болды. Соғыс жағдайларында қолына найзасын, басына дулығасын киген қаншама батыр аналарымыз пен батыр қыздарымыз болды. Ал, үлкен тойлар мен салтанаттарда киетін бас киімдер оюланып, әшекей заттармен көркемделген. Жас келіншектер кимешектерін өрнектермен әшекейлеп, сәндеп киген. Жесір қалған әйелдер кимешектің өрнектерін алып тастайтын болған. Әйел егде тартқан сайын, кимешегі де қарапайымдала берген. Әжелеріміз болса кимешектің үстінен жаулық тартып, «ақ жаулықты әже» атанған. Осыдан байқағанымыз, біздің ата-бабаларымыз бүгінгі біздерден діни ілімдерді әлдеқайда терең меңгерген, әрі сол замандарда қазақ әйелдері еш уақытта қара жамылмаған және бет ауыздарын тұмшаламаған.

Әрбір ұлттың, әрбір халықтың өзінің тарих қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрі мен әдет ғұрыптарына сай киім үлгісі бар. Киім үлгілеріне қатысты діни үкімдердің белгілі бір талаптары болуымен қатар, халықтардың орналасу географиясы да киім формасының қалыптасуында басты факторлардың бірі болды.

Ауа райы қыс айында +30 градус ыстық болатын географиялық аймақ пен ауа райы қыста -50 градус болатын аймақтардың киімі бірдей бола алмайтыны белгілі. Сондықтан, бүгінгі қазақ қоғамында мұсылмандық киім үлгісі жетілдіруді талап ететіні ақиқат. Бүгінгі әпке-қарындастарымыз киіп жүрген киімдер шариғат үкіміне негізделгенімен, ол күнделікті тұрмыстың қажеттіліктеріне жауап бере алмайды.

Мысалы, жаугершілік заманда атқа қонып ел қорғаған батыр аналарымыз болды, қыз қуу деген керемет ұлттық ойынымыз бар, осындай жағдайларға бейімделген киім болуы керек.

Сонымен қатар, бау-бақшада жұмыс жасағанда оған сай киім үлгісі болуы керек. 2010-2012 жылдары дін жанашырлары мұсылмандық киім үлгілеріне қатысты байқаулар жариялап, конкурстар өткізгені белгілі. Өкінішке орай, қоғам сол кезде бұған дайын болмады ма, әлде басқа себептері болды ма, әйтеуір жалғасын таппады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы істі қайта қолға алса құба-құп болар еді.

Сауд Арабиясы өзінің қалыптасқан дәстүріне сай, Мысыр мен Түркия өздерінің мәдениеттеріне сай киім үлгілерін киіп жүр. Енді сол елдердің киім үлгісін әкеліп біздің қоғамға нағыз мұсылмандық киім деп тықпалаудың еш қажеті жоқ. Киімнің түсі адамдарды діннен үркітіп, үрейін туғызбауы тиіс және қоғамның тұтастығына сызат түсіріп, араздыққа апармауы қажет. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде өзінің Конституциясы мен заңдары арқылы елдің қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етіп отыр. Бет-ауыздарын тұмшалап алып кімнің кім екенін ажырата алмайтындай ортада эстремизм мен лаңкестік қаупі күшейеді, сәйкесінше оның алдын алуға бағытталған шаралар да күшейтілетіні белгілі.

Екінші мәселеге мектептердегі қыз балалардың орамал тағуына келер болсақ, қолданыстағы заңнамалар мұны реттеуге мүмкіндік береді. Еліміздің негізгі заңы ар-ождан құқығын белгілейді, ол – рухани категориялар, ішкі әлем және наным. Мектептерде орамал тағу және діни киім кию – ар-ождан еркіндігіне жатпайтын сыртқы көріністер.

Бұдан басқа, Конституцияның 22-бабы 2-тармағында ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс деп көрсетілген. Мұндай міндеттерге әрбір қоғамдық қарым-қатынас, оның ішінде білім беру саласындағы ішкі қағидаларды сақтау жатады.

Мектеп формасына қойылатын бірыңғай талаптар – әрбір қазақстандық үшін орта білім беру мекемелерінде міндетті түрде орындауға жататын нормативтік қағида. Мемлекет жоғарыда айтылғандай оқушының ішкі жан дүниесін шектемейді, құқығын бұзбайды, сондай-ақ, ата-аналардың сеніміне араласпайды. Тек қана білім беру саласында жалпыға ортақ қабылданған ішкі мінез-құлық қағидасын орындауға үндейді.

Әрине, әрбір мұсылман пенде орамалдың балиғат жасына толғандарға парыз, міндет екенін біледі. Оған иланады және кәміл сенеді. Сонымен қатар, оның балиғат жасына толғаннан кейін талап етілетініне назар аударады. Ислам діні балиғат жасына толмаған қыздың орамал тағуын талап етпейді. Шариғатымыз орамал тағудың түпкі мәні мен маңызын, үкімін түсінбейтін кішкентай бүлдіршіннің басына жаулық жабуды міндеттемейді. Ал қыз баланың балиғатқа толуын, тек 9 жасқа келуімен шектеп қоюға болмайды. Ислам ғұламаларының пікірінше, түрлі жағдайларға байланысты қыз бала 12-13 жаста да, кейін де (14-15 жас) балиғатқа толуы мүмкін.

Балиғат жасына толмаған қыздарымызды, соның ішінде жасы жетіге енді толып, мектеп табалдырығын жаңа аттаған өрімдей қыздарын тұмшалап, хиджаб кигізген ата-аналар болды. Осындай ата-аналар қыздардың балиғат жасына жетпегеніне да қараған жоқ. Шариғат үкімдерінде ұятты жерлерін жабу міндеттелген жас белгілі болғанына қарамастан, діни сауаты төмен бауырларымыз мектептерде дүрбелең шығарып қоғамның назарын аударды. Айтыс-тартыс басталды.

Ал, соның зардабы орамал тағатын барша мұсылманға тиді. Конституцияның, Заңның талаптарын толық түсіне бермегендері орамал тағатын мектеп мұғалімдеріне, колледж бен университеттердің діндар қыздарына орамалдарын шешуді талап ете бастады. Осыған байланысты айтарым, дінде шектен шықпауымыз керек. Шектен шыққан кезде, ол керісінше басқа таяқ болып өзімізге тиетінін ұмытпайық.

Бүгінгі күні біздің Конституциямыз бен қолданыстағы заңнамаларымызда діннің ішкі мәселелерін шектейтін бірде-бір бап жоқ. Сол заң талаптары шеңберінде бекітілген, оның ішінде басқа орамал тағуға қатысты ережелер белгілі бір мемлекеттік органдарда жұмыс уақытында ғана шектеу қоюы мүмкін. Мысалы, елімізде қалай болса солай киіну емес, киімді таңдау еркіндігі барына ешкімнің күмәні жоқ. Дегенмен де, әрбір ұйымның немесе мекеменің киім киюге қатысты өз нормалары мен ережелері бар екені белгілі.

Қорытындылай келе, келесі нәрселерді айта кеткен жөн:

Біріншіден, ешкімнің де діни сенімге жататыны негізінде, құқықтары мен бостандықтарына шек қойылмайды, ал қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында киім үлгісіне қойылатын талаптар барлығына – түрлі дін ұстанушыларына, сонымен қатар, дінді ұстанбайтындарға да қатысты. Екіншіден, қоғамда орамал тағатындарға жаппай бастарын ашқызу да көзделіп отырған жоқ. Орамал тағуға рұқсат берілмей жатыр деп байбалам салып, қоғамды дүрліктірудің орнына, заман талаптары мен салт-дәстүрімізге негізделген мұсылмандық киім үлгілерін жасауға ұмтылуымыз қажет.

**Балғабек МЫРЗАЕВ**

*Дереккөз:* **kazislam.kz**

## 09.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Kóńil tolqyny». 06:25 «Másele». 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Гауһар». 15:00 «Жат мекен». 16:00 «Apta». 16:45 «Balanyń kóńili...». 17:00 AQPARAT. 17:10 «Қазақ елі». 18:10 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «ГАУҺАР». 23:25 «ҚАЗАҚ ЕЛІ». 00:30 AQPARAT. 01:00 «Niet». 02:30 «Ashyq alań». 03:20 «Balanyń kóńili...». 03:35 «Másele». 04:10 «Kóńil tolqyny».

**ХАБАР**
06:00 «Юху и его друзья». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Дала қырандары». 10:45 «Армандастар». 11:15 «National Geographic». «Марс». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Менің тағдырым». 13:00 «Свадьбы и разводы». 14:40 «Разия». 15:00 «Bilim». 15:30 «Бір туынды тарихы». 16:00 «Ду-думан». 17:00 «Листопад». 18:30 «Шашу». 19:30 Қорытынды жаңалықтар 20:10 «Армандастар». 20:45 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня 21:40 «Абдулхамид хан». 22:30 «Дала қырандары». 23:20 «Листопад». 00:40 «Төрлетіңіз». 01:45 «Народный контроль».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Astana аптасы». 07:45 Үздік әзілдер. 08:00 «Маша и медведь». 09:40 «Қара ниет». 10:50 «Не ври мне». 11:55 «Челночницы». 13:00 «Elorda live». 13:20 «Челночницы». 14:40 Алдараспан 18:10 «BAS times». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:10 «Үздік әзілдер». 01:20 «Не ври мне». 02:30 ASTANA TIMES. 03:30 «Бір болайық». 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**
07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 07.50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.50 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.50 «ЮРМАЛА». 12.30 «ПРОЦЕСС». 17.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ». 23.50 «КРЕМЕНЬ». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BEST-STAR». 03.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 04.15-05.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**
06.00 «Гу-гулет». 06.40 «Азулылар әулеті». 07.50 «Плохие парни». 10.40 «Баллистика:Экс против Сивер». 12.40 «Выкрутасы». 15.00 «Бастық боламын». 16.00 «Жаңа келін». 17.10 «Элиф». 18.15 «Балабол-2». 19.20 «Крепостная». 20.20 «ИП Пирогова». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Бастық боламын». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.05 «Не сдавайся». 23.50 «Ветер в лицо». 01.00 «Ультраамериканцы». 03.00 «Жаңа келін». 04.00 «Элиф». 04.45 «Женіп көр».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 08:30 «Юлдуз Усманова». 10:10 «Феи». 11:50 «Три богатыря. Ход конем». 13:30 «Тылсым әлем». 14:45 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Интерны». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро 21:15 «Иффет». 22:45 «Жанкешті ханымдар». 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 «Адасқан ғұмыр». 02:30 «Отступники». 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Таңғы шоу». 11.05 «Белорусский вокзал». 13.00 «Жезкиік». 13.20 «Рухани қазына». 13.35 «Мәңгі махаббат қалашығы». 15.35 «Деректі». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Шырайлы шаһар». 16.40 «Ән шашу». 17.00 «Әке серті». 18.00 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Қазақстан байтақ өлке». 19.40 «Шырайлы шаһар». 19.55 «За строкой Послания». 20.10 «Рухани жаңғыру». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Время шелкового пути». 23.30 «Дидар».

## 10.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Kóńil tolqyny». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Гауһар». 15:00 «Жат мекен». 16:00 «JAN JYLÝY». 16:25 «Nur Tileý». 17:00 AQPARAT. 17:10 «Қазақ елі». 18:10 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «ГАУҺАР». 23:25 «ҚАЗАҚ ЕЛІ». 00:30 AQPARAT. 01:00 «Ashyq alań». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Nur Tileý». 04:35 «Jan jylýy».

**ХАБАР**
06:00 «Юху и его друзья». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Дала қырандары». 10:45 «Армандастар». 11:15 «Абдулхамид хан». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 Елорданы көшірген күніне арналған деректі фильм. 13:00 «Свадьбы и разводы». 14:40 «Разия». 15:00 «Қоғамдық талқылау». 16:00 «Ду-думан». 17:00 «Листопад». 18:30 «Шашу». 19:30 Қорытынды жаңалықтар 20:10 «Армандастар». 20:50 Новый курс 21:00 Итоги дня 21:40 «Абдулхамид хан». 22:30 «Дала қырандары». 23:20 «Листопад». 00:50 «Төрлетіңіз».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Қара ниет». 11:00 «Не ври мне». 12:05 «Брак по завещанию». 15:30 «Жаза». 18:00 «BAS times». 19:40 «Үздік әзілдер». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:10 «Үздік әзілдер». 01:20 «Не ври мне». 02:30 ASTANA TIMES. 03:30 «Бір болайық». 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.40 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.40 НОВОСТИ. 10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ». 12.30 «КРЕМЕНЬ». 14.40 «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 17.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ». 23.50 «КРЕМЕНЬ». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BEST-STAR». 03.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 04.15-05.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**
06.00 «Гу-гулет». 06.40 «Азулылар әулеті». 07.50 «Элиф». 08.50 «Монкарт». 09.25 «Ветер в лицо». 10.40 «Смеяться разрешается». 12.40 «Крепостная». 13.40 «Балабол-2». 15.00 «Бастық боламын». 16.00 «Жаңа келін». 17.10 «Элиф». 18.15 «Балабол-2». 19.20 «Крепостная». 20.20 «ИП Пирогова». 21.00 Лотерея 777. 21.05 Бастық боламын». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.05 «Не сдавайся». 23.50 «Ветер в лицо». 01.00 «Смеяться разрешается». 03.00 «Жаңа келін». 04.00 «Элиф». 04.45 «Женіп көр».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 09:10 «Феи: Потерянное сокровище». 11:00 «Иффет». 12:30 «Фазилет ханым». 13:30 «Тылсым әлем». 14:45 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Интерны». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро 21:15 «Иффет». 22:45 «Жанкешті ханымдар». 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 «Адасқан ғұмыр». 02:30 «Омерзительная восьмерка». 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 11.35 «Шырайлы шаһар». 11.45 «Мультфильм». 12.00 «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Рухани жаңғыру». 13.45 «За строкой Послания». 14.00 «Мәдина салған әндер-ай». 15.30 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Время шелкового пути». 17.00 «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Қазақстан байтақ өлке». 19.40 «Шырайлы шаһар». 19.55 «Будьте здоровы». 20.10 «Заң және қоғам». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Туған жер». 23.30 «Дидар».

## 11.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Kóńil tolqyny». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Гауһар». 15:00 «Жат мекен». 16:00 «ТҰЛҒА». 16:35 «Бір күн». 17:00 AQPARAT. 17:10 «Қазақ елі». 18:10 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «ГАУҺАР». 23:25 «ҚАЗАҚ ЕЛІ». 00:30 AQPARAT. 01:00 «Ashyq alań». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Aqsaýyt». 04:25 «Бір күн».

**ХАБАР**
06:00 «Юху и его друзья». «Клео - забавный щенок». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар. 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Дала қырандары». 10:45 «Армандастар». 11:15 «Абдулхамид хан». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Менің тағдырым». 13:00 «Свадьбы и разводы». 14:40 «Разия». 15:00 «Қарақатпен шай». 16:00 «Ду-думан». 17:00 «Листопад». 18:30 «Шашу». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:10 «Армандастар». 20:45 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня 21:40 «Абдулхамид хан». 22:30 «Дала қырандары». 23:20 «Листопад». 00:40 «Қызық times». 01:45 «Біздің назарда».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Қара ниет». 11:00 «Не ври мне». 12:05 «Брак по завещанию». 15:30 «Жаза». 18:00 «BAS times». 19:40 «Үздік әзілдер». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:10 «Үздік әзілдер». 01:20 «Не ври мне». 02:30 ASTANA TIMES. 03:30 «Бір болайық». 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.40 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.40 НОВОСТИ. 10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ». 12.30 «КРЕМЕНЬ». 14.40 «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 17.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ». 23.50 «КРЕМЕНЬ. ОСВОБОЖДЕНИЕ». 01.40 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.30 «ТОЙ BEST-STAR». 03.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 04.15-05.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**
06.00 «Гу-гулет». 06.40 «Азулылар әулеті». 07.50 «Элиф». 08.50 «Монкарт». 09.25 «Ветер в лицо». 10.40 «Смеяться разрешается». 12.40 «Крепостная». 13.40 «Балабол-2». 15.00 «Бастық боламын». 16.00 «Жаңа келін». 17.10 «Элиф». 18.15 «Балабол-2». 19.20 «Крепостная». 20.20 «ИП Пирогова». 21.00 Лотерея LOTO 6/49 / 777 / KENO. 21.05 «Бастық боламын». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.05 «Не сдавайся». 23.50 «Ветер в лицо». 01.00 «Смеяться разрешается». 03.00 «Жаңа келін». 04.00 «Элиф». 04.45 «Женіп көр».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 09:30 «Феи: Волшебное спасение». 11:00 «Иффет». 12:30 «Фазилет ханым». 13:30 «Тылсым әлем». 14:45 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Интерны». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро 21:15 «Иффет». 22:45 «Жанкешті ханымдар». 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 «Адасқан ғұмыр». 02:30 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 «Шырайлы шаһар». 12.00 «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Будьте здоровы». 13.45 «Заң және қоғам». 14.00 «Асыл жарым». 15.30 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Туған жер». 17.00 «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Қазақстан байтақ өлке». 19.45 «Шырайлы шаһар». 20.00 «Рухани жаңғыру». 20.15 «Саңлақ». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Туған жер». 23.30 «Дидар».

## 12.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Kóńil tolqyny». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Гауһар». 15:00 «Жат мекен». 16:00 «100 jańa esim». 16:30 «БЕЙМӘЛІМ АЛАШ». 17:00 AQPARAT. 17:10 «Қазақ елі». 18:10 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «ГАУҺАР». 23:25 «ҚАЗАҚ ЕЛІ». 00:30 AQPARAT. 01:00 «Ashyq alań». 01:50 ФУТБОЛ. 04:00 «Nur Tileý». . 04:35 «100 jańa esim».

**ХАБАР**
06:00 «Қызық times». 07:00 «Клео - забавный щенок». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Дала қырандары». 10:45 «Армандастар». 11:15 «Абдулхамид хан». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Олжалы отбасы». 13:00 «Между нами девочками». 14:40 «Разия». 15:00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға.». 15:50 «Подари детям жизнь». 16:00 «Ду-думан». 17:00 «Листопад». 18:30 «Шашу». 19:30 Қорытынды жаңалықтар 20:10 «Армандастар». 20:50 Открытый диалог 21:00 Итоги дня 21:40 «Абдулхамид хан». 22:30 «Дала қырандары». 23:20 «Листопад». 00:50 «Тарих. Тағдыр. Тұлға.». 01:40 «Көрімдік».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Қара ниет». 11:00 «Не ври мне». 12:05 «Брак по завещанию». 15:30 «Жаза». 18:00 «BAS times». 19:40 «Үздік әзілдер». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:10 «Үздік әзілдер». 01:20 «Не ври мне». 02:30 ASTANA TIMES. 03:30 «Бір болайық». 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.40 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.40 НОВОСТИ. 10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ». 12.20 «КРЕМЕНЬ. ОСВОБОЖДЕНИЕ». 14.40 «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 17.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ». 23.50 «КРЕМЕНЬ. ОСВОБОЖДЕНИЕ». 01.40 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.30 «ТОЙ BEST-STAR». 03.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 04.15-05.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**
06.00 «Гу-гулет». 06.40 «Азулылар әулеті». 07.50 «Элиф». 08.50 «Монкарт». 09.25 «Ветер в лицо». 10.40 «Смеяться разрешается». 12.40 «Крепостная». 13.40 «Балабол-2». 15.00 «Бастық боламын». 16.00 «Жаңа келін». 17.10 «Элиф». 18.15 «Балабол-2». 19.20 «Крепостная». 20.20 «ИП Пирогова». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Бастық боламын». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.05 «Не сдавайся». 23.50 «Ветер в лицо». 01.00 «Смеяться разрешается». 03.00 «Жаңа келін». 04.00 «Элиф». 04.45 «Женіп көр».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 09:30 «Феи: Тайна зимнего леса». 11:00 «Иффет». 12:30 «Фазилет ханым». 13:30 «Тылсым әлем». 14:45 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Интерны». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро 21:15 «Иффет». 22:45 «Жанкешті ханымдар». 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 «Адасқан ғұмыр». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 «Шырайлы шаһар». 12.00 «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Рухани жаңғыру». 13.45 «Саңлақ». 14.00 «Сағынышым - сары дала». 15.30 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 17.00 «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.15 «Қазақстан байтақ өлке». 19.45 «Қылмыс пен тұрмыс». 20.00 «Жас time». 20.15 «Қаламгер». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Туған жер». 23.30 «Дидар».

## 13.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Kóńil tolqyny». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Гауһар». 15:00 «Жат мекен». 16:00 «ИМАН ӨЗЕГІ». 16:25 «Жарқын бейне». 17:00 AQPARAT. 17:10 «Қазақ елі». 18:10 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «ГАУҺАР». 23:25 «ҚАЗАҚ ЕЛІ». 00:30 «PARASAT MAIDANY». 01:05 AQPARAT. 01:35 «Niet». 03:05 «Ashyq alań». 03:55 «Жарқын бейне». 04:25 «Ауылдастар».

**ХАБАР**
0 6:00 «Қызық times». 07:00 «Клео - забавный щенок». 07:30 «Таңғы хабар». 08:00 Жаңалықтар 08:10 «Таңғы хабар». 09:00 Новости. 09:10 «Таңғы хабар». 10:00 «Дала қырандары». 10:45 «Армандастар». 11:15 «Абдулхамид хан». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Патриот». бағдарламасы 13:00 «Между нами девочками». 14:40 «Разия». 15:00 «Давайте говорить». 16:00 «Central Asia's Got Talent». 16:30 «Религия. Сегодня». 17:00 «Листопад». 18:30 «Шашу». 19:00 «Өнегелі ғұмыр. Тамас Айтмұхамбетов». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:10 «Армандастар». 20:50 Новый курс. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Опасный Бангкок». 23:15 Khabar boxing 00:50 «Қызық times».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:40 «Қара ниет». 10:50 «Не ври мне». 11:55 «Брак по завещанию». 13:00 «Айтарым бар». 14:00 Үздік әзілдер. 15:30 «Жаза». 18:00 «BAS times». 19:40 Үздік әзілдер. 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:10 «Үздік әзілдер». 01:15 «Не ври мне». 02:30 ASTANA TIMES. 03:30 «Бір болайық». 04:30 Сырты бүтін 05:30 «Ән мен әзіл».

**КТК**
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.40 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.40 НОВОСТИ. 10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ». 12.20 «КРЕМЕНЬ. ОСВОБОЖДЕНИЕ». 14.40 «ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 17.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.00 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «НАСТАВНИК». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BESTSTAR». 03.30 «АҚИҚАТЫН АЙТАЙЫҚ». 04.15-05.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**
06.00 «Гу-гулет». 06.40 «Азулылар әулеті». 07.40 «Элиф». 08.50 «Монкарт». 09.25 «Ветер в лицо». 10.40 «Смеяться разрешается». 12.40 «Крепостная». 13.40 «Балабол-2». 15.00 «Субботний вечер». 17.10 «Юморина». 19.10 «Мой друг Дед Мороз». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Бастық боламын». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.05 «Районы». 01.00 «Заблудившийся». 03.00 «Куырдак». 04.00 «Элиф». 04.45 «Женіп көр».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 09:30 «Феи: Легенда о чудовище». 11:00 «Иффет». 12:30 «Фазилет ханым». 13:30 «Тылсым әлем». 14:45 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Интерны». 18:00 «Ивановы-Ивановы». 20:00 Информбюро 21:15 «Неудержимые 2». 23:30 «Әзілдер жинағы». 00:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 02:00 Ризамын. 03:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 «Мультфильм». 12.00 «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Қаламгер». 13.45 «Жас time». 14.00 «Қылмыс пен тұрмыс». 14.15 «Туған ел». 15.30 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 17.00 «Әке серті». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.30 «Қазақстанның жер жәннаты- Көлсай». 19.45 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 20.00 «Жұмадағы жүздесу». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

## 14.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Qyzyq eken...». 07:00 AQPARAT. 07:30 «Сәлем, Қазақстан!». 09:00 «Бір күн». 09:25 «TOLAҒAI». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NUR TILEÝ». 12:35 «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ». 12:50 «Отан отбасынан басталады». 14:20 «Сүйгенім бол». 16:15 «КІШКЕНТАЙ ҚАҺАРМАН». 17:30 «БІР КҮН». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 «MÁSELE». 20:35 «Ázil álemi». 21:00 «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ». 22:40 «Сүймегенге сылтау көп». 00:30 «Ауылдастар». 01:00 «Nur Tileý». 01:30 «Másele». 02:05 «Parasat maidany». . 02:40 «Бір күн». 03:05 «Көңілашар». 03:45 «Kóńil tolqyny».

**ХАБАР**
06:00 «Тамаша». 07:00 Ұлттық олимпиадалық комитетінің марапаттау рәсімі. 08:50 «Өзін-өзі тану». 09:00 «Әнші балапан». 10:30 «Нильс Хольгерсон». 11:30 «Нетуристы». 12:00 «Бір туынды тарихы». «Тақиялы періште». 12:30 «Тақиялы періште». 14:00 «Central Asia's Got Talent». 15:40 «Армандастар». 18:20 «Қызық times». 19:20 «Topjarǵan». 21:00 «7 күн». 22:00 «Хатико: Самый верный друг». 23:30 «Черный список». 00:20 «National Geographic». «Марс». 01:10 «Менің тағдырым». 01:45 «Өзін-өзі тану».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «KazNet». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Қара ниет». 11:00 «Біздің ауыл-2». 11:40 «Ел аузында». 12:40 «Айтыс». 15:10 «Мимино». 17:20 «Делай ноги 2». 20:00 «Итоги». 20:45 «Үздік әзілдер». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Алдараспан». 01:00 «Кішкентай қожайын». 02:50 Той жыры. 03:20 «KazNet». 04:00 Сырты бүтін. 05:00 «Күлдірген».

**КТК**
07.05 «АҢҒАЛ ПЕРІШТЕ». 08.50 «НАСТАВНИК». 13.00 «КАКОЙ ОНА БЫЛА». 16.50 «СЕМЕЙНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «ВСЕ РАВНО ТЫ БУДЕШЬ МОЙ». 02.00 «АҒАЖАН, ҚЫЗМЕТІҢІЗГЕ ӘЗІРМІН». 03.10 «АЙША». 03.55 «ТОЙ BESTSTAR». 05.00-06.00 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН».

**7-АРНА**
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 08.30 «Мен сұлумын». 09.00 М/с «Фиксики». 09.30 «Юморина». 11.50 «ИП Пирогова». 15.00 «Бастық боламын». 20.30 «Гу-гулет». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Кино по понятиям». 23.10 «Рэкетир». 01.10 «Рэкетир-2». 03.40 «Зың-зың Кулпаш».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 «Анашым, біз үйдеміз!». 08:30 «Маша и Медведь». 09:20 «Готовим с Адель». 10:00 «Готовим с Адель». 10:40 «Красивый и упрямый». 14:00 «Звездная пыль». 16:50 «В поисках Немо». 19:00 «В поисках Дори». 21:00 «Тамаша live». 21:30 «Месть и Закон». 01:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 02:00 Ризамын. 03:00 Әзіл студио. 04:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

**ДИДАР**
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.00 «Қазақстан байтақ өлке». 10.00 «Дидар». 10.15 «Жасының оты жанымда». 12.00 «Әке серті». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.00 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 14.15 «От всего сердца». 15.30 «Мультфильм». 15.40 «Қазақстанның жер жәннаты- Көлсай». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Арнаймын саған». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Хабарландыру». 19.00 Деректі 19.25 «Рухани қазына». 19.40 «Шындағы шыңар». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Панорама недели». 22.00 Документальный 23.00 «Апталық шолу».

## 15.12.2019

**QAZAQSTAN**
06:05 «Qyzyq eken...». 07:00 «Сәлем, Қазақстан!». 08:20 «Кішкентай қаһарман». 09:35 «AQSAÝYT». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «DARA JOL». 12:50 «Отан отбасынан басталады». 14:10 «Сүймегенге сылтау көп». 15:50 «Ázil álemi». 16:20 «Екі жұлдыз». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 «АРТА». 20:45 «ҮШ АЛЫП КЕЛЕДІ КҮШ АЛЫП». 21:15 «БАЙДЫҢ БАЛАЛАРЫ». 23:25 «Жаужүрек Мың бала». 01:50 «Dara jol». 02:35 «Бір күн». 03:00 «Aqsaýyt». 03:25 «Apta». 04:10 «Kóńil tolqyny».

**ХАБАР**
06:00 «Елге сәлем». 07:50 «Самопознание». 08:00 Профессиональный бокс. 11:30 «Жауынгер». 11:50 «Судьба человека - Судьба страны». 12:50 «Topjarǵan». 14:30 «Дала қырандары». 17:20 «Ән әлемі». 19:20 «Central Asia's Got Talent». 21:00 «7 күн». 22:00 «Қазақ хандығы. Алмас қылыш». 00:15 Профессиональный бокс. 01:15 «Черный список».

**АСТАНА**
06:00 «Ән мен әзіл». 07:00 «Қаламгер». 07:30 «Алдараспан». 10:00 «Қара ниет». 11:10 «Мимино». 13:20 «Делай ноги 2». 15:50 «Айтыс». 18:30 «Үздік әзілдер». 19:00 «Саяси ринг». 20:00 «Astana аптасы». 20:45 «Үздік әзілдер». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Алдараспан». 23:00 «Оңай емес». 23:50 «Статья на двоих». 02:00 «Итоги». 02:45 «Ел аузында». 03:45 «KazNet». 04:45 «Әзілстан». 05:15 «Күлдірген».

**КТК**
07.05 «АСЫЛЫМ». 08.50 «ТОЙ BEST-STAR». 09.50 «ЮРМАЛА». 12.00 «ВСЁ РАВНО ТЫ БУДЕШЬ МОЙ». 16.20 «УЛЫ ТАМШЫЛАР». 19.00 «БИШІ ҚЫЗ». 20.30 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22.00 «СЛУГИ НАРОДА». 22.30 «ОТ СУДЬБЫ НЕ ЗАРЕКАЙСЯ». 02.10 «АШ БӘЛЕДЕН ҚАШ БӘЛЕ-2». 03.20 «БАСТЫ РӨЛДЕ». 03.45 «ТОЙBEST-STAR». 04.50-05.40 «КӨРІПКЕЛ».

**7-АРНА**
0 6.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 Скетчком «Q-елі». 09.20 «Kzландия». 10.00 «TELE Bingo». 10.30 «Субботний вечер». 12.50 «Кино по понятиям». 15.00 «Мен сұлумын». 15.30 «Сән мен сымбат». 15.40 «Зың-зың Кулпаш». 20.50 Скетчком «Q-елі». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Келинка Сабина. Правдивая история». 23.30 «Келинка Сабина-2». 01.40 «Келинка тоже человек». 03.50 «Зың-зың Кулпаш».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Бауржан шоу 08:00 «Әзілдер жинағы». 09:00 «Маша и Медведь». 10:00 «БОЛЬШОЙ ЗАКУП». 10:30 «Әзілдер жинағы». 11:00 «Тамаша live». 11:50 «Звездная пыль». 14:50 «В поисках Немо». 17:00 «В поисках Дори». 19:00 «История игрушек». 21:00 «Красивый и упрямый». 00:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 02:00 Ризамын. 03:00 Әзіл студио. 04:30 Ризамын.

**ДИДАР**
08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный 09.00 «Панорама недели». 10.00 «Дидар». 10.15 «Сәулемді елге түсірсем...». 12.15 «Жүрек тынысы». 13.00 «Шындағы шыңар». 13.20 «Рухани қазына». 13.35 Деректі фильм. 14.00 «Апталық шолу». 15.00 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Асыл-Ана». 18.00 «Неизведанный Казахстан». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.00 «Саңлақ». 19.15 «Рухани жаңғыру». 19.30 «Желтоқсан жаңғырығы». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Дорога людей. Мухтар Ауезов и эпос Манас». 22.10 «Даладағы құғын».

---

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# БОЛАШАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІН ТЕЛЕФОННАН БІЛУГЕ БОЛАДЫ

**Ашық есік күнін өткізу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары үшін дәстүрлі шараға айналып келеді. Бұл жолы БЖЗҚ филиалдарының қызметкерлері салымшылар мен алушыларды қор кеңселерінде емес, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында қарсы алды.**



«Зейнетақыны жоспарлау» күн тәртібіндегі басты тақырып болған шарада тұрғындар сауалына партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Сәуле Тұтқышева, Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының басшысы Абай Әзімбаев, Жезқазған қаласы халыққа қызмет көрсету орталығының бас маманы Салтанат Сүлейменова жауап берді.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстанда зейнетақы жүйесі бірнеше деңгейден және төлем көздерінен тұрады. Базалық және ортақ зейнетақы мемлекеттік бюджет есебінен, ал жинақтаушы зейнетақы – міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленеді. Зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында оңтайлы үлестірілген. Сондықтан, міндетті зейнетақы жарналарын жұмыс берушінің қорға уақытылы аударып отыруы жұмыскер үшін өте маңызды. Өйткені, болашақ зейнетақының қандай болатыны жарналардың көлемі мен аударылу жиілігіне тікелей байланысты.

Қордағы жинақ ақшаңыздың жай-күйімен үнемі хабардар болып отыру үшін ұялы телефоныңызға қордың «ENPF» мобильді қосымшасын жүктеп алуыңызға болады. Онда push-хабарлама қызметі бар. Оны пайдалану үшін қосымшаның «Баптау» бөліміне кіріп, (push-хабарламаны қосу/өшіру) осы қызметті іске қоссаңыз болды. Сонда зейнетақы шотыңызға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары келіп түскен сәтте, экранда пайда болатын қысқаша хабарлама Сізге бұл туралы хабарлап отырады.

«Ашық есік күні» барысында «БЖЗҚ» АҚ мамандары келушілерге мобильді қосымшаның басқа да мүмкіндіктері туралы әңгімеледі. Мысалы, зейнетақы калькуляторы. Сол арқылы болашақ зейнетақыңыздың болжамды мөлшерін есептей аласыз. Зейнетақы калькуляторы келушілер арасында ерекше сұранысқа ие болды. Көп адам қосымшаны осы шара барысында телефондарына жүктеп алып жатты. Бұдан басқа азаматтар ерікті зейнетақы жарналарына да қызығушылық танытты. Бұл жарналар болашақ зейнетақының көлемін арттыруға едәуір септігін тигізеді.

Қор мамандары «Жинақтар құнсызданып кетуі мүмкін» деген қауесеттерді жоққа шығарды. Жинақтаушы жүйеде мұндай жағдай орын алуы мүмкін емес. Өйткені, мұнда әрбір салымшының атына жеке зейнетақы шоты ашылады. Оған зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түсіп отырады. Мұны қор сайтының жеке кабинеті арқылы көз жеткізуге болады.

Жиын барысында зейнетақы жүйесінің бұлайша өзгеріске түсуіне қарсылық білдірген тұрғындар да табылды. Осыған орай, ашық есік күні соңында барлық қатысушыларға арнайы бағалау сауалнамалары таратылып, тұрғындар пікірі жазбаша түрде қабылданды. Қор басшылығы сауалнамада келтірілген пікірлер мен ұсыныстар ескерілетіндігін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**





## ЖҰМЫССЫЗДАР НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ қаламыздың жұмыссыз азаматтарын және жұмыс берушілерді **2019 жылдың 12 желтоқсанында сағат 15:00-де Жезқазған қаласының Халықтар достығы мен мәдениет үйінде** өтетін «Мемлекеттік қызметтер мен бос орындар жәрмеңкесі» қатысуға шақырады.

Барлық мәселелер бойынша Жұмыспен қамту орталығына хабарласуларыңызды сұраймыз: Мир даңғылы 26/1.

**Байланыс телефондары: 77-50-93, 77-50-84**

## Жезқазған қаласы тұрғындарының назарына!

Өңір тұрғындарының мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке орналасу мүмкіндіктерін кеңейтіп, қолжетімділігін арттыру мақсатында тестілеу залы ашылды.

**Мекенжайы:** Алаша алаңы, 1 *(Жезқазған қаласының әкімі аппаратының ғимараты, 8 қабат).*



БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директор – бас редактор**
**Дархан Қабылдашұлы МҰХАН**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 8 баспа табақ. Тапсырыс 1911. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

Ⓐ – материал ақылы.

100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. • http://saryarka.info.kz • E-mail: sa_jez@ mail.ru • whatsApp +7 708 420 19 88
Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Сағат Әбжәлелұлы Нарбаев!**



Сіз жетпістің асуына еселі еңбегіңізбен, қажырлы қайратыңызбен, ел-жұртқа сыйлы абырой-беделіңізбен атбасын тіредіңіз. Сіз өз бақытыңыз бен қуанышыңызды ұрпағыңыздан тапқан ардақты әке, сүйікті ата және ақылман аға ретінде бағалысыз. Осынау мерейлі күні Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп – төксе де аз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін. Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып жүре бергейсіз!

*Өткен күннің артта қалып елесі,*
*Тіршіліктің жылжи берер кемесі.*
*Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,*
*70 жастың құтты болсын белесі.*

*Ардақтайды ақсақал деп халқың да,*
*Біз секілді ұрпағың да артында.*
*Сексенге де, тоқсанға да жетіңіз,*
*Дәл осындай мейірімді қалпында.*

*Ізгі тілекпен,*
**аға-жеңгеңіз Қуанышбек – Күләш, балалары және немерелері**

## Жезқазған шаһарының жылнамасы

***2001 жыл***

Ақпанда атақты жерлесіміз, медицина ғылымдарының докторы, академик Т.Шарманов атындағы кітап сауда үйі ашылды.

7 ақпанда Орталық Азия университетінің Жезқазғандағы филиалында оқитын әнші жігіттерден құралған «Ұлар» тобы құрылды.

15 ақпанда «Қазақмыс» корпорациясы Жастар одағының құрылтайшылығымен «Мысты өңір» газеті шыға бастады.

22-25 ақпан аралығында XII аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі өтті.

Сәуір айында «Есқұла» су қоймасы аумағында жаңа тоған іске қосылды. Оның құрылысын жүргізуге 70 млн теңгеге жуық қаражат жұмсалды.

Мамыр айында «Қазақмыс» корпорациясы «Wored Quality Commitment Award» (жоғары) сапалы өнім үшін алтын дәрежесі белгісімен марапатталды.

21 маусымда №8 орта мектеп гимназия болып қайта құрылды.

23 маусымда Апостол Андрей Первозваный храмы пайдалануға берілді.

23 тамыздан бастап қазақ және орыс тілдерінде «Дауа» апталық басылымы шыға бастады.

12 қыркүйекте Елбасы Н.Назарбаев жұмыс бабымен Жезқазғанға келіп «Қазақмыс» корпорациясының бірқатар нысандарында болды.

15 қыркүйектен бастап Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде жастардың орыс тіліндегі «Наше время» апталық газеті шыға бастады.

6 қазанда №7 орта мектеп академик Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-лицей болып қайта құрылды.

Мұражай археологтері Теректі әулиедегі тастағы таңбаларды француз технологиясымен миколента қағазына түсіріп, Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларының құрамында зерттеу жүргізді.

Жезқазған мыс қорыту зауыты 248596 тонна қара мыс, 250486 тонна таза мыс өндіріп, бұл зауыт тарихында қол жеткен ең жоғары көрсеткіш болды.

Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде «Сөз.Жұмбақ.Саз» атты жаңа танымдық телебағдарламаның тұсауы кесілді.

***2002 жыл***

26 наурыздан бастап Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінен шығатын «Ұлағат», «Наше время» газеттері біріктіріліп, «Ұлағат-Наше время» деп атала бастады.

Ұлытау жерінің түлегі, Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі Ө.А.Байқоңыровтың 90 жылдық мерейтойына байланысты Жезқазған университетінің №2 оқу ғимаратының алдына Байқоңыровтың ескерткіші қойылды.

Музей тарихында алғаш рет «Тарихта өз атыңды қалдыр» деген атпен жәдігерлерді жинау акциясы өткізілді.

«Еуразия даласының әлемі» атты «Алтай-Дунай» архео-этнологиялық экспедициясының қорытынды көрмесі ұйымдастырылды.

Жезқазған аймақтық балалар ауруханасында балаларды қабылдап, емдейтін емхана ашылды.

Үкімет басшысы И.Тасмағамбетов қызмет бабымен Жезқазған аймағында болып қайтты.

Жезқазған жылу электр орталығына 50 жыл толды.

Қалалық тарихи-археологиялық музейде қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың 200 жылдық мерейтойына арналып «Кенесары Қасымов – тәуелсіздік жолындағы күрескер» атты көрме ашылды.

***2003 жыл***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 2 қарашадағы № 1233 және 2003 жылдың 26 ақпандағы № 208 қаулысына сәйкес «Жезқазғансирекмет» еншілес мемлекеттік кәсіпорыны «Жезқазғансирекмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны болып өзгертілді.

Наурыз айында «Ауылым – алтын бесігім» атты тақырыпта республикалық ақындар айтысы өтті.

Наурыз айында Қыпшақбай карьеріне тартылатын теміржол өтетін көпірді «Қазақмыс» корпорациясының құрылыс-монтаж тресі іске қосты.

22 наурызда азық-түлік дүкенінің негізінде Жезқазғанда «Самади» супермаркеті ашылды.

Маусым айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің жанынан Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі құрылды. Колледждің директоры – т.ғ.к., доцент М.К.Тілеужанова

28 қазанда Елбасы жұмыс бабындағы сапармен Жезқазғанда болды.

№22 орта мектеп Қазақстан Республикасындағы 100 үздік мектептің қатарына кірді.

«Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған кешенді ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық түстіметаллургия институты екіге бөлініп, бір бөлегі Жезқазған жобалау институты болып құрылды.

Белгілі жазушы, драматург, журналист Аппаз Қаражігітов «Мәдениет қайраткері» Құрмет белгісімен марапатталды.

Алашахан даңғылындағы 16-үйдің бірінші қабатынан «Қыз жасауы» дүкені ашылды.

Бейбітшілік даңғылы бойында үш қабатты етіп салынған «Нұр» сауда үйінің тұсаукесер рәсімі болды.

***2004 жыл***

Жезқазған қаласының 50 жылдық тойы қарсаңында қала эмблемасының үлгісіне жарияланған конкурста Жезқазған мыс зауытының жұмысшысы Махмет Төлеуұлы Ысқақовтың конкурстық жұмысы жеңімпаз деп танылып, қала эмблемасы 22 қаңтардағы Жезқазған қалалық мәслихатының сессиясында бекітілді.

23 қаңтардағы Жезқазған қалалық мәслихатының №4/46 шешімімен қаланың шығысында орналасқан К.Маркс көшесі Ғ.Омаровтың атына өзгертілді.

19 наурыздан бастап «Алтын аймақ» қоғамдық-саяси газеті апталық газет ретінде шыға бастады.

Тамыз айында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен Жезқазған гарнизоны құрылды.

13 желтоқсандағы Президент Жарлығымен мамандандырылған әкімшілік сот құрылды. Төрағасы болып С.Қ.Қожахметов тағайындалды.

Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Кенжебай Ахметовтың «Әдебиеттануға кіріспе» атты құнды оқулығы жарық көрді.

Қарағанды облыстық телерадио компаниясының кешенінде «Мәдени мұра» тележобасымен Алтын қорға жазылған алғашқы халық әндерін жерлесіміз Ғалым Мұхамедин мен оның шәкірттері орындады.

60 орындық наркология диспансері ашылды.

***2005 жыл***

Сәуір айында Астанада Қазақстан кәсіпкерлерінің конгресі өтіп, онда құрылған Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің «Атамекен» жалпыұлттық одағының Жезқазғандағы өкілдігі ашылатын болды.

15 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ресми сапармен Жезқазған қаласына келді. Жезқазған мыс зауытында болып, зауыт жұмысшыларымен, Алаш алаңына жиналған қала жұртшылығымен кездесті.

Қазан айында XV «Байқоңыр дауысы» халық шығармашылығы фестивалі басталды.

Жезқазған қаласында қазақтың дүлдүл ақыны, сан қырлы талант иесі Тайжан Қалмағанбетовтың ескерткіші бой көтерді.

Аймағымызда қазақ және орыс тілдерінде шығатын «О милых женшинах» деп аталатын жаңа газеттің тұсаукесер рәсімі өтті. Құрылтайшысы «Баян» компаниясы, бас редакторы Әсия Бейбітқызы Искакова.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

# ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында жыл сайынға дәстүр бойынша қазақ тілі мен әдебиетінен ұйымдастырылатын пәндік олимпиада өз мәресіне жетті.**




Биылда өз жалғасын тапқан пәндік олимпиада мамандық студентері және орыс тіліндегі басқа топтарда оқитын студенттер арасында ұйымдастырылды. Бір аптаға жалғасқан олимпиаданың жабылу салтанаты уни-верситеттің бас корпусында орналасқан TED-залында өтті.

Олимпиаданың жабы-лу салтанаты «Тіл – біртектілікке бастар тіке жол» тақырыбындағы дөңгелек үстелмен басталды. Дөңгелек үстелге Жезқазған қаласы «Қазақ тілі қоғамының» төрайымы Майра Мусина, Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан және университеттегі білім-инновация орталығының жетекшісі Ерден Байқоңыров қонақ болып, басты құндылығымыз саналатын қазақ тілінің бүгіні мен ертеңі жайында ашық әңгіме құрды.

Сондай-ақ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері де ана тіліміздің қолданыс аясы және аударма ісіндегі қателіктер тақырыптары бойынша баяндамаларын қорғап, өз пікірлерін ортаға салды.

– Алғашқыда тек жиырма төрт студенттен құралған кафедра уақыттар легімен біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті тіл және әдебиет мамандарын даярлап, еліміздегі лингвистика мен филология саласының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Кафедра оқытушылары тек мамандар дайындаумен ғана емес, қаламыздағы өндіріс орындарында қазақ тілін насихаттауға, оқытып-үйретуге белсене араласты. Студенттер мен ұстаздар ғылыми-зерттеу жұмыстарында да алдыңғы қатарлардан көрінді. Мемлекеттік тілді дамыту, қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытып-үйретуде де кафедра ұстаздарының еңбегі ерен. Студенттердің қабілет-қарымын, біліктілігі мен бейімділігн, көркемдік танымын дамыту мақсатында да атқарылып жатқан істер аз емес. Біз өз студенттеріміздің сапалы білім алып, биік межелерден көрінуі үшін барынша жағдай жасаудамыз. Қазірдің өзінде бізде білім алып жатқан студенттер түрлі мәдениет мекемелерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, университет әкімшілігінде жұмыстар істеуде. Біз әрбір студентімізді мақтаныш етеміз, – деген кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қанағат Алтайбекова жастарға тағлымды әңгіме айтып, үлгі болар іс көрсеткен шара қонақтарына алғысын білдірді.

Олимпиада соңы одан әрі танымды-интеллектуалды ойындармен жалғасты. Шара соңында кафедра меңгерушісі олимпиадаға белсене қатысқан студенттерді марапаттады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «ЕЛІНІҢ ЕЛЕУЛІ АЗАМАТТАРЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»

***көрмесі өз жалғасын тапты***

**Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында тарихи-археологиялық музейінің көрме залында «Елінің елеулі азаматтары: ұрпаққа үлгі» жобасы көрмесінің ашылуы ұйымдастырылды.**



Музей жобасының басты мақсаты – Ұлытау-Жезқазған өңірінің дамуына және оның қалыптасуына қажырлы еңбек еткен ұлы даланың ұландарын еске алу және олардың атқарған еңбектерін насихаттау. Ұрпақ міндеті – еске алу, әрқашан есте сақтау. Ендеше, осы аталған жобаның кейіпкерлерімен таныса отырыңыздар. Есімдері өлке тарихында сақталып қалған алты тұлға: **Әлжан Ахметұлы Ахметов** (1936-2002) – «Еңбек ардагері», өндіріс саласының майталманы, қоғам қайраткері, Энергетика министрлігінің дипломы және облыстық, аудандық Құрмет грамоталар мен Алғыс хаттардың иегері; **Қуаныш Хамзеұлы Әбіл** (1946-2016 ж.ж.) – жоғары санатты дәрігер, «1999-2009 ж.ж. Үздік отбасылық дәрігер», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі мен «Адал еңбегі мен Қазақстанның отбасылық медицинасының дамуына қосқан үлесі үшін» Құрмет грамотасының иегері; **Зейнулла Жапарұлы Құрманбаев** (1936-1991 ж.ж.) – білім саласының майталманы, «Еңбек ардагері» медалінің, Құрмет грамоталары және Алғыс хаттардың иегері. **Әбдікәрім Қынабайұлы Қынабаев** (1919-1988 ж.ж.) – Ұлы Отан соғысының ардагері, Еңбек ардагері, «Венаны алғаны үшін», «Будапештті алғаны үшін» және мерейтойлық медальдардың иегері; **Мінәжат Ибаділдаұлы Мыңқаев** (1938-2008) – білім саласының майталманы, 1965-1978 жылдары Борсеңгір мектебінің басшысы, ҚазақКСР-нің ағарту ісінің үздігі, КСРО Халық ағарту министрлігінің Құрмет грамотасының иегері; **Еңбекшіл Орынғалиұлы Орынғалиев** (1940-1999 ж.ж.) – медицина ғылымдарының кандидаты, денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты хирург, «Еңбек ардагері» медалінің және бірнеше Құрмет грамоталарының иегері.

Әскерилер нық адыммен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын енгізумен басталған шарада өз Отанына және еліне қалтқысыз қызмет еткен азаматтарға құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, олардың құрметіне Әнұран орындалып, бір минут үнсіздік жарияланды. Көрме қаһармандарының жүріп өткен өмір жолдарына арналған слайд көрермен назарына ұсынылды. Көрме кейіпкерлерінің әрқайсысы – өз уақыттарында әр саланың тізгінін ұстаған, өңіріміздің гүлденуіне атсалысқан тұлғалар. Жобаны ұйымдастыру барысында музей қызметкерлері аталған көрмеге қатысушылардың өмірі мен еңбегі туралы отбасылық мұрағаттан, музей қорынан, бірге қызмет атқарған әріптестерінен материалдар жинақтап, көптеген жұмыстар жүргізді.

Көрменің ашылу салтанатында сөз алған «Қазақтың Кетбұқасы» ҚБ төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған қаласы әкімінің аппарат басшысы Ержан Есетов, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова және көрме кейіпкерлерінің ұрпақтары, замандастары мен әріптестері елінің елеулі азаматтарының өнегелі өмірінен сыр шертіп, естеліктермен бөлісті.

Көрмені ұйымдастыру барысында музей қызметкерлері кейіпкерлерді анықтап, фотосурет, марапаттау құжаттары, баспасөз бетінде жарияланған мақалалар, кәде-сыйлар секілді құнды жәдігерлер жинақтады. Экспозициялық материалдар әр кейіпкердің өмір жолын баяндайтын 6 стендте орналасты. Стендтер қанатты сөздермен, өмірлік ұстанымдармен толықтырылды.

ҚР еңбек сіңірген артисі Ғалым Мұхамедин Игілік Омардың «Туыстар термесі», «Боларсың» әндерін шырқап, республикалық конкурстардың лауреаты Сағымбай Мәлібеков Жәнібек Кәрменовтің «Бабалар» әнін орындап, көрмеге қатысушылардың ыстық ықыласына бөленді. Көрме кейіпкерлерінің ұрпақтары аталарының құнды құжаттарын, кітаптарын музей қорына табыс етті.

**Еркебұлан КАМАЛИЕВ,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің аға ғылыми қызметкері**

# ТУ ҰСТАУШЫЛАР СЫНҒА ТҮСТІ

**Отанға, туған жерге деген құрмет мектеп жасынан қалыптасары белгілі. Осы орайда жастардың бойына ұлттық бітім-болмысымыз бен ерекше патриоттық сезім орнату жолында қалалық білім бөлімі ту ұстаушылар сайысын жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырудан жаңылған емес. Биыл да мектеп оқушылары арасындағы «Жас ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Алау» ту ұстаушылар сайысы кезекті шымылдығын түрді.**



Қаламыз бойынша он жеті мектеп қатысқан ту ұстаушылар сайысына Жезқазған қаласы білім бөлімі, тәрбие секторының меңгерушісі Гауһар Жақыпбекова, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері, қаламыздағы балалар мен жасөспірімдер сарайының бөлім меңгерушісі Ақыл Бекетова, ауған соғысының ардагері Бекен Бұхарбаев және Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасының аға лейтенанты Рүстем Назарбаев қазылық етті. Шара барысында ту ұстаушылардың бойын тік ұстауы, туды дұрыс ұстай білуі, жаттығулардан қателік жібермеуі, топ командирінің дауыс мәнері есепке алынды.

– Ту – әрбір елдің басты символикалық нышаны екендігі мәлім. Елге деген құрмет мемлекеттің айшығы болған басты нышандарын арда тұтудан басталады. Бүгінгі «Алау» ту ұстаушылар сайысына қатысқан барлық оқушыларға өзімнің және білім бөлімі басшылығы атынан алғысымды білдіремін. Себебі бұл – үлкен еңбек. Барлық нәрсе тәжірибе арқылы келетіні белгілі. Сол себепті, жыл сайын осы сайысқа қатысып, шеберліктеріңізді бұдан да жоғары деңгейде шыңдай беріңіздер, – деді сайыс барысында сөз алған Гауһар Жақыпбекова.

Сайыс нәтижесінде № 1, № 9, № 10, № 22 орта мектептері III орынды, Қ.Шыңғысов атындағы № 5, № 13 мектептері II орынды иеленді. Ал сайыста I орынды иеленген № 8 қазақ гимназиясының жас ту ұстаушылары жеңіс тұғырынан көрініп, «Үздік командир» атағын да қанжығаларына байлады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## БАСПАСӨЗ – 2020

# ТЕРЕКТІЛІКТЕР «SARYARQA» ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ

**Теректілік азаматтардың белсенділігін атап өтпеске болмас. Олар «Saryarqa» газетіне жазылуды дәстүрге айналдырып, тұрақты оқырман аталғалы қашан?! Газетіміздің 40 жылдығы аясында ел ағасы Бекзат Үмбетов қырық ауылдасына газет жаздырып беріп еді. Ал, биыл газетке жазылушылардың да, жаздырып беремін деушілердің де қатары артып отыр.**

Небәрі 73 отбасы тұратын Теректі стансасынан қазірдің өзінде 50 дана газет жаздырылған. «Жыл соңына дейін әлі де жаза түсеміз» деген ауыл жанашырлары біздің басылым арқылы жастардың зейінін ашып, аға буынға сенімді серік етпек. Жаңа жылдан бастап біздің газет теректілік тыл және еңбек ардагерлеріне, басқа да ауыл тұрғындарына жеткізілетін болады.

Туған жерге қамқорлық жасаудан талмай, бұл ісін «Saryarqa» газетін қолдаумен ұтымды байланыстырған Байғали Жетербаев, Жүсіп Ибраев, Қанат Дәулетбек, Ерболат Мизамбайұлы, Мұрат Қожақов бастаған теректілік Н.Наурызбаев, Д.Бейсенбаев, Қ.Байқоңыров, М.Бейсенбаев, С.Байқасынов пен Қ.Қарабаев, С.Байқасынова мен А.Сейітжанов сынды азаматтарға алғыс білдіреміз.

**Бота ШАЛҚАР**

## РИЗАШЫЛЫҚ КҮНІ

**«Бөбек» қорының басшысы Сара Назарбаеваның бастамасымен Қазақстанның барлық балалар үйінде ризашылық күнін тойлау дәстүрге айналған болатын. Осынау игі іс Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінде де он жылдан бері үздіксіз атап өтіліп келеді.**



# ЖАН ЖЫЛУЫН СЕЗДІРДІ

Таң атысымен мерекелік көңіл-күймен қызу дайындыққа кіріскен балалардың жүздері бал-бұл жайнап, атаулы мерекені үлкен қуанышпен асыға қарсы алды. Балаларды мерекелерімен құттықтауға «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Г.И.Қаженова, «Ремстрой» ЖШС директоры Н.И.Распопов, «ШАНС» ҚҰ директоры Б.Ж.Жанбекова, Жезқазған аумақтық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының бас маманы Р.К.Қожабаева, білім беру қызметкерлерінің қалалық кәсіподақ төрайымы Л.А.Күнеділова, қалалық білім бөлімінің бас маманы К.Ж.Мушенова және балалар үйі тәрбиеленушілері білім алатын мектеп директорлары қатысқан шара «Мейірімділік балалардың қамы үшін» тақырыбындағы дөңгелек үстелмен басталып, «Шын жүректен» атты концерттік бағдарламамен жалғасты. Қонақтар орталық спорт залында ұйымдастырылған бокс секциясында да болып, жас спортшылардың өнерлерін тамашалады. Мерекеге орай балаларға дастархан жайылды. Одан әрі тәрбиеленушілер мысты шаһарға лимузинмен саяхат жасап, «Лимпопо» ойын-сауық орталығына және «Адал фудс» кафесіне қонақ болды.

Шара соңында балалар қонақтарға алғыс ретінде өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын сыйға тартты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ТҰЛҒА ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

**№ 12 «Салтанат» бөбекжайында Тұңғыш Президент күніне орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Берері мол кездесулерге бөбекжай бүлдіршіндері, тәрбиешілерімен қатар ата-аналар да қатысты.**




Желтоқсан айының бірі қазақ күнтізбесі үшін жаңа мемлекеттік мерекемен – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнімен толыққаны белгілі. 1 желтоқсан – тарихымыздың ақ парағы ашылған күн. Тәуелсіздікті тұғырына қондырған, елді бірлікке шақырған күн. Елбасының халықтың әлеуметтік игілігіне бағытталған мемлекет құру жолындағы күш-жігерін ескере отырып, дәл осындай жоғары дәрежелі құрметке лайық тұлға екеніне ешкімнің дауы бола қоймас.

Еліміздің Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік шара бөбекжайда өте жоғары дәрежеде екі күн бойы аталып өтті. Алғашқы күні бөбекжайымыздың барлық топтарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Барлық топ бөлмелері мерекеге сай безендіріліп, Тұңғыш Президентімізге арналған буклеттер қойылып, ата-аналарға құттықтаулар ілінді. Бүлдіршіндеріміз Н.Ә.Назарбаевтың өмірінен мәлімет алып, Елбасына жыр-шумақтарын арнады, патриоттық әндерді шырқады, ойындар ойнап, би де биледі.

Екінші күні «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды. Мерекелік ертеңгілігіміз бөбекжай тәрбиешілерінің «Елбасының дүниеге келуі» көрінісімен басталды. Қойылымға бөбекжай тәрбиешілері А.С.Малгелдина, Г.Е.Камбасова, Г.С.Тілегенова, С.Ж.Жанпейсовалар қатысып, кейіпкерлер рөлін шеберлікпен сомдап шықты. Қойылымда сәбиге ат қою, балаға бата беру, шілдехана тойы, тойға шашу сияқты қазақ халқының салт-дәстүрлері көрініс тапты.

Бөбекжай бүлдіршіндері кішкентай жүректерінен шыққан Елбасыға деген зор ілтипаты мен құрметтерін ән-шашумен, бимен, жыр-шумақтарымен жеткізіп, бейбітшілік заманда өмір сүріп жатқандығы үшін зор алғыстарын білдірді. Бөбекжайдың өнерлі балдырғандары «Алаш ұландары», «Шалқыма» атты ұлттық нақыштағы қазақ билерін орындады, «Отаным – Қазақстан», «Елбасы – ел бағы» әндерін шырқады. Бүлдіршіндер Н.Ә. Назарбаевтың «Ой бөлістім халқыммен» кітабынандағы нақыл сөздерінен үзінділерді де жатқа айтты. Кешіміздің соңы «Қазақстан патриоты», «Өзгерістер қуаты» деректі фильмін тамашалаумен аяқталды.

**Бекайым ӨТЕМБАЕВА,**
**бөбекжай тәрбиешісі**